Бекітемін:

---------------------

Мектеп директоры
С.М Издина
31 тамыз 2021 жыл

Келісемін:

---------------------------

оқу-ісі жөніндегі орынбасары:
А.Ж Аманшеева

Қаралды :

------------------------

Бастауыш бірлестік жетекшісі
А.Д.Қибасова

# «Жауқазын» шағын орталығының «Қошақан» ересек тобының 2021-2022 оқу жылының перспективалық жоспары

Тәрбиеші: Махмут М.М

**ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**

**Қошақан Ересек топ**

## қыркүйек айы

## Өтпелі тақырып «Балабақша»

**Мақсаты:** Балабақша – балалардың екінші үйі, онда уақытты топпен бірге қалай көңілді, қызықты өткізуге болатынын айту, балабақшадағы сыйластық туралы түсініктерін кеңейту, балалардың зеректігін, ойлау қабілетін дамыту. Топ ішінде ұйымдастырылған шараларға, ойындарға белсенді араласуға тәрбиелеу.

**Міндеттері:**

1. Қимыл әрекеттерін ұйымдастырудың түрлі нысандарында қимылдарды дұрыс орындау, негізгі қимыл түрлерін және денсаулықты сақтау негіздерін жетілдіру;
2. Ересектермен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту;
3. Сенсорлық қабілеттерін, танымдық қызғушылықтары мен шығармашылық қиялдарын жетілдіру;
4. Эстетикалық талғамдары және бейнелеу дағдылары мен музыкалық білімдерін кеңейту;
5. Отансүйгіштік сезімдерін күшейту және өзіне қызмет ету дағдыларын дамыту.

| Апта | Денсаулық-3<br>Дене шынықтыру-3 | Коммуникация-2,5<br>Сөйлеуді дамыту-1<br>Көркем әдебиет-0,5<br>Драма-0,5<br>Орыс тілі-0,5 | Таным-2,5<br>Жаратылыстану - 1<br>Қарапайым математикалық -1<br>Құрастыру- 0,5 | Шығармашылық-3,5<br>Музыка-1,5<br>Сурет-1<br>Мүсіндеу-0,5<br>Аппликация-0,5 | Әлеумет-0,5<br>Қоршаған ортамен танысу-0,25<br>Экология негіздері-0,25 |
|---|---|---|---|---|---|
| І апта | **1.Дене шынықтыру.**<br>**Тақырыбы:** Қуыршақтар дене шынықтыруды ұнатады:**Негізгі қимыл** «Сапта жүру»<br>**Мақсаты:**<br>Сапта бір-бірлеп жүру және жүгіру. Бір орында тұрып, екі аяқпен секіру. Сызықтар арасымен (15 см арақашықтық) тепе-теңдікті сақтап жүруге талпындыру. Балаларды алғырлыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу | **Сөйлеуді дамыту.**<br>**Тақырыбы:**Сүйікті балабақшам<br>**Мақсаты:**«Сүйікті балабақшам» тақырыбында балалардың пікірін тыңдау. Балаларды бір-бірімен,балабақшамен таныстыруды жалғастыру. Балаларды тыңдай және түсіне білуге, тез қабылдауға баулу. Тілін дамыту. Сыпайлыққа тәрбиелеу. | **Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:**«Балабақша ауласындағы қызанақ»<br>**Мақсаты:** Балабақша ауласындағы көкіністің бірі қызанақты бақылап,бақшада өсетіні туралы түсінік беру. Берілген сұрақтың нақты жауабын тауып, айта білуге үйрету.Табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру,қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.<br>**Дидактикалық ойын:** | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы**:«Менің тобымдағы шеңбер пішінді заттар»<br>**Мақсаты:**Топ бөлмесіндегі шеңбер пішінді заттардың суретін салуды үйрету.<br><br>қылқаламмен жұмыс істеуді;шығармашылық қабілеттерін, ой-қиялын дамыту, байқағыштығы мен көз мөлшерін, қолдың қимыл-қозғалыс | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қ/О: «Қуыршақтарға қонаққа бару»**<br>**Мақсаты:**<br>Ұйымшылдыққа тәриелеу,кеңістікті бағдарлау қабілеттерін дамыту.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: спорт залмен таныстру Негізгі қимыл«**Екі аяқпен секіріп тұру»<br>**Мақсаты:** Аланда тепе-теңдік сақтап жүруге үйрету. Ойындарды ойнауға және жаттығуларды орындауға қызығушылықтарын арттыру. Алаңға қарай екі аяқпен секіріп тұруға үйрету.<br>Балаларды алғырлыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Қ/О:«**Ақ серек-көк серек»**<br>**Мақсаты:** екі топқа бөлініп ойнауды үйрету, қарсы жақтың құрсауын үзіп, өз жағына көбірек ойыншы алып қайтуға баулу. Хормен қосыла ән айтуға тәрбиелеу.<br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** Қоянмен бірге ойнаймыз **Негізгі қимыл«**Бір орыннан ұзындыққа секіру»<br>**Мақсаты:** Бір орында тұрып екі аяқпен | **«Топ ішіне саяхат» ойыны**<br>**Мақсаты:**<br>Балабақшадағы бөлме атауларын дұрыс айтуды үйрету. Қызметкерлер мен таныстыру.<br>Балабақша және қызметкелер туралы тақпақтар айтқызу арқылы бүлдіршіндердің тілін дамыту.<br>Үлкендердің еңбегін бағалауға тәрбиелеу.<br><br>**Орыс тілі.**<br>**«Мой детский сад»**<br>**Цель занятия:**<br>Учить детей понимать вопросы на русском языке и давать правильные ответы; обучать правильному произношению гласных и согласных звуков русского языка; углубить знания об окружающих предметах; формировать навыки использования в речи имен существительных единственного и множественного чисела.<br>**Р/у: «О ком я рассказываю?»**<br>Цель: Узнать и назвать работника д/с на русском языке. Ответить на вопрос «Что он делает на | «Ғажайып қалта»<br>Мақсаты: көкөніс атауларын есте сақтауға үйрету. Есте сақтау қабілетін дамыту, белсенділікке тәрбиелеу.<br>**Қарапайым матиматика**<br>**Тақырыбы: «**Бір және көп. Үлкен және кіші»<br>**Мақсаты:**<br>Заттарды санына қарай салыстыру, бір зат пен көп затты айыру қабілетін нығайту; санаудың дұрыс тәсілдерін қолдана отырып, заттарды санау ( 2 саны көлемінде); солдан оңға қарай санау, сандарды ретімен атау, сан есімді зат есіммен сәйкестендіру; екі топтағы заттарды бір-бірімен салыстыру , оларды теңестіру; таныс заттарды көлеміне қарай ( үлкен , кіші ) салыстыру, оларды сол белгіліеріне қарай біріктіру; жұмбақты көрген мәліметтер негізінде шешуге үйрету;<br>**«Артық» ойыны.**<br>Шарты: Тәрбиеші үш заттың атын айтып тұрып, допты балалардың біреуіне лақтырады. Балалар айтылған үш заттың біреуі артық екенін айтуы тиіс. | үйлесімділігін қалыптастыру, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Д/О:«Қандай пішін?»**<br>**Мақсаты:** Балабақша бөлмесінен шеңбер пішініне ұқсас ойыншықтардың, заттардың аттары мен белгілерін балалармен бірге анықтауға баулу. Есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>**Музыка.**<br>Ән тыңдау: «Біз бақытты баламыз»<br>(Е. Хасанғалиев, Қайрат Жұмағалиев)<br>Ән айту: «Балдырған» әні(А.Асанов; Р. Архабаев)<br>Музыкалық ырғақты қимыл: «Калинка» биі<br>**Мақсаты:**Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдауды, бірдей қарқында ән салуға, бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын игеруді үйрету.<br>**Д/О: «Бес саусақ»**<br>Мақсаты: балардың саусақ бұлшық еттерін дамыта отырып саусақ жаттығуын жасауға үйрету.<br>. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұзындыққа секіруге үйрету. 2-3 рет жүрумен кезектестіре отырып, 10рет секіру. Жоғары қарай лақтыруға және қағып алуға жаттықтыру, бір бағытта бүкіл топ мүшелерімен бірге жылдам жүгіруге жаттықтыру.<br>**Қ/О: « Кім жылдам»**<br>**Мақсаты:** Қоңырау дауысы тоқтаған кезде біреуі дереу орамалды басына көтеріп алуы керектігін түсіндіру. Балалардың ойын кезінде жеңімпаздыққа ұмтылысын тудыру. | **Драма**<br>**Тақырыбы**: Кел, танысайық балабақшамен!<br>**Мақсаты:**Қарым-қатынас әдебінің қарапайым нормаларын меңгерту, сөз байлығын, сөйлеу дағдыларын жетілдіру, өзіне деген сенімділікті, басқалардың пікірін тыңдай білу, сөздегі дыбыстарды анық, дұрыс айту, диалогпен сөйлесе білу дағдыларын қалыптастыру, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.<br>**Ойын жаттығу:** «Таныс болайық»<br>**Мақсаты:** Өз есімдерін дұрыс айтуға үйрету. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Есімдерін үш дауыста және кезекпен айтуға тәрбиелеу. | **Құрастыру**<br>**Тақырыбы**:«Біздің балабақшаның ауласы»<br>**Мақсаты**:Балабақша ауласындағы құралдарды құрылыс материалдарынан жасай алуға үйрету,ауладағы құралдарды құрастыру арқылы ойлау қабілетін дамыту,өздері ойнайтын құрал-жабдықтарға ұқыптылықпен карауға тәрбиелеу.<br>**«Сәлем» саусақ ойыны**<br>Мақсаты: саусақ қимылдарын дамыту,сәлемдесуге үйрету,сөздік қорларын толықтыру,тілдерін дамыту. | **Мүсіндеу.**<br>Түрлі-түсті пирамидалар балабақшада<br>Мақсаты:Пирамида туралы түсінік беру;түстерді дұрыс ажырата алуға үйрету;шығыршық дөңгелектер жасауды үйрету,ұқыпты және таза жұмыс істеуге дағдыландыру. Тілдерін дамыту.Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Ойыншықтармен ұқыпты ойнауға тәрбиелеу.<br>Ойын: «пирамида жинау»<br>Мақсаты: пирамиданы жинау арқылы түстерді ажыратуға үйрету. | |
| **II апта** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы**: Қонжықпен бірге ойнаймыз (таза ауада)<br>**Негізгі қимыл**:Тепе-тендік<br>**Мақсаты:** Тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру. Балалардың зейінін дамыту, бірлікке баулу Түрлі тәсілдермен жүруге | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы**:«Біздің балабақшада» өлеңі. М.Әлімбаев.<br>**Мақсаты**: Балабақшадағы сыйластық туралы түсініктерін кеңейту. Ұжымдық қарым-қатынас дағдыларын дамыту. | **Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы**:«Балабақша ауласындағы гүлдер»<br>**Мақсаты**: Балабақша ауласындағы гүлдердің аттарын айтқызып,оларды ажыратып,атауға үйрету. Тұқымын жинауға баулу. Қолдың ұсақ бұлшық | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы**:«Балабақша дағы түрлі-түсті шарлар»<br>**Мақсаты :**Балаларға дөңгелек, сопақ пішінді салуды үйрету. Үйрету, пішіндерді атап, ажырата білуге, есте сақтау қабілеттерін | **Қоршаған ортамен танысу.**<br>**Тақырыбы**: «Балабақша бөлмесі»<br>**Мақсаты:** Балабақша ішінде орналасқан бөлмелерді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үйрету, балалардың зейіндерін дамыту.<br>**«Қу түлкі» ойыны.**<br>Мақсаты: 3рет әртүрлі дауыспен «Қу түлкі, сен қайдасың?» деп айқайлауға үйрету.<br>Бірігіп ойнауға тәрбиелеу.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы**: .Балақайлар<br>**Негізгі қимыл:**Жүруді жүгірумен, жүгіруді жүрумен алмастыру.<br>**Мақсаты:** Жүруді жүгірумен, жүгіруді жүрумен алмастыруды үйрету. Жылдамдық және ептіліктерін дамыту.Ұзындыққа қапшықты лақтыруға жаттықтыру.<br>**Қ/О:«Мені қуып жетіңдер!»**<br>Мақсаты: Жылдамдыққа,шапшаңдыққа үйрету.<br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы**: Марғаулар<br>**Негізгі Қимыл**<br>Бөрененің үстінде жүру<br>**Мақсаты:** Бөрененің үстінде жүруді үйрету.<br>Допты лақтыру және допты қағып алу дағдыларын дамыту.<br>Ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**«Күн мен жаңбыр» ойыны.**<br>Мақсаты: Көңілді ойнап | Құрметпен пен сүйіспеншілік сезімдеріне, өзара сыйластыққа тәрбиелеу.<br>**Сюжетті рөлдік ойын «Ойыншықтар дүкені»**<br>Мақсаты: Дүкенші мамандығымен таныстыру,тілдерін дамыту, балаларды еңбекке, еңбекті құрметтей білуге, сыпайылыққа баулу.<br>**Сөйлеуді дамыту.**<br>**Тақырыбы**:«Балабақшадағы сүйікті ойыншығым»<br>**Мақсаты:**<br>«Балабақшадағы сүйікті ойыншығым» тақырыбында әңгімелесу. Әр баланың ойын еркін жеткізуге, жаңа сөздерді меңгертуге баулу. Эстетикалық талғамын арттыру;<br>**«Суреттегенді тап» ойыны.**<br>Мақсаты: Тәрбиеші үстелдің үстінде тұрған бір ойыншықты суреттейді. Балалар қандай ойыншық жайлы айтылғанын табуға мүмкіндік жасау. | еттерін дамыту.Гүлдерді жұлмауға, гүлдерге аялы көзқараспен қарауға тәрбиелеу.<br>**Ойын:** «Табиғатты аялайық»<br>**Мақсаты:** Табиғат туралы білімдерін тиянақтау.<br>Табиғат туралы тақпақтар, тыйым сөздер айтқызып тілдерін дамыту.<br>**ҚМ**<br>**Тақырыбы:** «Заттар тобын салыстыру»<br>**Мақсаты:** 4 көлеміндегі заттарды санауға үйрету; үлгі бойынша санау , екі топтағы заттарды теңестіру, жыл мезгілдері (күз) туралы түсінігін нығайту; заттың орналасу ретін сөзбен баяндай алу, қағаз бетінде бағдарлай алу қабілетін нығайту.<br>**«Ненің баласы»** ойыны<br>Мақсаты:<br>Балалардың «биік», «аласа» ұғымдары туралы түсініктерін бекіту.<br>Жабайы және үй жануарлары туралы білімдерін кеңейту. | дамыту, қылқаламмен жұмыс жасауды үйрету, көрсету, досының жұмысын бағалай білуге тәрбиелеу.<br>**Д/О:**«Кім тез үрлейді?»<br>**Мақсаты:** Ауада қолдарымен шарды бейнелеп,көздеріне елестете үрлеуге дағдыландыру.<br>**Музыка**<br>Ән айту:«Достық» (Өлеңін жазған: Е. Елубаев; музыкасын жазған: И. Нүсіпбаев)<br>Музыкалық ырғақты қимыл: «Серуендейміз билейміз»<br>**Мақсаты:**Түрлі сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдауға, есте сақтауға, әнді сергек, ширақ, әндете, айтуға, әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындауға үйрету.<br>**Д/О**:«Домбыра алу»<br>**Мақсаты:** балалардың ән тыңдап ырғақты қимылдарды, бұрылу сол жаққа және он жаққа жасауды үйрету.<br>**Музыка**<br>Ән айту:«Достық» (Өлеңін жазған: Е. | салыстыруға үйрету.<br>Балабақша бөлмесінде,аулада еркін бағыт-бағдар жасау,топ бөлмесінде және тұрмыста заттарда дұрыс қолдану іскерліктерін жетілдіру .Есте сақтау,ойлау қабілеттерін дамыту.Ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Д/О: «Орналастыр»**<br>Мақсаты: Қиылған жиһаздар мен заттарды өз бөлмелеріне рет-ретімен қойып, жабдықтауға үйрету, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Бір-біріне көмектесуге тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жүріп, белгі берісімен қолшатыр астына кіруге үйрету. | | | Елубаев; музыкасын жазған: И. Нүсіпбаев) Музыкалық ырғақты қимыл: «Серуендейміз билейміз» **Мақсаты:**Түрлі сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдауға, есте сақтауға, әнді сергек, ширақ, әндете, айтуға, әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындауға үйрету<br><br>**Аппликация** **Тақырыбы**:Сүйікті қонжығыма арналған пирамида Мақсаты:Балабақшада-ғы ойыншықтар туралы түсініктерін кеңейту. Ойыншықтың бейнесін көшіріп, аппликация жасау. Тілдерін дамыту. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Ойыншықтармен ұқыпты ойнауға тәрбиелеу. **Д/О«Ойыншықтар»** Шарты:Тәрбиеші «доп» дегенде балалар доп сияқты секіреді, | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **III апта** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыб:** Тентек тышқандар<br>**Негізгі қимыл:** Баскетбол ойынның элементтері<br>**Мақсаты**: Допты екі қолмен қағуға үйрету. Спортқа деген қызығушылықтарын арттыру.Допты еденге соғуға жаттықтыру; жүргізішіні ауыстырып, түрлі бағыттарда жүруге жаттықтыру.Балаларды алғырлыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>**Қ/О:** : «Мысық пен тышқандар». Мақсаты: тақпақтың мәтініне сай дене қимылын жасауды үйренуді жалғастыру.<br>2.**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**.Айгүл есімді қуыршақпен танысу **негізгі қимыл**:Допты домалату<br>**Мақсаты:**Жан-жаққа шашырап жүру және жүгіру түрлерін үйрету. Ептілік және жылдамдық тәрізді қасиеттерді дамыту. Бір бағытты ұстап,допты бір-біріне домалату дағдыларын бекіту.<br>**«Көңілді маймылдар»**<br>Мақсаты: балаларға еркіндік бере отырып тыңдауға,тәртіпке шақыру | **Сөйлеуді дамыту**<br>«Балабақшадағы ыдыстар»<br>**Мақсаты**: Сөйлеу кезінде «ыдыстар» деген жалпылауыш сөзді қолдана білуге үйрету. Ыдыстар туралы түсінік беру.Сөзді дыбыстау мәдениетін тәрбиелеуге арналған дидактикалық ойындарды қолдану арқылы сөздік қорларын дамыту. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**«Заттарды сипатта»** ойыны.<br>Мақсаты: Ыдыстар бөліктерін толықтырып оны сипаттауға үйрету.<br>**Орыс тілі**<br>«Мои любимые игрушки»<br>**Цель занятия:**<br>Учить детей понимать вопросы на русском языке и давать правильные ответы, называть игрушки на русском языке. Развивать слуховое и зрительное внимание, словесно-логическое мышление, тонкую ручную моторику. Воспитывать бережное отношение к игрушкам.<br>**Д/и:«Чего нестало?»**<br>Цель: дети отвечают на | **Жаратылыстану**<br>«Балабақша бөлмесіндегі өсімдіктер және оларды күту»<br>**Мақсаты:**<br>Балалардың бөлме өсімдіктері туралы білімдерін бекіту (атауы, құрылысы). Өсімдіктерді салыстыра білу, олардың айырмашылығы мен ұқсастығын таба алу, олардың өсуіне қажетті жағдаймен таныстыру. Өсімдіктер туралы білімдерін дамыту. Әңгімеге араласа білуге, өз көзқарасын айта алуға тәрбиелеу. Өсімдіктерді өсіруге, күтуге деген қызығушылықтарын арттыру.<br>**«Гүлдер» имитациялық ойыны.**<br>Мақсаты:Өздерін еркін ұстауға, ойларын еркін жеткізуге үйрету.<br><br>**ҚМ**<br>Тақырыбы: «Заттың мөлшерін санмен сәйкестендіру»<br>**Мақсаты:**<br>Сан мен заттың санының арасындағы сәйкесікті анықтау;заттарды санау қабілетін нығайту(5 саны көлемінде);заттардың көлеміне қарай | **Сурет салу**<br>«Балабақшадағы қуыршаққа арналған алжапқыш»<br>**Мақсаты** :Сәндік қолданбалы өнер түрлерімен таныстыруды жалғастыру, ұлттық сәндік қолданбалы өнерге деген қызығушылықтарын арттыру,алжапқыштың жиегіне өрнектерді дұрыс орналастыра білуге, түсіне қарай сәндік өң бере білуге жаттықтыру. Ою-өрнектің әдемілігне мән беру арқылы көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеу.<br>**«Алжапқыштарды жуайық және ілейік» ойыны.**<br>Мақсаты:Тәрбиеші балаларға қатты қағаздан жасалған алжапқыштарды алып,жуып, оны жіпке ілуді түсіндіру.<br><br>**Музыка**<br>Ән тыңдау: «Ойыншық»<br>Ғ. Жұбанова<br>Ән салу: «Ойыншықтар»<br>И. Нүсіпбаев.<br>Муз ырғақты қимыл: «Қуыршақпен билейміз»<br>**Мақсаты:** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | арқылы шыдамдылыққа,бірлесе қимылдауға үйрету.<br>3.**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы**: Ертегіде қонақта:**Негізгі қимыл:**Қапшықты нысанаға лақтыру<br>**Мақсаты:** Қапшықты нысанаға лақтыруға үйрету.<br>Көзбен мөлшерлей білуді дамыту.<br>Гимнастикалық баспалдақпен өрмелеуге жаттықтыру<br>**Қ/О:** «Әрбір дәнді өз қабына сал», «Көлбақа қоңыздарды теруде», «Түлкі, тауық және әтештер», «Қояндар мен қасқыр». Мақсаты: тек белгі берген кезде ғана қимыл жасауды үйретуді жалғастыру, қимыл-қозғалыстардың үйлесімділігін қалыптастыру<br>. | вопросы коротким предложением, закрепление темы игрушки.<br>**Драма**<br>**Тақырыбы**:<br>Балабақшадағы қуыршақтарды сөйлеуге үйретеміз<br>**Мақсаты:**<br>Дұрыс сөйлеуді үйрету,<br>тілдегі дыбыстарды дұрыс айту біліктерін жетілдіру,<br>байланыстырып сөйлеуін дамыту,<br>тапсырмаларды орындай отырып сезім ырғағы мен қимыл-қозғалыс үйлесімділігін сақтауды қалыптастыру,<br>достық қарым-қатынасқа және өзара көмек көрсетуге тәрбиелеу.<br>***Ойын-жаттығу:***<br>«Айтамыз және көрсетеміз»<br>**Мақсаты:**<br>Жаттығуларды бірге жасауға үйрету. Тілдерін дамыту.<br>Жылдамдыққа тәрбиелеу. | (үлкен,кіші,кішкентай) салыстыруға және сол сөздерді сөйлеу барысында қолдануға үйретуді жалғастыру.<br>Заттардың ұқсас белгілерін (көлемі) аныктап,оларды сол белгілері арқылы біріктіруге үйрету.<br>Геометриялық пішін – шаршы туралы өткенді пысықтау. Шаршының көлемі әртүрлі болатынын түсіндіру.<br>**Санамақ жаттау.**<br>Бір дегенім – білім,<br>Екі дегенім – елім<br>Үш дегенім – үміт<br>Жүрейік әрқашан күліп.<br>**Құрастыру**<br>Тақырыбы:Балабақша-дағы жиһаздар<br>**Мақсаты:**Жиһаз жайлы білімдерін бекіту,жиһаз түрлерімен оның пайдасы туралы мағлұмат беру.Жиһаз құрастыруды құрылыс материалдарын пішіндеріне және түстеріне сәйкес дұрыс таңдап,пайдалана білуге үйрету, үй жиһаздарын ұқыпты ұстай білуге тәрбиелеу.<br>Д/О: «Не артық»<br>Тақтада ілулі тұрған жиһаздардың арасын. | Ойыншықтардың зат екенін балаларға түсіндіру. Ән –күйлерді тыңдату, қабылдау,есте сақтау және музыкалық жанрды ажырата білуге үйрету.<br>**Д/О**: «Қасқыр мен көжек»<br>Мақсаты: Баяу әуенімен ойнап жүріп қашу, қуып жетуге үйрету.<br><br>**Мүсіндеу**<br>Балабақша ауласына түрлі түсті шарбақ жасаймыз<br>**Мақсаты:**<br>Шарбақ туралы түсінік беру.<br>Түстер туралы білімдерін бекіту.<br>Саусақ пен алақан қозғалыстарын пайдалану арқылы ұсақ қол қимылдарын дамыту.<br>Еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.<br>Ойын «Қоршау»<br>Мақсаты: Үй жануарлары туралы білімдерін толықтыру.<br>Үй жануар<br>-ларына шарбақтарды пайдаланып қоршау жасауды көрсету. | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **IV апта** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы**: .Балалар достығы – аңдар достығы<br>**Негізгі қимылдары:** Алға қарай екі аяқпен секіру(2 метр қашықтыққа). Тоқтап тұрып және тапсырманы орындай отырып (өзін айнала отырып) жүгіру. 4 метр қашықтыққа тіке бағытта төрттағандап еңбектеу<br>Мақсаты:алға жылжи отырып секіру дағдысын қалыптастыру<br>**Ойын: «Доп кімде?»**<br>Мақсаты: Жасырылған допты табуға үйрету. Ойын ережесін сақтауға үйрету.<br>**2.Дене шынықтыру26.09**<br>**Тақырыбы:**.Түрлі түсті доптар<br>**Негізгі қимылдары**: Допты 1 метр қашықтықта орналасқан қақпа арқылы домалату(ені – 60 см). 2 метр қашықтыққа алға қарай екі аяқпен секіру.<br>Мақсаты:допты домалату дағдысын қалыптастыру.<br>**Қ/О**<br>**«Өз орныңды жылдам тап!». Мақсаты: музыка ойнаған сәттен-ақ қимыл-қозғалысты бастай білуге жаттығу, кеңістікте бағдарды айқындауды жетілдіру.**<br>.<br>**3.Дене шынықтыру.**<br>**Тақырыбы:** Менің көңілді добым **Негізгі** | **Көркем әдебиет.**<br>«Ойыншықтар»(өлең)<br>Нұрсұлтан Әлімқұлов<br>**Мақсаты:** Өлең мәтінін түсініп, жатқа айта білуге үйрету,ой-өрісін дамытып, ойыншықтарды күтіп ұстауға тәрбиелеу.<br>**Танымдық ойын:**<br>«Сипаттап бер»<br>Мазмұны: Балалар бір-бірден шығып, сиқырлы қорапша ішінен, ойыншықтарды алып,әңгімелеп, сипаттап айтып береді.<br>**Сөйлеуді дамыту.**<br>**Тақырыбы**:Балабақша-дағы жиһаздар<br>**Мақсаты:**«Жиһаздар» жалпылауыш сөзімен таныстыру. Жиһаздардың атау, түсі,пішіні,не үшін қажет екенін айта білуге үйрету. Тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну дағдыларын қалыптастыру. Сөздік қорларын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Д\О «Орнын тап»**<br>Мақсаты: заттардың топ бөлмесіндегі орнын тауып қоюға үйрету, жинақылыққа баулу,есте сақтау қабілеттерін | **Жаратылыстану**<br>Балабақша ауласындағы қара ағашпен сирен ағашын бақылау.<br>**Мақсаты:**<br>Күзгі табиғатты бақылау кезінде қарапайым өзгерістерді атай білуге және өздерінің сезімдері туралы әңгімелеуге үйрету. Қара ағаш және сирен ағашымен таныстыру. Қара ағаш және сирен ағашының жапырақтары мен діңінің ерекшелігіне қарап басқа ағаштардан ажыратып, атай білуге үйрету. Олардың жапырақтарының түсіне назар аударып, көктемгі уақыттағы жапырақтармен салыстыру. Табиғаттың әсемділігін тамашалай білуге тәрбиелеу.<br>**Психологиялық жаттығу:**«Мен – ағашпын»<br><br>**ҚМ**<br>**Тақырыбы**:«Сандарды салыстыру»<br>**Мақсаты:** Заттарды дұрыс санауға үйретуді әрі қарай жалғастыру; екі топтағы заттарды | **Сурет салу**<br>Тәрелкені әшекейлеу<br>**Мақсаты**:Балаларды белгілі бір тұтынатын бұйымдардың пішініне сәйкес ою-өректермен тәрелкені әшекейлей білуге үйрету,қағаз бетіндегі кеңістікті дұрыс пайдалануды, нүкте арқылы ою жасауды, әсемділікті қабылдай білуге тәрбиелеу.<br>**Ойын:** «Қуыршақта не жоқ?»<br>Мақсаты: Қуыршақты тамақтандыруға қандай заттар керек екенін табуға үйрету. Есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>**Музыка**<br>Ән тыңдау:<br>Ән салу:«Сағат»<br>Басыр Жүсібалиев.<br>Музыкалық қимыл – қозғалыс:«Жалаушамен жаттығу»<br>Би: «Қуыршақпен билейміз»<br>Мақсаты:<br>Әнді тыңдап, сезіне білуге, ән мазмұнына әңгімелеп айтуға дағдыландыру, дыбыс биіктігі, тембрі туралы ұғымын қалыптастыру. | **Экология негіздері.**<br>**Тақырыбы**:<br>Бала-бақша ауласындағы күзгі ағаштарды бақылау.<br>**Мақсаты:**<br>Күзгітабиғатты бақылау кезінде қарапайым өзгерістерді атай білуге және өздерінің сезімдері туралы әңгімелеуге үйрету. Терек және үйеңкі ағашымен таныстыру. Терек және үйеңкі ағашының жапырақтары мен діңінің ерекшелігіне қарап басқа ағаштардан ажыратып, атай білуге үйрету. Ағаштардың экологияға оңды әсерін түсіндіру<br>**Ойын: «Кім тапқыр»**<br>Мақсаты:<br>Ағаштан жасалған заттарды тауып қоршауға үйрету. Жаңылыспау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **қимыл**:Доппен жұмыс<br>**Мақсаты:**<br>Бір-біріне допты кеуде тұсынан лақтыруға үйрету. Ойындарды ойнауға және жаттығуларды орындауға қызығушылықтарын арттыру. Қолды әртүрлі қалыпта ұстап, қапшықты басқа қойып, жіптің үстімен жүруге жаттықтыру.<br>**«Допты кәрзеңкеге түсір»**<br>Мақсаты: допты лақтыруды үйрету. | дамыту. | салыстыруға үйрету; саны жағынан аз топқа жетпей тұрған заттарды қосуды үйрету; саны жағынан бірдей, бірақ әртүрлі топтардан құралған заттар арасындағы теңдікті анықтау; тәулік бөліктері туралы білімін нығайту; заттардың орналасуын сөзбен баяндауға үйрету. (сол жақта, ортада, оң жақта)<br>**Ойын:** «Қайда орналасқан?»<br>Мазмұны: Аюдың оң жағында ит, сол жағында қоян, артында қонжық, алдында күшік.<br>«Қайда орналасқан?» сұрағына жауап беруге үйрету. | Еліне, туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру.<br>Әдіс-тәсіл:Ән тындатқызу, ән айту, қимыл- қозғалысты жасау, затпен би билеу, ойын ойнатқызу.<br>Д/О: «Шанырақ»<br>Шарты: залдың ортасында жасанды шаныpақтар тұрады. Балалар әуенмен би билеп (қара жорға, калинка, лезгинка..) әуен тоқталған соң әр бала өзі шанырағын көтеріп орнына орналасуы кажет.<br>**Музыка**<br>Ән тыңдау:Ән салу:«Сағат»<br>Басыр Жүсібалиев.<br>Музыкалық қимыл – қозғалыс: «Жалаушамен жаттығу»<br>Би: «Қуыршақпен билейміз»<br>Мақсаты: Әнді тыңдап, сезіне білуге, ән мазмұнына әңгімелеп айтуға дағдыландыру, дыбыс биіктігі, тембрі туралы ұғымын қалыптастыру. Еліне, туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру.<br>**Аппликация.**<br>«Балабақшадағы | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | аквариумдағы балықтар»<br>Мақсаты: Аквариумда балықтар,ұлулар,өсімдіктер болатыны туралы түсіндіру;балалардың елестете білу қабілетін дамыту.Тілдерін дамыту.Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру.Табиғатты аялауға тәрбиелеу.<br>«Балықтар»ойыны<br>Мақсаты:Балық бетперделерін киіп, баяу әуенмен бөлме ішінде балыққа ұқсап қозғалып су ішінде жүргендей жүзуг | |

**Қазан айы**

**Өтпелі тақырып « Жомарт күз!»**

**Мақсаты: жомарт күз-бау,бақша мен алқаптардан жинатылатын астық туралы балалардың білімін қалыптпстыру,еңбек адамдары**

**Міндеттері:**

1. Көкіністер мен жемістерді ажыратып,топтастыруға үйрету.

•Ересектердің еңбегіне қызығушылығын дамыту.

•Қарапайым зерттеу жүргізу мен іздестіру әрекеттерін орындауға қызығушылығын тудыру.

•Күздік киім түрлері туралы түсініктерін кеңейту

| Апта | **Денсаулық-3**<br>Дене шынықтыру-3 | **Коммуникация-2,5**<br>Сөйлеуді дамыту-1<br>Көркем әдебиет-0,5<br>Драма-0,5<br>Орыс тілі-0,5 | **Таным-2,5**<br>Қарапайым математикалық - 1<br>Құрастыру- 0,5<br>Жаратылыстану - 1 | **Шығармашылық-3,5**<br>Музыка-1,5<br>Сурет-1<br>Мүсіндеу-0,5<br>Аппликация-0,5 | **Әлеумет-0,5**<br>Қоршаған ортамен танысу-0,25<br>Экология негіздері-0,25 |
|---|---|---|---|---|---|
| **І апта** | **1.Дене шынықтыру Тақырыбы:**<br>.Жол бойымен жүгіремін...<br>**Негізгі қимылдары:** тоқтап тұрып және тапсырманы орындай отырып (орындыққа шығып, тепе-теңдікті сақтау) жүгіру. Кедергілердің арасынан «жыланша» бауырлап жорғалау.<br>Мақсаты:жүгіру түрлерін үйрету,қимыл үйлесімділігін дамыту**«Көрдік-көрмедік» ойыны.**<br>Мақсаты: тәрбиешінің сұрағына тез жауап беріп, көрген, көрмегендерін айтуға үйрету.<br>2.**Дене шынықтыру Тақырыбы:;** Көңілді торғайлар (таза ауада)<br>**Негізгі қимылдары:** | **Сөйлеуді дамыту.**<br>Бау-бақша бақтарда<br>**Мақсаты:** Балалардың сөздік қорын заттың сапасы мен құрамын білдіретін (көлемін, түсін, пішінін) сөздермен байыту, балалардың сөздігіне көкініс пен жеміс туралы жалпы түсінікті білдіретін сөздерді енгізу.Дыбыстарды анық айтуға баулу. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**Ойын «Не жегеніңді тап!»**<br>Мақсаты: жемістер атауларын бекіту,сезім мүшелерінің қызметтерін | **Жаратылыстану**<br>күз келді.<br>**Мақсаты:** табиғаттағы маусымдық өзгерістер және жыл мезгілдері туралы түсініктерін қалыптастыру. Табиғаттағы ауа райының жайын бақылауды және бақылау нәтижелерін табиғат күнтізбесіне белгілей білуді үйрету. Қарапайым дербес тәжірибе әрекетін ұйымдастыру арқылы балалардың түсініктерін дамыту. Құрдастарына достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>**«Күз бен қысты салыстыр» ойыны**<br>Мақсаты: Тәрбиеші сөйлемді | **Сурет салу**<br>«Алма ағашы»<br>**Мақсаты:**Саусақтарын бояуға батырып қызыл,сары алмаларды, жапырақтарды бейнелеуге үйрету, саусақ моторикасын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**«Көкөністер мен жемістер» ойыны**<br>Мақсаты: Сиқырлы қорап ішінен көкөністер мен жемістерді ажыратуға дағдыландыру, шапшаңдыққа үйрету | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | кедергілердің арасынан «жыланша» ирелеңдеп жүріп өту. 15 см биіктіктен тереңдікке секіру.<br>Ойын: «Торғайлар мен мысық». Мақсаты: үйлестіру қабілетін дамыту, мәнерлеп қозғалуға үйрену.<br>3.**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**Достығымыз жарасқан :**Негізгі қимылдары**: Алға қарай екі аяқпен секіру(арақашықтық – 2 метр). 4,5 метр қашықтыққа тура бағытпен төрттағандап еңбектеу.<br>Мақсаты:алға жылжи отырып секіру дағдысын қалыптастыру **Ойын:** «Балапандар». Мақсаты: жалтарып кету арқылы жүгіруге жаттығу, музыка ырғағына сай қозғала білуге жаттығуды бекіту.<br>. | дамыту.<br>**Орыс тілі.**<br>**Темы:** Овощи и фрукты<br>**Цель занятия:**<br>Произносить правильно свистящие, шипящие (звуки русского языка. Формирование навыков использования в речи имен существительных единственного и множественного числа. Обучение стихотворений.<br>**Д/и: «Разложи правильно»**<br>Цель: Научить отличать фрукты от овощей, научить правильно произносить, обучить правильному произношению вкусовых качеств овощей или фруктов.<br>**Драма**<br>Шие тергенде<br>**Мақсаты:** әңгіменің мазмұнын түсіндіру арқылы сөздік қорын, ойлау қабілетін дамыту, дыбысын айтуды үйрету, сахналау барысында кейіпкердің бейнесіне еніп, олардың мінез-құлқын келтіру, түрлі эмоцияны білдіру үшін интонациямен | бастайды, балалар аяқтауға үйрету.<br>**ҚМ**<br>«1 саны»<br>**Мақсаты:** 1санының таңбасымен таныстыру; үлгіні пайдалана отырып 1 санын жазуды үйрету; 1 санын басқа сандардың арасынан ажырата білу.Геометриялық пішіндердің орналасу ретін түсіндіру.<br>**«Біреу-көп» ойыны**<br>Мақсаты:сөздерді көпше түрге айналдырып айтуға үйрету, «бір», «көп» сөздерін орынды қолдануға үйрету, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**Құрастыру**<br>Жапырақтардан жасалған балықтар<br>**Мақсаты:**Су асты патшалығы жайлы білімдерін кеңейту, су жәндіктерін жапырақтан жасалу жолдарын көрсете отырып, балықтың бөліктері мен таныстыру. Балаларды табиғи материалдарды дұрыс пайдаланып, балықты құрастыра білуге, ұқыпты жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Д/О**: **«Балық аулаймыз»**<br>Мақсаты:Магнитті қармақпен балық аулауды үйрету. Көру қабілетін | .<br>**Музыка.**<br>Өн тыңдау: «Құлыншақ» Ж. Тұрсынбаев<br>Өн салу: «Алтын күз» Бота Бесембаева<br>Ырғақтық қимыл: «Көк пар»биі<br>**Мақсаты:** Аспаптық пьесалардың қарама-қарсы әуендерін қабылдауға, әнді таза, түсінікті, көңілді айтуға, музыка бөліктерінің өзгеруіне қимылмен жауап беруге үйрету Күз туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>**Қ/о:** **«**Бес орамал»<br>Шарты: шеңберде бес орамал жатады, 6 бала сол шеңбер бойымен би билеп жүреді. Әуен тоқтатылғанан кейін балалар тез бір орамалды қолына алу керек, орамал жетпеген бала ойыннан шығады<br>**Мүсіндеу.**<br>«Алма мен алмұрт»<br>**Мақсаты :**Күзде пісетін жемістер туралы түсінік беру; алма мен алмұртты салыстыру арқылы | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | дыбыстауды қалыптастыру, адамгершілік нормалары тұрғысында тәрбиелеу<br>**Д/О: «Тез көрсет»**<br>Мақсаты:балалардың көкөністер туралы білімдерін арттыру, оларды суреттен тани білуге үйрету. | дамыту. Кезектесіп ойнауға тәрбиелеу. | пішініндегі айырмашылықты анықтау;ермексазды домалақтау,созу тәсілдерін қайталау. Тілдерін дамыту.Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Табиғатты аялауға тәрбиелеу.<br>Тренинг-ойын:**«Күн»**<br>**Мақсаты:** Еркін дем алуға, өз ойын толық жеткізуге баулу | |
| **II апта** | **1.Дене шынықтыру Тақырыбы.**<br>Сыйлық толы жәшік **Негізгі қимылдары:** еденге орнатылған тақтайшадатөрттағандап еңбектеу(ені – 25 см, ұзындығы – 2 метр). Допты екі қолмен кеуде тұсынан лақтыру Мақсаты:қол мен тізеге тіреп еңбектеу дағдысын қалыптастыру<br>**Ойын:** «Затты тауып көр». Мақсаты: залда кеңістіктің бағдарын айқындауды жетілдіру<br>2.**Дене шынықтыру Тақырыбы**.Кәнеки, аңдар, бізге құлақ салыңдар! (таза ауада) **Негізгі қимылдары:** қолдарын белінде ұстап,биіктігі 10 см кедергіден аттап өту арқылы тепе-теңдікті сақтай отырып, жолды жүріп өту. Сәкі | **Көркем әдебиет**<br>«Жапырақтар»<br>**Мақсаты:**Күзгі табиғат жөніндегі түсініктерін қалыптастыру, табиғат әсемдігін көре білуге, әңгімелеуге баулу, табиғатты қорғауға тәрбиелеу.<br>**Ойын: «Кім жылдам»**<br>Мақсаты: Шашылып жатқан жапырақтарды жылдам жинауға үйрету,санау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Жылдамдыққа тәрбиелеу.<br>**Сөйлеуді дамыту.**<br><br>З және С дыбыстары<br>**Мақсаты:** Балаларға З және С дыбыстарының дұрыс айтылуын түсіндіру, сөздердегі барлық дауысты және дауыссыз | **Жаратылыстану**<br>Мол өнім<br>**Мақсаты:** көкөністер мен жемістер туралы түсініктерін кеңейту. Бақша өсімдіктерін өсіру, оларға күтім жасауға қызығушылықтарын қалыптастыру. Тәжірибе жұмыстарын жасауға, нысандарды салыстыруға қызығушылықтарын дамыту. Табиғатқа қамқор қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>**«Төртіншісі артық» ойыны.**<br>Мазмұны: Лимон, мандарин, апельсин, доп**.** Ананас, **саңырауқұлақ,** алма, алмұрт.<br>**ҚМ**<br>Жылдам – баяу,үшбұрыш<br>**Мақсаты:** 1 саны туралы өткенді пысықтау, санды заттың санымен салыстыруға | **Сурет салу**<br>Күз бейнесі (Мазмұнды сурет)<br>**Мақсаты:**Балаларды табиғатты бейнелеу жанрымен таныстыру, балалардың күзгі табиғаттан өздері бақылағандарын суретте бейнелеп көрсете білу дағдыларын қалыптастыру, суретке мазмұн бере білуге және жіңішке қылқаламмен бүтін және жартылай сопақшадан тұратын бейне салу, жағу, басу арқылы жалпақ, жуан із қалдыруға,көлденеңнен жағыс әдісін пайдалануға үйрету. | **Қоршаған ортамен танысу.**<br>Күздік киімдер<br>**Мақсаты:**<br>Күздік киімдерді топтастыра білуге және ұл бала мен қыз баланың киімдерін ажырата білуге үйрету.Сөздік қорын молайту, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту.Өзіне-өзі қызмет етудің қарапайым дағдыларын меңгерту. Ұқыпты лыққа |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үстінде төрттағандап еңбектеу. Бір құрсаудан екінші құрсауға секіру. Мақсаты:тепе-теңдікті сақтау дағдысын қалыптастыру..<br>**Ойын:** «Қояндар мен қасқыр». Мақсаты: ептілікпен секіруге жаттықтыру, педагогтің нұсқауымен қимыл-қозғалысты орындай білуді жетілдіру.<br>3.**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**.Тиін балаларға қонаққа келді **Негізгі қимылдары:** тікелей созылып жатқан жіптің үстімен жүру. Ені 25 см, ұзындығы 2 метр еденге орнатылған тақтайшада алақан мен табанын тіреп төрттағандап еңбектеу. Мақсаты:арқанмен жүрген кезде тепе теңдікті сақтау дағдысын қалыптастыру<br>**Қ/о:«Қарама-қарсы жүгіріп өту»**<br>Мақсаты:Түстерді бекіту, жүгіру техникасын дамыту. | дыбыстарды анық айту білу біліктерін дамыту. Ізгі сөздерді күнделікті айта білуге дағдыландыру, үнемділікке тәрбиелеу.<br>**«Менің достарым» ойыны**<br>**Шарты:** балаларға карточкалар үлестіріп береді, тәрбиеші бір сөйлемді дауыстап айтады. Балалар қолындағы суреттер осы сөйлемге қатысты болса, онда тәрбиешінің жанына келеді.<br>Т:Менің достарым. Олар: қыста адамдарға дененің жылуын сақтап қалуға көмектесетін заттар.<br>Б:Тон, малақай, қолғап, етік, жылы шұлық, жемпір… | үйрету, жұмбақтарды көрген мәліметтер негізінде шешуді үйрету, тез, баяу туралы білімдірін пысықтау, таныс заттарды көлеміне қарай салыстыру және оларды сол көрген белгілеріне қарай біріктіру, үшбұрыштың көлемі жағынан әртүрлі болатыны туралы білімді қалыптастыру;<br>Д/О:**«Біреуі артық»**<br>Мақсаты: «Біреу – көп» ұғымын бекіту; ойлау қабілеттерін дамыту; заттарды топтастыра білуге үйрету. | Табиғатты қорғауға тәрбиелеу.<br>**Ойын: «Шапалақ»**<br>**Мақсаты:**«Көкөніс – дегенде шапалақ ұруды, жеміс – дегенде еденді тарсылдатуды үйрету.<br>**Музыка**<br>Ән тыңдау«Жасыл жалау»<br>(Өлеңін жазған:Ибрагим Нүсіпбаев; музыкасын жазған: Жақан Смаков):<br>Ән айту: «Күзгі вальсі»<br>Бота Бесенбаева<br>Музыкалық – ырғақты қимыл: «Мен қазақпын» би қимылдары<br>Мақсаты: Музыканы тыңдап, жуан жіңішке дыбыстарды ажырату. Әнді мәнерлеп айтқызу.<br>**Д/О:«Жәй және жылдам»**<br>Мақсаты: Ән мәтінің мазмұнына және ырғағына байланысты алақандарын шапалақтауға, аяқтарын тоқылдатуға үйрету.<br><br>**Музыка** | тәрбиелеу.<br>**«Не артық?»** ойыны<br>Мақсаты: Артық киімді табуға үйрету.Анық сөйлеуге баулу,тапқырлыққа тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Ән тыңдау«Жасыл жалау» (Өлеңін жазған:Ибрагим Нүсіпбаев; музыкасын жазған: Жақан Смаков):<br>Ән айту: «Күзгі вальсі»<br>Бота Бесенбаева<br>Музыкалық – ырғақты қимыл: «Мен қазақпын» би қимылдары<br>Мақсаты: Музыканы тыңдап, жуан жіңішке дыбыстарды ажырату. Әнді мәнерлеп айтқызу.<br>**Аппликация**<br>«Банкадағы қияр мен қызанақ»<br>**Мақсаты:**Көкөністің адам ағзасына пайдасы туралы мағұлмат беру;көкөніс түрлері туралы білімдерін кеңейту;бұрыштарын қайырып,шаршыдан шеңбер,тіктөртбұрыштан сопақ пішінді қиюды үйрету;назарлары мен ойлау қабілеттерін дамыту.Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Желім мен сулықты | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ұқыпты қолдану. Табиғатты аялауға тәрбиелеу.<br>**Қ/О:«Жиын,терін»**<br>Мақсаты:жемістерді бір себетке, көкіністерді екінші себетке жинауға үйрету. | | |
| **III апта** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы**:Біз саяхаттап жүрміз **Негізгі қимылдары:** irектеп қойылған жіп үстінде жүру. Бір-бірінің қолдарынан ұстап, шеңбер жасап жүгіру. Допты кеуде тұсынан екі қолмен лақтыру. Мақсаты:тепе-теңдікті сақтау дағдысын қалыптастыру.<br>**«Қу түлкі»**<br>Мақсаты: Шапшаңдыққа үйрету,шеңбер құру дағдыларын бекіту.<br>2.**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы.** Көжектерге арналған денешынық:<br>**Негізгі қимылдары**: допты екі қолымен бастан асыра лақтыру. Орнында тұрып ұзындыққа секіру (30 см)<br>**Мақсаты:**«Суық түсті» биологиялық белсенді нүктелерінің массажын қолдану арқылы балалардың дене шынықтыру 1 36 тыру жаттығуларын орындауға қызығушылығын қалыптастыру және қызығушылығын дамыту.<br>**«Мүсін жаса»** | **Сөйлеуді дамыту**<br>«Шалқан» ертегісі<br>Мақсаты: Әдеби кейіпкерлердің әрекеттері мен жүріс-тұрысын талдауға, оларға қабылдаған ережелерге сай баға беруге үйрету.<br>**Тілді дамыту ойыны:«Жаңылтпаш айтамыз»**<br>Мақсаты: Жаңылтпаштарды әртүрлі екпінде қайталауға үйрету.<br>**Орыс тілі**<br>Золотая осень<br>**Цель занятия:**<br>Расширение знаний о временах года и явлениях природы, учить детей называть детей овощи на русском языке. Воспитывать интерес к занятиям по русскому языку и аккуратность при самостоятельной работе. Произносить 1 правильно свистящие, шипящие(ж,щ,с,з) и сонорные (р,л) звуки | **Жаратылыстану**<br>Дастарқанға нан қайдан келеді?<br>**Мақсаты:** дәнді дақылдарды өсіру туралы түсініктерін қалыптастыру, нан және оны пісіру туралы білімдерін кеңейту. Балалардың білімге құштарлығын, зерттеу әрекетіне ұмтылысын дамыту.Ересектердің еңбегіне құрмет сезімін тәрбиелеу.<br>**«Кімге не керек?» ойыны**<br>Мақсаты:Тәрбиеші көрсеткен суреттерге назарын аударып, сол маманға сәйкес құралдырды табуға үйрету. Ойлау қабілетін дамыту.<br>**ҚМ**<br>«2саны»<br>**Мақсаты:**2 санымен таныстыру; 2 санының сандар қатарындағы орнын анықтау; 2 санын өзге сандардың арасынан таба алу қабілетін нығайту; өзіне таныс заттарды көлеміне, | **Сурет салу**<br>Алтын күз<br>**Мақсаты:** Күзгі табиғаттан алған әсерлерін қағаз бетінде бейнелеу. Күзгі ағашты, оның бөліктерін анық салуды үйрету. Ағаштың дінін төменнен жоғары қарай жіңішкеретінін, яғни жоғары жағы жіңішкеретінін, төмен жағы жуан болатынын айту, бұталарын, жапырақтарын көлденеңінен салуды үйрету, саусақ қимыл-қозғалыстарын еркін пайдалану, сызықтарды батыл жүргізу, түстердің үйлесімділігін сезінуге, заттың пішінін ұқсата салуға үйрету. Табиғатты қорғауға тәрбиелеу.<br>**«Тез көрсет!»** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсаты: Дене қимылдарын жетілдіру.Мүсін жасау қабілеттерін дамыту.<br>3.**Дене шынықтыру**<br>«Сылдырмақтар» ойыны<br>**Мақсаты:**Нұсқаушы ның белгісі бойынша бағытты ауыстырып жүру және жүгіруге жаттықтыру;Ойынның шартын түсіндіру. Негізгі қасиеттерді-шапшандық, ептілікті дамыту.<br>**«Сылдырмақ» ойыны.**<br>Мақсаты: Сылдырмақпен әртүрлі қимылдар жасауды үйрету. | русского языка.<br>**Д/и: «Чего не стало?»**<br>Цель: обучить правильному произношению; научить отвечать на вопросы короткими предложениями.<br>**Драма**<br>Жабайы алма (қуыршақ театры)<br>Мақсаты:балалардың тілін дамыту, сөйлеу мәдениеті мен ой-өрісін, дүниетанымын жетілдіру; баланың қиялын, есте сақтауын, шығармашылық қабілетін дамыту; әлеуметтік және эмоциялық дамуына жағдай жасап, әр баланың жеке-дара әртістік, шығармашылық қасиеттерін ескере отырып, өзін қоршаған ортаға, адамдарға, құрбыларына, өзіне деген қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру;достыққатат улыққа тәрбиелеу.<br>**Тақпақты әртүрлі екпінде айту.**<br>Кіші екен көк алма,<br>Үлкен екен қызылы.<br>Көк болса да бұл алма<br>Тіл үйірер – қызығы! | ұзындығына қарай (ұзын,қысқа) салыстыра алу дағдыларын дамыту, геометриялық пішін – сопақша туралы өткенді пысықтау,оны өзге пішіндердің арасынан табу.<br>**Д/О«Сиқырлы қалта»**<br>Мақсаты: Балаларды заттарды қолмен ұстап, санауға үйрету.<br>**Құрастыру**<br>Балапан<br>**Мақсаты:** жапырақтарды пайдаланып балапанның бейнесін жасай білуге үйрету, көркем безендіру арқылы ой-қиялын дамыту, ұқыпты жұмыс жасауға және балапанға қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.<br>Д/О:«Кім қалай дыбыстайды<br>**Мақсаты:** Үй құстарының дауысын ажыратуды үйрету | **ойыны. Мақсаты:** жемістермен көкіністер туралы тақпақ оқыған кезде тақпақта айтылған жемістермен көкіністердің суреттерін жылдам көрсету керек.<br>**Музыка**<br>Ән тыңдау: «Комбайыншы боламын» Д. Ботбаев, Б. Ғанибаев.<br>Ән айту: «Күз жомарт»<br>(С Өтетілеуов, Д Ботбаев)<br>Музыкалық – ырғақты қимыл: «Қолшатыр» би қимылдары<br>**Мақсаты:** Музыканы тыңдап, жуан жіңішке дыбыстарды ажырату. Әнді мәнерлеп айтқызу.<br>Д/о:«Қандай ырғақ»<br>Шарты: Балалар қол ұстасып, шеңбер жасай жүріп, әннің бірінші және екінші шумағын айтады: «Тоқ-тоқ-тоқ...», «Сарт-сарт-сарт...» сөздеріне тоқтап, ырғақты алақандарымен соғады.<br>**Мүсіндеу** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **Тақырыбы**: «Бақшадағы қияр мен қызанақ» Мақсаты:Көкөністің адам ағзасына пайдасы туралы мағлұмат беру; көкөніс түрлері туралы білімдерін дамыту; ермексазды алақан арасына салып есу,домалақтау тәсілдерін меңгеру. Тілдерін дамыту. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Көкөністі жуып жеуге тазалық сақтауға тәрбиелеу. **Д/О: «Сиқырлы қорап»** Мақсаты:Көкіністерді қораптың ішінен көрмей,сипап-сезу арқылы табуға үйрету. | |
| **IV апта** | **1.Дене шынықтыру.** **Тақырыбы:.Ойын ойнауды ұнатамыз:** **Негізгі қимыл:**Орындықта орындалатын жаттығулар **Мақсаты:**Тепе-тендікті сақтау қабілетін дамыту. Қозғалыс белсенділігіннің уақытын кеңейту. | **Көркем әдебиет.** «Күзде» **Мақсаты:** Күз мезгілі туралы түсінік беру. Өлеңді тыңдап,өз түсінігін жүйелі айтып беруге баулу. Жұмбақтарды шешу арқылы балалардың қиялын, тілін дамыту. | ***Жаратылыстану*** Алтын жапырақ төккен күз **Мақсаты:** күз мезгіліндегі табиғат құбылыстарын (жапырақтардың түсуі) бақылау, бақылау нәтижелерін табиғат күнтізбесіне түсіре білу дағдыларын қалыптастыру. | **Сурет салу** Күздің сыйы **Мақсаты** : Алманың суретін сала білуді үйрету. Алма жемісін салуда өз еркімен бояу түстерін таңдай білу. Жоғарыдан төмен қарай | **Экология негіздері.** «Саңырауқұлақ-тар» **Мақсаты:** Саңырауқұлақ-тардың табиғаттағы және адам |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Қимыл-қозғалысты үйлесімді ету қабілетін дамыту.<br>**«Нысанаға дәл тигізу»ойыны.**<br>**Мақсаты:**Қата-қатар тұрған кегельдерді доппен құлатуға үйрету.Мергендік қабілеттерін дамыту.<br>2.**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы; .Ауылға сапар шегеміз**<br>**Негізгі қимыл**:Оң және сол қолмен лақтыру<br>**Мақсаты:**Көлденең қойылған нысанға затты лақтыруды үйрету. Балаларды зерек болуға және бір-біріне қажетіне қарай көмек беруге үйрету. Көзбен мөлшерлей білу дағдысын және қимыл қозғалыс үйлесімділігін дамытуға ықпал ету.<br>**Қ/О**:**«Қоңыздар ұшты»**<br>Мақсаты:Қоңыздарға ұқсап ұшуды үйрету.<br>3.**Дене шынықтыру.**<br>Бастаушыны ауыстырып жүру және секіру<br>**Мақсаты:**Бір орында тұрып секіруге жаттықтыру.<br>Нұсқаушының берген белгісіне қарай жылдам әрекет етуге үйрету.Гимнастикалық орындық үстінде | Табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру**.**<br>**«Иә» немесе «жоқ»** ойыны.<br>Мақсаты:Күз мезгілінің ерекшеліктерін тауып «иә» деп жауап беруге үйрету.<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>Кішкентай бағбан.)М.Төрежановтың әңгімесін әңгімелеу)<br>**Мақсаты:** Мәтіннің мән-мағынасын бұзбай әңгімелеуді үйрету, балаларды сын есім мен зат есімнен туған сөздердің дыбысталуына қарай көңілдерін аудару.<br>Тілдік қорын байыту, дамыту.<br>Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**«Телефон» ойыны.**<br>Мақсаты: Сыбырлап сөйлеуге үйрету. Тілдерін дамыту. | Табиғат құбылыстарына танымдық қызығушылықтарын ояту.<br>Достық қарым-қатынастарын, табиғатқа деген қамқор көзқарасын тәрбиелеу.<br>**Д/о:**«Қай ағаштың жапырағы?»<br>Кілем үстінде ағаш жапырақтары жатыр. Қораптарда балаларға таныс ағаштар бейнеленген. Белгі бойынша балалар кілемдегі жапырақтарды жинап, осы жапырақ қай ағаштан түсті деп ойласа, сол ағаш бейнеленген қорапқа салады.<br>**ҚМ**<br>Жақын-алыс<br>**Мақсаты:**2 саны туралы алған білімдерін бекіту; санды заттың санымен сәйкестендіре білуге үйрету;жұмбақтарды көрген мәліметтерге сүйене отырып шешу; 1,2,3 санынын заттың санымен салыстыруды әрі қарай жалғастыру; «алыс», «жақын» ұғымдарын мағына жағынан айыра білуге үйрету.<br>**Д/О:«Сипап сезу арқылы санау»**<br>Мақсаты: Сипай сезіп санау арқылы қарамай-ақ екі топтағы заттарды салыстыруға үйрету | қылқаламмен сызықтар жүргізе отырып толық, тегіс бояуға үйрету.<br>Ұқыпты жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру.<br>Жеміс-жидектерге деген сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу.<br>**Д/О: «Не артық?»**<br>**Мақсаты:** Суреттен не артық екенін табуды үйрету.<br>-Суретте гүл артық, өйткені ол жемiскеде,көкiнiскеде жатпайды.<br>**Музыка**<br>Музыка тыңдау:«Күз» Ш.Ахметов; Б.Ерзакович<br>Ән салу:«Күз келгенде»<br>Ж. Қалжанов<br>Музыкалық қимыл – қозғалыс: «Саңырауқұлақ» биі<br>**Мақсаты:**<br>Музыканың динамикалық түрлерін ажырату, әр түрлі жанрлар түсініктерімен танысу. Би элементтерін музыканың бояуымен сезініп жасау<br>Д/О: «Қандай аспап?» | өміріндегі<br><br>маңызы туралы түсінік беру.<br>Улы саңырауқұлақтар-дың адам өміріне қауіпті екендігі туралы айта отырып, жеуге жарамды ақ саңырауқұлақ пен улы боз арамқұлақты түріне қарап танып,айтып беруге үйрету.<br>**Д/О**: «Кім тез құрастырады»<br>Мақсаты:<br>Балаларға қиық суреттерден саңырауқұлақты құрастыруды үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | еңбектеуді қайталау<br>**«Күн мен жаңбыр»ойыны**<br>Мақсаты: Қол шатыр астына тығылуды үйрету. Бір-бірімен тату болуға үйрету. | | . | Шарты:Үнтаспадаң бірнен соң әртүрлі аспаптарының дыбыс шығады балалар қандай аспаптың дауысы шыққан екенін шешу керек.<br>. **Аппликация**<br>«Алма ағашы»<br>**Мақсаты:**Қоршаған орта және күзде пісетін жемістер туралы білімдерін кеңейту,балаларды дәстүрден тыс аппликация-жырту тәсілімен таныстыру ;желіммен жұмыс істегенде кезде тиянақты болуға үйрету.Тілдерін дамыту.Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Шығармашылық ойын дамыту. Табиғатты аялауға тәрбиелеу.<br>**Д/О«Не жоқ тауып көр»**<br>Мақсаты: Ілінген жемістерді есте сақтауға үйрету. Тапқырлыққа баулу.**Музыка**<br>Музыка тыңдау:«Күз» Ш.Ахметов; Б.Ерзакович<br>Ән салу:«Күз келгенде» | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Ж. Қалжанов<br>Музыкалық қимыл – қозғалыс: «Саңырауқұлақ» биі<br>**Мақсаты:** Музыканың динамикалық түрлерін ажырату, әр түрлі жанрлар түсініктерімен танысу. Би элементтерін музыканың бояуымен сезініп жасау<br>**Д/О: «Қандай аспап?»**<br>Шарты:Үнтаспадаң бірнен соң әртүрлі аспаптарының дыбыс шығады балалар қандай аспаптың дауысы шыққан екенін шешу керек. | |

**Қараша айы.**

**Өтпелі тақырып «Дені саудың жаны сау».**

**Мақсаты:** Баланың денсаулығын сақтау және нығайту, дене шынықтыруға қызығушылығын арттыру, денсаулық сақтау технологиясын пайдалана отырып, қозғалыс біліктері мен дағдыларын қолдануға баулу.Адамның дене мүшелерімен таныстыру.Өз денсаулығын сақтауға, дұрыс тамақтануға тәрбиелеу.

**Міндеттері:**

- Балалардың қимыл әрекеттерін ұйымдастырудың түрлі нысандарында қимылдарды дұрыс орындау біліктері мен дағдыларын қалыптастыру.
- Гигиеналық шараларды орындау қабілеттерін дамыту: жуыну, шашын тарау, қолды сабынмен жуу, қол орамалды қолдану.
- Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдануды жетілдіру.
-

| Апта | **Денсаулық-3**<br>Дене шынықтыру-3 | **Коммуникация-2,5**<br>Сөйлеуді дамыту-1<br>Көркем әдебиет-0,5<br>Драма-0,5<br>Орыс тілі-0,5 | **Таным-2,5**<br>Қарапайым математикалық -1<br>Құрастыру- 0,5<br>Жаратылыстану - 1 | **Шығармашылық-3,5**<br>Музыка-1,5<br>Сурет-1<br>Мүсіндеу-0,5<br>Аппликация-0,5 | **Әлеумет-0,5**<br>Қоршаған ортамен танысу-0,25<br>Экология негіздері-0,25 |
|---|---|---|---|---|---|
| **І апта** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:Біз Күнге еріп, достарымыз ды табамыз»**<br>**Негізгі қимыл:**<br>Бір орыннан ұзындыққа секіру.<br>**Мақсаты:**Бір орыннан ұзындыққа секіруге жаттықтыру.Тепе-теңдікті сақтау және бағдарлай білу біліктерін дамыту. Гимнастикалық қабырғада өрмелеуге үйрету; гимнастикалық орындық үстінде жүру<br>Қ/О: «Мысық пен торғайлар» | **Сөйлеуді дамыту.**<br>«Тазалық пен ұқыптылық». Е.Өтетілеу.<br>Мақсаты : «Тазалық пен ұқыптылық» өлеңін оқып беру.Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын дамыту. Жеке бас<br><br>тазалық дағдыларын сақтауға тәрбиелеу.<br>Д/О«Не артық?»<br>Мақсаты:Тазалыққа арналған заттардың ішінен ойланып артық затты | **Жаратылыстану**<br>Бізді қоршаған табиғат<br>**Мақсаты:** жанды және жансыз табиғат нысандары туралы білімдерін кеңейту. Көзбен қабылдау, фонематикалық есту қабілетін, есте сақтау қабілетін, зейінін дамыту. Қоршаған ортаға қызығушылықты тәрбиелеу.<br>Д/О«Заттар неден жасалған?»<br>Мақсаты: Тәрбиеші көрсеткен түрлі заттарды қарастырып, олардың неден | **Сурет салу**<br>«Дәрумендер»<br>**Мақсаты :**<br>«Дәрумендер» жалпылауыш сөзі туралы түсінік беру,жемістердің құрамында дәрумендер көп екені және адам ағзасына тигізер пайдасы туралы айту.Балалардың қылқаламды дұрыс ұстау қабілетін жетілдіру.Ұсақ қол қимылдарын дамыту. Әдемілікті сезіне білуге, | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсаты: Торғай мен мысықтың қимылын салуды үйрету, ойын шартын сақтауға тәрбиелеу.<br>2.**Дене шынықтыр**<br>Құрсаудан еңбектеп өту<br>**Мақсаты:**Құрсаудан еңбектеп өтуді үйрету.Нұсқаушының берген белгісіне қарай жүгіруге үйрету. Көлденең тұрған нысанаға затты лақтырып жаттықтыру.<br>Қ/О: «Кім өзінің жалаушасына тез жетеді?»<br>Мақсаты:Жылдамдыққа үйрету.Ойын шартын сақтауға тәрбиелеу.<br>**3.Дене шынықтыру**<br>Көлденең қойылған нысанаға лақтыру<br>**Мақсаты:**Оң және сол қолмен көлденең қойылған нысанаға лақтыруға үйрету. Көзбен мөлшерлей білу дағдыларын дамыту, нысанаға тигізуге үйрету.Бір-бірлеп тізбекке жүру білігін және жүгіру дағдысын бекіту.Бір орыннан ұзындыққа секіруді жетілдіру.<br>**Қ/О: «Мені қуып жет!»**<br>Мақсаты:Балаларды екі-екіден бөлініп, бірін-бірі қуалауды | табуды үйрету.<br>**Орыс тілі.**<br>Правильное питание<br>**Цель занятия:**<br>Продолжать развивать понимание русской речи, умение правильно произносить гласные и согласные звуки.<br>**Д/и: «Что это?»**<br>Цель: называют продукты и ее значение.<br>**Драма**<br>Мысық неге тамақ ішкен соң жуынады?<br>(Театрландырылған ойын)<br>**Мақсаты:** театрландырылған қойылымдар арқылы балалардың тілін дамыту;сөздік қорларын байыту; кейіпкерлердің іс-әрекеттері мен дауыс ырғақтарын сәйкестендіре дұрыс сөйлеуге баулу; шығарма барысын, мазмұнын ұғынуға, рөлдерді түсініп ойнауға үйрету; балаларды татулыққа, ұйымшылдыққа, адамгершілікке тәрбиелеу<br>Ойын: «Мысықтар ойнайды».<br>Мақсаты:Мысық пен тышқанның қимылын жасауды үйрету. | жасалғанын айтуды үйрету.<br>**ҚМ**<br>3саны<br>Мақсаты: 3 санымен таныстыру. 3 санын өзге сандардың арасынан табу; «кеше», «бүгін», «ертен» ұғымдарын айыруға үйрету; балалардың жыл мезгілдері туралы(күз) білімдерін дамыту.<br>**Д/О?«Сандар шатасты»**<br>Мақсаты: Сандар қатарындағы сандардың орны жайлы білімдерін нығайту.<br>**Құрастыру**<br>Жүзім<br>**Мақсаты :** Жүзімнің құрамында дәрумендер көп екені және адам ағзасына тигізер пайдасы туралы айту.Қағазбен жұмыс жасауға үйрету, қағазды умаждау арқылы жүзімді жасай білуге дағдыландыру және ұқыпты жұмыс істей білуге тәрбиелеу. | әдептілікке тәрбиелеу.<br>**«Не жоқ тауып көр!»ойыны**<br>Мақсаты:Тапсырмаларды асықпай мұқият орындауға үйрету. Ойлау қабілетін дамыту.<br>**Музыка.**<br>Ән тыңдау:«Жаңбыр» Д. Ботбаев.Дауыс жаттығуы:«Жаңбыр»<br>Ән салу: «Қазан»Қ.Шілдебаев.<br>Би:«Күзгі жапырақтар<br>**Мақсаты:** Табиғат туралы жалпы түсінік беру; табиғат туралы ұғымдарын кеңейту. Табиғаттың сұлулығын сезіне білуге, оған деген саналы көзқарасты қалыптастырып, қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу.Ән салуға, билеуге, ойнауға қызығушылығын дамыту. Меңгерген дағдыларын бекіту.<br>**Д/о:«Түрлі түсті жапырақтар»**<br>Мақсаты: балалардың тустерді айыруға үйрету.<br>**Мүсіндеу**<br>«Қызыл шыбынжұт» | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үйрету. | | | **Мақсаты:** Қызыл шыбынжұт суретін көрсетіп, улы саңырауқұлаққа жататынын түсіндіру.Қамырдан саңырауқұлақты мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. Тазалыққа тәрбиелеу. «Салат» саусақ ойыны.Мақсаты: Саусақ моторикасын дамыту.Саусақтарын бірге қимылдатуға және бірге жасауға тәрбиелеу | |
| **II апта** | **1.Дене шынықтыру** Көлбеу қойылған тақтай үстімен жүру. **Мақсаты:**Көлбеу қойылған тақтай үстімен жүруге үйрету**.** Негізгі қасиеттерді- шапшандық , ептілікті дамыту.Оң және сол қолмен алысқа лақтыруға үйрету. Балалардың бір-біріне көңіл аударуына, ынтымақтаса ойнауына көңіл бөлу. Қ/О: «Ұядағы құстар» Мақсаты: Құсқа ұқсап ұшуды, қонуды, секектеп жүруді үйрету.Ойын барысында бір-біріне кедергі жасамауға тәрбиелеу. 2.**Дене шынықтыру** Жатып орындалатын | **Көркем әдебиет** «Қолғап» **Мақсаты:**Өлең мазмұнын түсіне отырып жаттауға үйрету, қолғаптың пайдасын түсіндіру.Балалардың ой-өрісін кеңейту. Өз денсаулығына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Қ/О:«Сыңарын тап» Мақсаты:Музыка әуенімен билеп жүріп,түсіне қарай өз қолғабының сыңарын табуға үйрету. **Сөйлеуді дамыту.** Біздің көмекшілеріміз. **Мақсаты:** Балалардың дене мүшелері туралы түсініктерін қалыптастыру. Адамның дене мүшелерін зерттеуге деген | **Жаратылыстану** Аяғы бар қалпақтар **Мақсаты:** саңырауқұлақтардың 2-3 түрін ажырату және атай алу дағдысын қалыптастыру. Қарапайым жаратылыстану ғылымдық түсініктерін дамыту. Өсімдіктер әлеміне қамқор және мейірімді қарым-қатынасын, зейін салуын, танымдық қызығушылығын тәрбиелеу. **«Себет» ойыны.** Мақсаты: балаларға себетке жеуге жарамды саңырауқұлақтарды (суреттер) жинату арқылы жеуге жарамды саңырауқұлақтарды ажырата білуге үйрету. | **Сурет салу** Үлкен және кіші сәбіздер **Мақсаты :** Сәбізде көзге керек жақсы дәрумендер көп екенін түсіндіру. Сәбіздің суретін салуды үйрету. Балалардың сопақша пішіннен бейне жасау, бейнені қабылдау қабілеттерін дамыту, түстер мен ырғақты сезіне білуге үйрету. Сурет салуда батыл қимыл-қозғалыс жасай білуге тәрбиелеу. **«Не жоқ тауып көр!» ойыны** Мақсаты:Жоғалып кеткен көкіністі табуға үйрету**.**Ойлау қабілетін дамыту. | **Қоршаған ортамен танысу.** Адам – тіршілік иесі **Мақсаты :** Өзінің адам әлемінің өкілі ретіндегі алғашқы түсініктерін қалыптастыра отырып, адамдардың ұқсастығы мен айырмашылығын сыртқы белгілеріне қарап ажырата білуге үйрету. Барлық адамдардың ішкі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жаттығулар.<br>**Мақсаты:**Жатып орындалатын жаттығулармен таныстыру. Негізгі қасиеттерді-шапшандық, ептілікті дамыту.3 метрден 10 метрге дейін қайталамалы жүгіруге жаттықтыру.<br>**Қ/О:« Паравоз »**<br>**Мақсаты:** Балалардың бірінің артына бірі тіркеліп тұрып паравоз сияқты жүруге, өлең жолдарын қайталап айтуға үйрету.<br>3.**Дене шынықтыру**<br>Еңбектеу және өрмелеу<br>**Мақсаты:**Гимнастика лық таяқшалармен орындалатын жаттығулардың жаңа түрлерін меңгерту. Негізгі қасиеттерді-шапшандық, ептілікті дамыту.Балаларды еңбектеуге және өрмелеуге үйрету.<br>**Қ/О: «Ақ қоян »**<br>**Мақсаты:** Балаларды жылдамдыққа, мықтылыққа баулу. | қызығушылығын дамыту.Өз денсаулығын сақтауға, дұрыс тамақтануға тәрбиелеу.<br>«Жіп» ойыны.<br>Мақсаты: Жіпті бір-біріне бере отырып сұрақтарға дұрыс,толық жауап беруге үйрету. | **ҚМ**<br>Биік – аласа<br>**Мақсаты:** 3 саны м туралы өткенді пысықтау; санды заттың санымен сәйкестендіруді жалғастыру; 1,2,3 сандарын дұрыс жазу дағдыларын жалғастыру. Өзіне таныс заттарды биіктігіне қарай(биік-аласа) салыстрып, оларды сол белгілері арқылы салыстыру қабілетін дамыту; бір-біріне ұқсас екі затты салыстыру арқылы баланың зейінін дамыту.<br>**Д/О:«Ненің жұбы болады»**<br>Мақсаты:Балаларға қандай заттардың жұпсыз болуы мүмкін емес екендігін көрсету, «жұп» ұғымын бекіту.<br>**Д/О«Қолымдағы не?»**<br>Мақсаты:Көздерін жұмып жемістердің муляждарын сипау арқылы табуға үйрету. | **Музыка**<br>Ән тыңдау:«Жеміс бағында» Ж.Қалжанова<br>Ән салу:«Бауырсақ» Ә.Бейсеуов.<br>Би:«Қалпақтар биі»<br>Муз ырғақты қимыл: «Бәліш пісірейік»<br>**Мақсаты:** Нанның адам үшін маңыздылығын түсіндіру. Нанның бидайдан жасалатыны туралы түсінік беріп, нанды құрметтеуге тәрбиелеу.Музыкаға әсерленуді байыту, дыбыс жоғарылығын, ырғақтық,тембрлік, динамикалық есту қабілетін дамыту.<br>**Д/о: «Не артық?»**<br>Мақсаты. балалар карточкалардағы муз. инструменттердің арасынан қайсы артық екенін табуына көмектесу.<br>**Музыка**<br>Ән тыңдау:«Жеміс бағында» Ж.Қалжанова<br>Ән салу:«Бауырсақ» Ә.Бейсеуов.<br>Би:«Қалпақтар биі»<br>Муз ырғақты қимыл: «Бәліш пісірейік»<br>**Мақсаты:** Нанның адам үшін маңыздылығын түсіндіру. Нанның бидайдан жасалатыны | құрылыстары (жүрек, асқазан, өкпе) бірдей екендігін, адамның өсуі және дамуы үшін қажетті шарттар (су,жарық,ауа,т амақжылу,қозғ алыс пен демалыс) туралы түсінік беру. Ортақ тақырыптан тыс сұрақтарға жауап беру дағдыларын дамыту.Адамдар дың барлығына құрметпен, сыйластықпен қарауға тәрбиелеу.<br>**«Комплимент» ойыны.**<br>Мақсаты:Бір-біріне комплимент айтуға үйрету. Тілдерін дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | туралы түсінік беріп, нанды құрметтеуге тәрбиелеу.<br>Музыкаға әсерленуді байыту, дыбыс жоғарылығын, ырғақтық, темблік, динамикалық есту қабілетін дамыту.<br>**Д/о: «Не артық?»**<br>Шарты: балалар карточкалардағы муз. инструменттердің арасынан қайсы артық екенін табу қажет.<br>**Аппликация** «Шалғындағы саңырауқұлақтар»<br>**Мақсаты:** Қоршаған орта және саңырауқұлақ туралы білімдерін кеңейту, жеуге жарамды және жарамсыз саңырауқұлақтар туралы түсінік беру;Сопақша және жартылай шеңберді қию тәсілін және аздап желім жағып жабыстыруды үйрету.Тілдерін дамыту.Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Табиғатты аялауға тәрбиелеу.<br>**«Тапқыр» ойыны.**<br>Мақсаты: балаларға жеуге жарамды | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | саңыраукұлақтар және улы (суреттер) саңыраукұлақтарды екіге бөліп жинауға үйрету. | |
| **III апта** | **1.Дене шынықтыру**<br>Орындықпен жасалатын жаттығулар<br>**Мақсаты :**Орындықта отырып орындалатын жаттығулардың түрлерін үйрету.Негізгі қасиеттерді, шапшаңдық, ептілікті дамыту. Допты қабырғаға лақтырып, ыршыған допты қайта қағып алу біліктіліктерін  үйрету.<br>**Қ/О:« Қасқырлар  мен лақтар »**<br>**Мақсаты:**  Балаларды жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу.<br>2.**Дене шынықтыру**<br>Тепе-тендікті сақтау жаттығулары<br>**Мақсаты:**Тепе-тендікті сақтап жүруге жаттықтыру.<br>Негізгі қасиеттерді – шапшаңдық, ептілікті дамыту.Кішкентай шығыршықпен орындалатын жаттығуларды үйрету; гимнастикалық қабырғада өрмелеуге үйрету.<br>**«Кім мықты» ойыны**<br>Мақсаты: бір аяқпен тұруға үйрету.Кім көп | **Сөйлеуді дамыту**<br>Қуыршақты шомылдырып ұйықтатамыз<br>**Мақсаты:** Балаларға дұрыс жуыну ережелерін үйрету, киімдерді ретімен шешуді, киімдердің атын атай білуге үйрету. Қимыл-әрекетті білдіретін сөздерді меңгерту. Еңбекқорлыққа, тазалыққа баулу.<br>**Д/О:«Айгүлге қуыршағын жуындыру үшін не керек?»**<br>**Мақсаты**:Жуындыру үшін қандай заттар керегін айтып беруе үйрету.<br><br>**Орыс тілі**<br>В гостях у здоровья<br>**Цель занятия:**<br>Закрепить знания детей о влиянии на здоровье двигательной активности, закаливания, питания, свежего воздуха, настроения. Развивать познавательный интерес, мыслительную активность, воображение.<br>Воспитывать желание быть здоровым, внимательно относиться | **Жаратылыстану**<br>Құсхананы мекендеушілер<br>**Мақсаты:** балалардың үй құстары туралы түсініктерін анықтау және кеңейту. Жанды нысанды сипаттай білу дағдысын, зейіні мен есте сақтау қабілетін дамыту. Табиғатқа қамқор, мейірімді көзқарасын тәрбиелеу.<br>**Д/О«Кім қалай дыбыстайды?».**<br>**Мақсаты:**Үй құстарының дыбыстарын салуды үйрету.<br>**Қарапайым матиматика**<br>Геометриялық бұрыштар<br>**Мақсаты:**Математикалық жұмбақтарды шешу дағдыларын арттыру,заттың санын сандармен сәйкестендіруді жалғастыру,екі топтағы заттарды салыстыруға жаттығу,заттар тобының тең немесе тең еместігін анықтау, өзіне таныс заттарды еніне қарай салыстыру (кең, тар), тіктөртбұрыш туралы білімін пысықтау, оны өзге | **Сурет салу**<br>Күннің мол шуағы.<br>**Мақсаты:**Күнсіз адам тіршілік ету мүмкін емес екенін, күн сәулесінде адам ағзасы үшін маңызды «Д» дәрумені болатынын түсіндіру. Балаларды жыл түстер реңктерімен таныстыру, әрбір түстің қандай мінез-құлықты, көңіл-күйді білдіретінін, түсті бейнелейтінін заттың сипатына қарай қолдану керек екенін түсіндіру, нәзіктікті тәрбиелеу.<br>**Д/О: «Дәл сондайын тап»**<br>Мақсаты:Күннің түсімен түстес заттарды немесе күннің пішініне ұқсас заттарды атауды үйрету.<br>**Музыка**<br>Ән тыңдау:«Анам менің»<br>Ә. Бейсеуов. Т.Молдағалиев<br>Ән айту: «Саңырауқұлақ тереміз»<br>Муз ырғақты қимыл: «Қонжықпен қуыршақ»<br>**Мақсаты:** Өзі, жанұясы | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тұрса сол жеңіске жететінін түсіндіру.<br>3.**Дене шынықтыру**<br>Көлденең керілген жіптің немесе таяқтың астынан өту.<br>**Мақсаты:**Балаларды бір заттың астынан өтуге үйрету.<br>Мәнерлегін дамыту.<br>Икемділіктерін дамыту.<br>**«Доп кімде?»ойыны**<br>Мақсаты: Балалар шеңберге тұрып, арт жақтарынан бір-біріне допты береді,ортадағы бала доп кімде екенін табуды үйрету.Көру қабілетін дамыту. | к себе<br>**Д/г: упражнения для дыхания.**<br>Заучивание стихов о витаминах.<br>**Драма**<br>Біздің көңіл күйіміз<br>**Мақсаты:** көңіл күй туралы түсініктерін бекіту; өзінің, басқа адамдардың көңіл күйін түсіну қабілеттерін, мәнерлі сөйлеу, ым-ишара арқылы көңіл күйін бере білу дағдыларын дамыту; ересектермен және құрдастарымен өзара әрекетте мәдениетті мінез құлық-дағдыларына тәрбиелеу.<br>**Ойын-жаттығу: «Көңіл күйіңмен бөліс»**<br>Мақсаты:жымию арқылы бір-біріне көңіл күй сыйЛауға тәрбиелеу. | геометриялық пішіндердің ішінен табу.**Д/О: «Адасқан сандар»**<br>**Мақсаты:** баланың ойлау жылдамдығын арттыру.<br>**Құрастыру.**<br>**Тақырыбы: «Дәрумендер бағы»**<br>**Мақсаты:**Әр түстегі және пішіндегі бөлшектерден қағазды буктеу,домалату тәсілдерін қолдана отырып үлгі бойыншап түрлі жемістерді құрастыру**. Дид-ойын: Айырмашылығын тап** | туралы әңгімелесуге үйрету; үйдегі қауіпсіздік ережелерінің негіздерімен таныстыру. Ансамбльде, ән айтуға, өлеңді бір мезгілде бастап, қатар аяқтауға, музыкалық фразалардың арасында дем алуға үйрету, эмоционалдық ықыластықты тәрбиелеу.<br>**Д/о: «Тату – тәтті жанұя»**<br>Мақсаты: балалар саусақ жаттамақты мәнерлеп айтуды үйрету. Саусақ моторикасын нығайту.<br><br>**Мүсіндеу**<br>Сәбіз<br>**Мақсаты:** Сәбіздің құрамында көзге керек жақсы дәрумендер бар екенін түсіндіру.Ермексазды алақан арасына салып есу,сопақтау тәсілдерін меңгерту. Өз денсаулығын сақтауға,дұрыс тамақтануға тәрбиелеу.<br>**«Сиқырлы суреттер»**<br>Мақсаты: балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, | |
| **IV** | **1.Дене шынықтыру.**<br>Велосипед тебу | **Көркем әдебиет.**<br>«Ақылды алма» әңгіме | **Жаратылыстану.**<br>Қанатты достар | **Сурет салу**<br>Қол орамал | **Экология негіздері.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **апта** | Мақсаты: Үш аяқты велосипед тебуді үйрету. Аяқтың бұлшықеттерін дамыту.Бір-біріне көмектесуге тәрбиелеу. **Қ/о:« Күн мен түн »** **Мақсаты:** Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, ажыратуға баулу. **2.Дене шынықтыру** Оңға,солға бұрылыстарды орындау Мақсаты:Велосипедті теуіп келе жатып оңға,солға бұрылыстарды орындауға үйрету.Бір-біріне көмектесуге тәрбиелеу. **Қ/О«Ұшақтар»** Мақсаты:Балаларды шапшаңдыққа, өз орындарын таба білуге үйрету. **3.Дене шынықтыру.** Даладағы қимылды ойындар **Мақсаты:**Далада орындалатын жаттығу түрлерін үйрету. Негізгі қасиеттерді – шапшаңдық, ептілікті дамыту.Керіліп тартылған жіптердің астынан өтуге жаттықтыру; екі қолмен допты лақтырып, ұстап алуға үйрету. **Қ/О: «Торғайлар мен автомобиль»** Мақсаты: Балаларды | **Мақсаты:**«Ақылды алма» әңгімесін оқып беру арқылы балаларды тазалыққа, алма жер алдында алманы жуып жеуге үйрету. Әңгімені одан әрі өз ойлары бойынша толықтырып, байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. **«Жемістер ағашта өседі» ойыны** **Мақсаты:** Жұмбақтарды шешу арқылы жемістерді тауып ағашқа ілуге баулу.Ойлау қабілеттерін дамыту. **Сөйлеуді дамыту.** «Не дәмді?» ертегісі. **Мақсаты :** Ненің дәмді екенін ажыратуға, дәмнің айырмашылығын пішінін айта білуге үйрету.Кейіпкерлердің өзара сөйлеуін көркем түрде қолдану арқылы ертегінің ішкі сырын айтылу керек ой-түйсігін, мән-мағынасын бұзбай, байланыстыра баяндай білуге үйретуді дамыту.Асты қадірлеуге, қастерлеуге тәрбиелеу. **«Йә , жоқ» ойыны** Мақсаты: денсаулықтарын күтуге тәрбиелеу. Тазалыққа баулу. | **Мақсаты:** қыстап қалатын құстар мен жыл құстары туралы жинақталған түсініктерін қалыптастыру. Құстардың дене құрылысы туралы ұғымдарын кеңейту. Құрдастарымен және ересектермен еркін қарым-қатынас барысында танымдық-зерттеушілік іс-әрекет дағдыларын дамыту. Құстарға ізгі көзқарастарын тәрбиелеу. **«Ұшады – ұшпайды» ойыны.** Мақсаты:Аталған нысан ұшатын болса – қолдарын көтеруге, егер ұшпайтын болса – қолдарын көтермеуге үйрету. **Қар.Матиматика** **Тақырыбы:**Заттардың тобын теңестіру. **Мақсаты:** өзгеше орналасқан (шеңбер,щаршы ішінде)заттар тобын теңестіруді үйрету;заттарды үлгі бойынша санауға үйрету;әртүрлі арақашықтықта орналасқан заттардың тең немесе тең еместігін анықтау;заттың орналасқан орнын анықтау. **Д/О: «Дауыстап санау»** Мақсаты: Дауыстап санауға,қорытынды санды есте сақтауға үйрету. | **Мақсаты:** Әр адамның өзінің жеке қол орамалы болуы, адам түшкіргенде қол орамалмен мұрнын, аузын жабуы керек екенін түсіндіру.Ою-өрнектермен әшекейлей білуге үйрету, ұлттық сәндік қолданбалы өнерге деген қызығушылықтарын дамыту. Қазақтың ұлттық ою-өрнегінің бірі «омыртқамен» таныстыру, оның суретін салу жолдарын меңгерту.Жеке бас тазалық дағдыларын сақтауға тәрбиелеу. **Саусақ ойыны: «Кім жылдам»** Мақсаты:Қолорамалды өзгелерден басқаша етіп бүктеуге және жылдам бүктеуге үйрету. **Музыка** Ән тыңдау:«Анам менің» Ә. Бейсеуов. Т.Молдағалиев Ән айту: «Саңырауқұлақ тереміз» Муз ырғақты қимыл: «Қонжықпен қуыршақ» **Мақсаты:** Өзі, жанұясы туралы әңгімелесуге үйрету; үйдегі қауіпсіздік ережелерінің | Жемістер мен көкөністер. **Мақсаты:** Жемістермен көкіністердің адам денсаулығына тигізер пайдасы туралы түсіндіру. Көкөністер (сәбіз,қияр,қызанақ,пияз,орамжапырақ,картоп) мен жемістер(алма, алмұрт,апельсин,мандарин,лимонтуралы түсініктерін кеңейту.Қарапайым зерттеу жүргізу мен іздестіру әрекеттерін орындауға қызығушылығын арттыру. Жемістерді жуып жеуге тәрбиелеу. **«Иісін тап» ойыны** Мақсаты: Балалар көздерін жұмып, иісі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жылдамдыққа,шапшаңдыққа үйрету. | -Әрдайым көңілсіз жүрген жақсы .<br>-Әрдайым көңілді жүрген жақсы .<br>-Жаттығу жасаған дұрыс емес. т.с.с. | | негіздерімен таныстыру.Ансамбльде, ән айтуға, өлеңді бір мезгілде бастап, қатар аяқтауға, музыкалық фразалардың арасында дем алуға үйрету, эмоционалдық ықыластықты тәрбиелеу.<br>**Д/о: «Тату – тәтті жанұя»**<br>Мақсаты: балалар саусақ жаттамақты мәнерлеп айтуды үйрету. Саусақ моторикасын нығайту.<br>**Музыка**<br>Ән тыңдау: «Бауырсақ» Ә.Бейсеуов.<br>Ән салу:«Ана тілін сүйеміз» Қ.Толықбаев, И. Нүсіпбаев.<br>Би:«Саңырауқұлақ»<br>Муз ырғақты қимыл: «Бәліш пісірейік»<br>**Мақсаты:** Нанды қастерлеуге, ас атасы – нан екенін, нанның адам өміріндегі ең маңызды ас екенін, нанның дастарханға қалай келетінін айтып оған көптеген адамдар еңбек ететінін түсіндіру.Дауыс жаттығуын орындау арқылы балалардың дауыстарын қалыпқа | арқылы қандай жеміс н-е көкініс екенін табуға үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | келтіру. Әнді тыңдап, әннің ырғағын айыру<br>**Д/о: «Сырнай мен даңғыра»**<br>Шарты: өлең жолдарын тындап жүру немесе билеп жүгіру.<br>**Апплекация**<br>**Тақырыбы.**Жеміс – жидекке арналған себет<br>**Мақсаты:**Қайшыны дұрыс ұстауға және пайдалана білуге қалыптастыру. Ересектердің көмгегімен бөліктерді желімдеуге үйрету.Желімді,сүлгіні қолдануды үйретуді жалғастыру.**дид-қ ойын:ащы тұщы** | |

**Желтоқсан айы**

**Өтпелі тақырып «Алақай,қыс келді!»**

**Мақсаты:** Қыс мезгілі туралы түсінік беру.Қысқы табиғат құбылыстарын бақылап, қарапайым өзгерістерді атай білуге үйрету. Жабайы жануарлар және құстардың кейбір түрінің табиғат жағдайларында тіршілік етуі туралы білімдерін кеңейту. Білімге құштарлық, жануарларға махаббат сезіміне, үлкендердің еңбегіне қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.

**Міндеттері:**

1. «Қыстап қалатын құстарға қамқор болу керек» деген көзқарастарын қалыптастыру.

2.Қыс туралы қысқа өлен жолдарын мәнерлеп айту, жұмбақ айту қабілеттерін дамыту.

3. Суретке көркемдік элементтерді кіргізе білуді үйрету, әсемдікке тәрбиелеу

| Апта | **Денсаулық-3**<br>Дене шынықтыру-3 | **Коммуникация-2,5**<br>Сөйлеуді дамыту-1<br>Көркем әдебиет-0,5<br>Драма-0,5<br>Орыс тілі-0,5 | **Таным-2,5**<br>Қарапайым математикалық -1<br>Құрастыру- 0,5<br>Жаратылыстану – 1 | **Шығармашылық-3,5**<br>Музыка-1,5<br>Сурет-1<br>Мүсіндеу-0,5<br>Аппликация-0,5 | **Әлеумет-0,5**<br>Қоршаған ортамен танысу-0,25<br>Экология негіздері-0,25 |
|---|---|---|---|---|---|
| **І апта** | **1.Дене шынықтыру**<br>Таза ауадағы қысқы ойындар<br>**Мақсаты**: Таза ауада ойналатын қысқы ойындарымен таныстыру.<br>Негізгі қасиеттерді – шапшаңдық, ептілікті дамыту.Ойын ережесімен таныстыру және оларды орындауға жаттықтыру; жүру түрлерімен жаттықтыру.<br>Қ/О:«Қар жинау»<br>Мақсаты: Екіге бөлініп қар жинауға үйрету. Жылдамдыққа тәрбиелеу.<br>2.**Дене шынықтыру**<br>Төрттағандап еңбектеу<br>**Мақсаты**: 8м дейінгі | **Орыс тілі.**<br>Зима<br>**Цель занятия:**<br>Продолжать обоглщать словарь детей лексическим материалом по теме *зима*, состовлять короткий рассказ на русском языке по картинке. Развивать словесно-логическое мышление, воображение, связную речь, упражнять в состовление предложений по картинкам. Умение согласовывать речь с движениями.<br>**Ди: «Наш снеговик»**<br>Цель: научить детей правильно произносить и | **Жаратылыстану**<br>Жануарлардың тіршілік етуі үшін не қажет?<br>**Мақсаты**: Жануарлардың барлығы тіршілік иесі болып табылатыны, оларды да барлық тіршілік иелері секілді өсіп-өнуі үшін белгілі бір жағдайлар қажет екені туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>Құрдастарымен және ересектермен еркін қарым-қатынас барысында танымдық-зерттеушілікісәрекет дағдыларын дамыту.<br>Жанды табиғатқа сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.<br>«Дауысынан таны» | **Сурет салу**<br>«Бәйтерек»<br>**Мақсаты**: Елордамыз – Астана қаласы және Бәйтерек туралы мағлұмат беру.Үлгі бойынша реттілігін, арасындағы қашықтықты ескере отырып, сурет салу қабілеттерін дамыту.<br>Елін сүюге, патриоттыққа тәрбиелеу.<br>**Жалаушалармен ойын «Кім жылдам?»** (түстер)<br>Мақсаты: жалаушаның түстеріне сәйкес топтасуға үйрету.<br>**Музыка.**<br>Ән тыңдау: | ... |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | қашықтықта заттар арасымен тура бағыт бойынша төрттағандап еңбектеуге үйрету. Шапшаңдыққа, икемділікке тәрбиелеу.<br>Қ/О: «Бауырсақ»<br>Мақсаты: Кейіпкер кейпіне еніп,түлкіден қашуға үйрету.<br>**3.Дене шынықтыру**<br>Шаңғымен таныстыру(далада)<br>Мақсаты: Балаларды шанғы тебуге үйрету. Негізгі қасиеттерді – шапшаңдық, ептілікті дамыту.Жүгіруді жүрумен алмастыруға үйрету.<br>Қ/О:**« Түлкі мен қаздар »**<br>**Мақсаты:** Түлкі мен қаздың қимылын жасауға, жылдамдыққа баулу. | играть в коллективе, отвечать на вопросы воспитателя.<br>**Сөйлеуді дамыту.**<br>Асхана құралдары<br>**Мақсаты:** Тамақ пісіруге және ішуге арналған ыдыстар мен құралдарды таныстыра отырып, ыдыс – аяқтар туралы салыстырмалы түрде сипаттап айтып беруге үйрету. Ыдыстардың алуан түрлі болатынын (түсі,мөлшері,көлемі, материалы,жасалуы) айта отырып, бағыт-бағдар жасай білуін дамыту.Ертегі кейіпкелерінің адамгершілік қасиеттерін талқылау.Ұқыптылыққа тазалыққа тәрбиелеу.<br>«Қуыршақта не жоқ».<br>Мақсаты:Қуыршақты тамақтандыру үшін қандай ыдыстар пайдалану керек екені туралы түсінік беру.<br>**Драма**<br>Бір қазан сүт (сахналау)<br>**Мақсаты:** ертегі кейіпкерлерінің ерекшеліктерін ажырата білуге, көркем сөйлеуге үйрету, балалардың дауыс интонациясын қадағалау, сахналау | ойыны.<br>Мақсаты: үнтаспа арқылы жануарлардың дауыстары тыңдатып айыра білуге үйрету. Қиналған балаларға көмектесу.<br>**ҚМ**<br>4 саны<br>Мақсаты: 4санымен таныстыру.4санының сандық қатардағы орнын анықтау.4санын өзге сандар арасынан табу. «Үлкен», «кіші», «кішкентай» сөздерін пайдалана отырып, заттардыкөлеміне қарай салыстыруды үйрету. Баланың зейінін дамытуға ықпал ету. Балаларды көлемі әртүрлі заттардан құралған топтардың саны жағынан тең немесе тең еместігін ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын: «Қалай жүріп нені тапқың келеді.»**<br>**Мақсаты:** Кеңестікті бағдарлай білуге үйрету.<br>**Құрастыру**<br>Жаңажылдық ойыншықтар<br>Мақсаты: Қалдық заттарды пайдаланып, Жаңажылдық шырша ойыншықтарын жасауды үйрету, оны әдемі көркем безендіру арқылы көркемдік талғамын | «Бауырсақ»<br>Ә.Бейсеуов.<br>Ән салу:«Ана тілін сүйеміз»<br>Қ.Толықбаев, И. Нүсіпбаев.<br>Би:«Саңырауқұлақ»<br>Муз ырғақты қимыл: «Бәліш пісірейік»<br>**Мақсаты:** Нанды қастерлеуге, ас атасы – нан екенін, нанның адам өміріндегі ең маңызды ас екенін, нанның дастарханға қалай келетінін айтып оған көптеген адамдар еңбек ететінін түсіндіру.Дауыс жаттығуын орындау арқылы балалардың дауыстарын қалыпқа келтіру. Әнді тыңдап, әннің ырғағын айыру.<br>**Мүсіндеу**<br>Жаңа жылдық шыршаға арналған әшекейлер<br>Мақсаты:Шырша туралы жұмбақ жасырып, жұмбақтың жауабын ойланып табуға үйрету. Ермексазды алақанға салып айналдырып, әртүрлі көлемдегі домалақтар жасау және оларды өзара біріктіру дағдыларын | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | барысында кейіпкерлердің бейнесіне еніп, олардың мінез-құлқын келтіру, түрлі эмоцияларды білдіру үшін интонациямен дыбыстауды қалыптастыру, ертегіні есте сақтауға, шығармашылыққа тәрбиелеу.<br>**Ойын-жаттығу: «Ненің дауысы?».**<br>Мақсаты: Балалар құстардың дыбысын танып, қандай құс екенін айтуға үйрету. Құстардың қимылын салып, дауысын келтіруге дағдыландыру. | дамыту,еңбек нәтижесіне жете білуге тәрбиелеу.<br>**«Суреттегенді тап»**<br>Мақсаты:Бірнеше бөлікке қиылған жаңа – жылдық ойыншықтар суреттерін құрастырып аттарын атауға үйрету. Логикалық ойлауын,есте сақтау қабілетін дамыту. | дамыту.Тазалыққа тәрбиелеу.<br>Ойын:«Не жоғалды?».<br>Мақсаты: Көзін жұмып ашқанда қандай зат жоқ екенін табуға үйрету.Көру қабілеттерін дамыту. | |
| **II апта** | **1.Дене шынықтыру**<br>Шаңғыны киіп,шешу.<br>Мақсаты: Ересектердің көмегімен шаңғыны киіп,шешуді үйрету.Тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке тәрбиелеу, арақашықтықты сақтай білуге дағдыландыру.<br>**Қ/О: «Жүгіріп,қағып ал»**<br>Мақсаты: Балалардың қағып алу іскерліктерін дамыту, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>Аяқтың ұшымен тұру<br>Мақсаты: Қолын жоғары көтеріп, аяқтың | **Көркем әдебиет**<br>Қазақстан Республикам менің<br>Мақсаты:Қазақстан Республикасы туралы әңгімелеу.Балалардың ой-өрісін дамыту. Еліне,жеріне,Отанына деген сүйіспеншіліктерін арттыру.<br>**«Күншуақ» ойыны.**<br>Мақсаты: Күн шуағындағы сұрақтарға жауап беру арқылы күнді күлімдетуге баулу.<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>«Отан» Бүркіт Ысқақов<br>Мақсаты: өлең мазмұнын түсінуге, мазмұны бойынша | **ҚМ**<br>Заттың санын санмен сәйкестендіру.Өткенді пысықтау.<br>Мақсаты: 4 саны туралы өткенді пысықтау. 1,2,3,4 сандарды заттың санымен сәйкестендіруді жалғастыру; үшбұрыш, төртбұрыш сияқты геометриялық пішіндер туралы өткенді пысықтау; айналадағы заттардың арасынан геометриялық пішіндес заттарды таба білуге үйрету; өзіне қатысты тұрғыда заттың орналасуын(солға, оңға) анықтау және сөзбен баяндау.Логикалық | **Сурет салу**<br>«Ақша қар»<br>Мақсаты: Қардың жауып тұрған бейнесін бере білу; бұлттардың суретін салу үшін суық түстерді таңдап алу; қардың ерекшеліктері жайында түсініктерін қалыптастыру, суретке көркемдік элементтерді кіргізе білуді үйрету, әсемдікке тәрбиелеу.<br>«Қар ұшқыны» ойыны.<br>Мақсаты:Тыныс алу жаттығуларын дұрыс орындауға тәрбиелеу.Бір-біріне көмектесуге тәрбиелеу. | **Қоршаған ортамен танысу**<br>Менің елім – Қазақстан<br>Мақсаты: Қыс мезгілінде өтетін іс-шараның бірі тәуелсіздік туралы мәлімет беру.Қазақстан Республикасының қазіргі жағдайы туралы әңгімелеп беруге үйрету.Туған жерін, елін сүюге, құрметтеуге тәрбиелеу.<br>Қ/О:« Аттар »<br>Мақсаты:Аттар дың шабысын |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | ұшымен тұруға үйрету. Тепе-теңдікті сақтауға үйрету.Қолын беліне қойып, бір аяқпен тұруға жаттықтыру.<br>**« Ит пен қоян »**<br>**Мақсаты:**<br>Шапшаңдыққа, ептілікке баулу.<br><br>**3.Дене шынықтыру**<br>Шаңғыны таяғымен жинап, шаңғыны тасу<br>Мақсаты: Шаңғымен таяғымен біріктіріп, қолтықтарын қысып, ҰОҚ өтетін жерге тасу үйрету.Негізгі қасиеттерді – шапшаңдық, ептілікті дамыту.<br>**Қ/О:« Аңшылар мен қояндар**<br>**Мақсаты:** Балаларды қоян болып секіруге, аңшыдан қорғануға үйрету. | қойылған сұрақтарға жауап беруге үйрету. Ауызекі сөйлеу тілдерін дамыту.Сын есімдерді қолданып сөз тіркестерін құруға үйрету. Отанын сүюге,Отанына деген мақтаныш сезімге баулу. Ұлттық ойын «Теңге алу» Мақсаты: Ұйымшылдықпен ойнауға тәрбиелеу. | есептер шығаруға жаттықтыру.<br>**«Санды тап» д/о**<br>Шарты:Тәрбиеші үстелге 1-ден 4-ке дейінгі сандарды орналас-ы, тәрбиеші қай санды атаса,балалар сол санды көтереді.<br>**Жаратылыстану**<br>«Біздің өлкеге қыс келді»<br>**Мақсаты:** Қыс мезгіліндегі табиғат құбылыстарын бақылау дағдыларын дамыту. Құрдастарымен және ересектермен еркін қарым-қатынас барысында танымдық-зерттеушілік дағдыларын дамыту. Табиғатты сүюге тәрбиелеу.<br>**Д\О «Қыстың суретін тап»**<br>Мақсаты: басқа жыл мезгілдерінен қыс мезгілін ажырата білуге баулу. | **«Музыка»**<br>Ән тыңдау:«Жаңа жыл келді» Өленің жазған: Д.Қанатбаев; Муз. жазған:И.Нүсіпбаев<br>Ән салу: «Шырша жыры»<br>Би қимылдары: «Кірпілер биі».<br>Мақсаты:Әуеннің ырғақ екпінін сезіне білуге, салыстыруға, әуенге сәйкес қозғалуға дағдыландыру. Әнді көңілді, ашық дауыспен, таза орындауға үйрету. Жаңа жыл мерекесіне сүйіспеншілік сезімін ояту.<br>**«Төмен және жоғары дыбыстар» ойыны**<br>Мақсаты: Балаларды шығарманы тыңдай отырып, динамикалық дауыс күштілігін ажырата білуге баулу.<br>**Музыка**<br>Ән тыңдау:<br>«Ақша қар» ( Қ.Жәленова, Е.Өміров)<br>Ән үйрену: «Жаңа жыл» (Ө. Байділдаев, Б. Ысқақов)<br>Ырғақты – қимыл қозғалыс: «Қазақ жігіттері» қимылдары<br>**Мақсаты:** Жыл | салуға үйрету. Ойын шартын бұзбауға тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | туралы түсініктерін қалыптастыру. Табиғи дауыспен әнді таза айтуға, шығарманы сезіне білуге үйрету. Биге деген қызығушылығын арттыру.<br>**«Әуенді сағат» ойыны**<br>Мақсаты: Үйренген ән,әуендерді есте сақтап,бекіту үшін қолданылады. Әртүрлі көңіл күйдегі әуендерді кіріспесінен немесе үзіндісінен табуға машықтандырады.<br>**Аппликация**<br>«Бауырсақ»<br>**Мақсаты:** Шаршыдан дөңгелектері қиюға үйрету; жұмысты соңына дейін бітіруге дағдыландыру; қайшымен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіз техникасын сақтауды үйретуді жалғастыру; балалардың шығармашылық ойын дамыту. Тілдерін дамыту. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Халық ертегілеріне деген қызығушылыққа тәрбиелеу.<br>**«Жақсы және жаман» ойыны** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Ойын шарты: Столдың үстінде бірнеше суреттер жатыр. Сол суретті алып, суреттегі іс - әрекеттің не туралы екенін айтып «жақсы» немесе «жаман» іс - әрекетін ажыратып, жақсы болса мына тақтадағы көңілді смайликке, ал жаман болса мына көңілсіз смайликке қоямыз | |
| **III апта** | 1.**Дене шынықтыру**<br>Далада шанамен зырғанау<br>**Мақсаты:** Таза ауада ойналатын қысқы ойындармен таныстыру.Негізгі қасиеттерді – шапшаңдық, ептілікті дамыту. Шанамен зырғанауға жаттықтыру; қарды жұмарлап лақтыруға жаттықтыру; Жүгіруді жүрумен,жүруді жүгірумен алмастыруға үйрету.<br>**Қ/О: «Мысық пен тышқан»**<br>Мақсаты: Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа үйрету.<br><br>2.**Дене шынықтыру** | **Орыс тілі**<br>Зимняя одежда<br>Цель занятия:Учить слова, обозначающие одежду и обувь на русском языке, отвечать на вопросы полным предложением, упражнять в правильном употреблении местоимений *мой,моя, мое* и предлога *на.*Закреплять правильное произношение гласных звуков. Воспитовать аккуратность, бережное отношение к вещам.<br>Д/и: «Скажи, чья? Чье? Чей?Чьи?»<br>Цель: ответить правильно используя притяжательные местоимения.<br><br>**Сөйлеуді дамыту.** | **ҚМ**<br>Сандарды салыстыру.<br>Мақсаты: Үлгі бойынша және аталған сан бойынша санауды үйрету; сандар арасындағы байланысты түсінуге үйрету(3-4); сандары бар жұмбақтарды шешуді үйрету; санды заттың санымен сәйкестендіре білуді; кеңістікте бағдарлау түсініктерін қалыптастыру(алыс-жақын); геометриялық пішіндер туралы өткенді пысықтау; логикалық ойлау қабілетін дамыту.<br>**Д/О:«Дауыстап санау»**<br>**Мақсаты:** Дауыстап санауға, соңғы рет соғылған қорытынды санды есте сақтауға үйрету.<br><br>**Жаратылыстану** | **Мүсіндеу**<br>Ақшақар<br>**Мақсаты**:Адам бейнесін мүсіндеу дағдыларын арттыру. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Мерекелік көңіл күйлерінің көтеріңкі болуына ықпал жасау.<br>**«Кім жылдам» ойыны**<br>Мақсаты: Әуенге билеп жүріп, әуен тоқтаған барысында Аяз атаның таяғын жылдам ұстап қалуға үйрету, тақпақты мәнерлеп дауыс ырғағын келтіріп айтуға баулу. Ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**Сурет салу** | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Шанамен төбешіктен сырғанау<br>**Мақсаты**: Әртүрлі бағытта жүгіруге үйрету. Шанамен төбешіктен сырғанауды көрсету және сырғанауға үйрету. Арақашықтықты сақтауға дағдыландыру, белгі бойынша қимылдауға үйрету. Шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>**Сақина жасыру**<br>**Мақсаты:** балаларды байқағыштыққа, ептілікке, татулыққа тәрбиелеу.<br>**3.Дене шынықтыру**<br>Далада таяқсыз шаңғымен сырғанау<br>**Мақсаты:** Орында тұрып, өкшемен бұрылуды үйрету. Негізгі қасиеттерді – шапшаңдық, ептілікті дамыту.Арақашықтықты сақтауға дағдыландыру, Шапшаңдыққа тәрбиелеу<br>Қ/О: «Допты қуып жет»<br>**Мақсаты:** балаларды шыдамды,сабырлы қалыпта берілген белгіні тыңдауаға,тез жүгіруге,түсетерін, көлемін ажырата білуге баулу. | «Қар қандай?» ертегісі<br>Мақсаты: Қыс мезгілінің ерекшіліктері туралы әңгімелесу, ертегіні сахыналау барысында өз сөзін жеткізе білуге, ойын нақты айтуға баулу. Табиағатты сүюге тәрбиелеу.<br>**Қ/О «Қысқы ауа-райы».**<br>**Мақсаты:**<br>Қысқы ауа-райының құбылыстары туралы өлең оқиды,балаларды өлен жолдарына сәйкес қимыл жасауға үйрету.<br>**Драма**<br>Актер деген кім?<br>Мақсаты: актер туралы түсінік беру, сөздік қорын, сөйлеу мәдениетін, ойлау қабілетін дамыту, ым-ишараларды қолданып кейіпкердің бейнесін жасауды үйрету, шығармашылыққа, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.<br>**«Түсіндім» ойыны**<br>Мақсаты:Жұбыңмен ым-ишара арқылы сөйлесуге үйрету. | «Жануарлар қысқа қалай дайындалады?»<br>Мақсаты:рман жануарларының тіршілік ету қалпы туралы түсініктерін кеңейту; жабайы жануарлардың қысқа дайындықтарымен танысу. Жабайы жануарларыдң кейбір түрінің табиғат жағдайларында тіршілік етуі туралы білімдерін кеңейту. Қарапайым дербес тәжірибе іс-әрекеттерін ұйымдастыру арқылы балалардың түсініктерін дамыту. Білімге құштарлық, жануарларға махаббат сезімін тәрбиелеу<br>**Д/О:«Ойлан тап»**<br>Мақсаты: Тәрбиеші оқыған өлең жолдарын тыңдап, қай жануар жайында айтып жатқанын тауып,сол жабайы жануардың қимыл – қозғалысын салуға үйрету.<br>**Құрастыру.**<br>Мерекелік ашықхаттар<br>Мақсаты:Балалардың қағазбен жұмыс жасау дағдыларын қалып-ру, қағазды қос бүктеу, пішінінен сәйкес әшекейлей білуге және отбасына сыйлық жасау арқылы отбасына құрмет | «Қардағы іздер<br>Мақсаты:Тіс пастасын пайдаланып қардағы іздерді салуды үйрету, сурет салу дағдысын жетілдіру,тірі табиғатқа қызығушылығын арттыру, табиағатты сүюге тәрбиелеу.<br>**Сумен ойын «Едендегі іздер»**<br>Мақсаты: із туралы түсінігін қалыптастыру<br>**Музыка**<br>Ән тыңдау:<br>«Ақша қар» ( Қ.Жәленова, Е.Өміров)<br>Ән үйрену: «Жаңа жыл» (Ө. Байділдаев, Б. Ысқақов)<br>Ырғақты – қимыл қозғалыс: «Қазақ жігіттері» қимылдары<br>Мақсаты: Жыл туралы түсініктерін қалыптастыру. Табиғи дауыспен әнді таза айтуға, шығарманы сезіне білуге үйрету. Биге деген қызығушылығын арттыру.<br>**«Әуенді сағат» ойыны.**<br>Мақсаты: Үйренген ән,әуендерді есте сақтап,бекіту үшін қолданылады. Әртүрлі | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | көрсете білуге тәрбиелеу. «Еркелетіп айт» ойыны Мақсаты: Мейірімді сөздер айтуға баулу. Актерлік қабілеттерін дамыту.Кішілерге қамқор болуға тәрбиелеу. | көңіл күйдегі әуендерді кіріспесінен немесе үзіндісінен табуға машықтандырады. | |
| **IV апта** | **1.Дене шынықтыру** «Лақтан қайтадан адамға айналу үшін Иванушкаға көмек береміз!» атты спорттық мереке **Мақсаты:**Берілген тапсырмаларды тиянақты орындауға үйрету. Шапшаңдық,ептілік қабілеттерін дамыту. Бір-біріне, адамдарға көмектесуге тәрбиелеу. **Қ/О: «Кім мерген»** Мақсаты:Туннельден өтіп 1,5 м қашықтықта орналасқан шелек ішіне допты лақтыруға үйрету. Мергендік қабілеттерін арттыру. **2.Дене шынықтыру** Беткейге сатылап көтеру және түсу. **Мақсаты:** Таяқпен зырғанауды бірнеше рет қайталау. Негізгі қасиеттерді – шапшаңдық, ептілікті дамыту.Биікке сатылап көтерілу және түсу жолымен таныстыру. Суыққа төзімділікке дағдыландыру,салауатты | **Сөйлеуді дамыту** «Аязатаны біз қалай қарсы аламыз?» Мақсаты: Өз тәжірибесіне сүйене отырып,әңгімелеуге үйрету.Балалардың айтылған ойын тыңдауға және ұғынуға,әңгімеге араласып,сұрауға және сұраққа жауап беру білігін дамыту.Бір-біріне жақсылық тілеуге тәрбиелеу. Қ/О: «Кім шапшаң» Мақсаты:Шеңбер бойымен айналып жүріп, жасырын бала артына қолғап тастап кетуге үйрету. Ұсталған балаға тақпақ, өлең жолдарын айтқызуға баулу. Тілдерін дамыту. Бір-бірін тыңдауға тәрбиелеу. **Көркем әдебиет** «Қыс»Н.Аманжолов Мақсаты: Балаларда қыстың ерекшеліктері жөнінде түсінік қалыптастыру.Сөздік қорды жаңа сөздермен байыту. Балалардың | **ҚМ** Жоғарыда – төменде, Сол жақта – оң жақта Мақсаты:Санды заттың санымен сәйкестендіруге үйрету;кеңістіктік қарым-қатынастары туралы түсініктерін қалыптастыру (сол жақта,оң жақта, үстінде,алдында, ортасында); геометриялық пішіндер туралы білімін бекіту;жыл мезгілдері (қыс,көктем,жаз,күз). **Д/О: «Кім тапқыр»** Мақсаты:Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету. Оң,сол,алдында,артында ұғымдарын бекіту. **Жаратылыстану** «Құстарға қамқор боламыз» Мақсаты: өлкеде қыстап қалатын құстар туралы түсініктерін қалыптастыру. Балалардың есте сақтау қабілетін, логикалық пайымдауын, шығармашылық қиялын дамыту. «Қыстап қалатын | . **Аппликация** Шыршаны шарлармен безендіреміз **Мақсаты:** Жаңа жыл мерекесі туралы білімдерін кеңейту; шаршыдан дөңгелектерді қиюға үйрету;жұмысты соңына дейін бітіруге дағдыландыру.Тілдерін дамыту.Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. **«Қара да, айт» ойыны** Мақсаты:Дорбадан шыққан жаңажылдық ойыншық атауларын дұрыс атауға үйрету.Есте сақтау қабілетін дамыту. **Музыка** Ән тыңдау:«Жаңа жыл келді» Д.Қанатбаев, И.Нүсіпбаев) Ән үйрену: «Қыс» (Ш.Ахметов,Б. Ерзакович) Музыкалық қимыл – | **Экология негіздері.** **Тақырыбы:** «Ызғарлы қыс келді» (табиғатқа саяхат жасау) **Мақсаты:** Қыс мезгілінде қалың киініп жүруге үйрету.Қысқы табиғатты бақылап, қарапайым өзгерістерді атай білуге үйрету.Қысқы табиғат құбылыстары (қардың жауғаны, аяз) туралы түсініктерін кеңейту. **Ойын:** «Дұрыс-бұрыс» Тәрбиеші төмендегідей әрекеттерді кезекпен айтып тұрады, ал балалар дауыстап ол әрекеттің дұрыс немесе бұрыс екенін айтады. - ағаштың бұтағын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | өмір салтына тәрбиелеу.<br>**Ойын-жаттығу: «Кім жылдам».**<br>Шарты:Балалар шашырап тұрады.<br>Педагог екі рет шапалақ ұрғанда екі-екіден сапқа тұру<br>керек. Үш рет шапалақ ұрса, үшеуден сап құру керек.<br>3.**Дене шынықтыру**<br>Массаж.<br>**Мақсаты:**<br>Массаж жасауда балаларды көрсетілген нүктелерге күш салып баспауды, оларды саусақтардың жұмсақ қимылымен сылауға, ақырын ғана басып сипауға үйрету .Сылау қимылдары шеттен ортаға қарай бағытта (қолдың<br>білегінен иыққа қарай және т.б.) орындалуы қажет екенін түсіндіру.<br>**Қ/О: «Кел, билейік»**.<br>Шарты:Балаларға кішкентай қояндар таратылады, тәрбиеші үлкен қоян болады. Қояндарға би қимылдарын үйретіп, қимылдарды бір уақытта қайталауды тапсырады. | табиғатқа деген қамқорлыққа және оны құрметтеуге тәрбиелеу.<br>«Кім алысқа ұшырады?» ойыны.<br>Мақсаты:мақтаны үрлеу арқылы алысқа ұшыруға баулу. Мұқият болуға тәрбиелеу. | құстарға қамқор болу керек» деген көзқарастарын қалыптастыру.<br>**«Құстар қалай дыбыстайды?» ойыны**<br>Мақсаты: Тәрбиеші суретін көрсеткен құстардың даусын табуға үйрету. Қиналған балаларға көмектесу арқылы есте сақтау қабілетін дамыту. Жанашырлыққа тәрбиелеу. | қозғалыс: «Жұлдызбен жаттығу»<br>Би: «Джингл бэнс»<br>Мақсаты: Әнді тыңдап, сезіне білуге, ән мазмұнына әңгімелеп айтуға дағдыландыру, дыбыс биіктігі, тембірі туралы ұғымын қалыптастыру.Туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру.<br>**«Үш гүл - үш түрлі көңіл күй» ойыны**<br>Мақсаты: Көңілді, сабырлы, мұңды музыкалық шығармаларды ажырата білуге үйрету. Есту қабілеттерін дамыту, тапқырлыққа баулу.<br>**Музыка**<br>Ән тыңдау:«Шырша жыры» (Б. Бейсенова)<br>Ән үйрену:«Қыс келді» Б.Бейсенова.<br>Би қимылдары: «Аққалалар» биі<br>Мақсаты: Шығарманы аяғына дейін тыңдауға, әуен сипатын анықтай білуге баулу.<br>Аспаптарда еркін ойнап, игеруге үйрету.<br>Әуенді ойын әрекеттеріне талпындыру, көтеріңкі | сындыру,..<br>- гүлдерге су құю, ....<br>- қарт адамға күлу, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | көңіл күй сыйлау.<br>**«Бұл қай кезде болады?» ойыны.**<br>**Мақсаты:**Жыл мезгілдері туралы ән, әуендерді тыңдап, ерекшеліктерін сипаттай білуге баулу. Тыңдалған шығармадан алған өз әсерлерін әңгімелей білуге дағдыландыру.<br>**Сурет салу**<br>«Біздің әсем шыршамыз»<br>Мақсаты:жаңа жылдық шыршаның бейнесін сала білуге үйрету, шыршаның бұтақтары мен оның тікендерін көлбеу сызықпен үзіліссіз сызып салуға жаттықтыру, қосымша өз бетінше шыршаға ойыншықтар салдыру, бейнені қабылдауын дамыту, түстермен ырғақты сезіне білуге үйрету. Шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>«Кім тапқыр» ойыны<br>Мақсаты:Сиқырлы дорбадан шыққан жаңа-жылдық кейіпкерді табу. | |

**Қаңтар айы**

**Өтпелі тақырып «Бізді қоршаған әлем»**

**Мақсаты:** Сөйлеу кезінде «Табиғат әлемі» деген жалпылауыш сөзді қолдана білуге үйрету. Сөздік қорларын кеңейту, логикалық ойлауын, табиғат құбылыстарын байқағыштығын дамыту. Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстары, маусымдық өзгерістер, өсімдіктер туралы білімдерін кеңейту, жануарлар, жәндіктер мен өсімдіктердің барлық түрлерін сақтаудың қажеттілігі туралы түсініктерін қалыптастыру, табиғатпен тікелей байланысты тәжірибені игеруге, қоршаған ортаға ұқыпты қарауды және тіршілік ету ортасының маңызын түсінуге бағыттау. Мейірімділікке,табиғатты аялауға тәрбиелеу.

**Міндеттері:**

1. Сөздерді жекеше көпше түрде айтуға үйрету.

2. Табиғат әлемі туралы қысқа өлен жолдарын мәнерлеп айту, жұмбақ айту қабілеттерін дамыту.

•Ойын барысында бір-біріне көмектесуге тәрбиелеу.

| Апта | **Денсаулық-3**<br>Дене шынықтыру-3 | **Коммуникация-2,5**<br>Сөйлеуді дамыту-1<br>Көркем әдебиет-0,5<br>Драма-0,5<br>Орыс тілі-0,5 | **Таным-2,5**<br>Қарапайым математикалық -1<br>растыру- 0,5<br>Жаратылыстану - 1 | **Шығармашылық-3,5**<br>Музыка-1,5<br>Сурет-1<br>Мүсіндеу-0,5<br>Аппликация-0,5 | **Әлеумет-0,5**<br>Қоршаған ортамен танысу-0,25<br>Экология негіздері-0,25 |
|---|---|---|---|---|---|
| І апта | 1.**Дене шынықтыру**<br>Аттап өту, бұрылу<br>Мақсаты: Басқа қап киіп заттарды аттап өтуге және бұрылуға үйрету.Тепе-теңдікті сақтау дағдыларын жетілдіру, негізгі қимыл жаттығуларын орындауға қызығушылығын арттыру, денсаулығы шымыр азамат болуға тәрбиелеу.<br>**Ойын-жаттығу: «Кім жылдам».**<br>Шарты:Балалар шашырап тұрады. Педагог екі рет шапалақ | **Орыс тілі**<br>Наши друзья птицы<br>Цель занятия: Продолжать обогащать словарь детей согласно лексической теме – учить называть домашних и диких птиц на русском языке. Используя в речи подходящие по смыслу существительные, глаголы и прилагательные образовывать существительные в единстувенном и множественно числах. | **Жаратылыстану**<br>«Жабайы және үй жануарлары»<br>Мақсаты:Үй жануарлары және Қазақстан аумағында мекендейтін жабайы жануарлар туралы, үй жануарларына күтім көрсету ерекшеліктері, жабайы жануарлардың қозғалыс тәсілдері, өмір қалпы туралы түсініктерін кеңейту. Ой белсенділігін, бақылау, талдау, тұжырымдар жасау дағдыларын дамыту. Тіршілік | **Сурет салу**<br>Көңілді аққалалар<br>Мақсаты: аққала суретін салу үшін суық түстерді- көгілдір, қара көкті таңдап алу қажеттілігін үйрету. Қылқаламды әртүрлі қатты, ақырын басып, жуан, жіңішке із түсіру, дөңгелекті үзіліссіз салуға жаттықтыру, балалардың көзбен мөлшерлеуін, байқампаздығын дамыту.<br>«Аққала құрастыр» ойыны.<br>Мақсаты:Қиынды суреттерді құрастыра | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұрғанда екі-екіден сапқа тұру керек. Үш рет шапалақ ұрса, үшеуден сап құру керек.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>Беткейге сатылап көтеру және түсу.<br>**Мақсаты**:Шаңғының таяғымен зырғанауды бірнеше рет қайталау Негізгі қасиеттерді – шапшаңдық, ептілікті дамыту.Биікке сатылап көтерілу және түсу жолымен таныстыру.<br>**Қ/О: «Кім тезірек жалаушаға жетеді»**<br>Шарты: шаңғымен кедергілер арасымен өтіп, жалаушаға жету.<br>**3.Дене шынықтыру**<br>Аяқпен орындалатын жаттығулар.<br>Мақсаты: Аяқтың саусақтарымен жіпті жинау, аяқтың өкшесін айналдыру, екі аяқтың жоғары көтеру, бүгу және жазу т.б жаттығуларды жасауға үйрету.<br>**«Сылдырмақ» ойыны.**<br>Мақсаты: Сылдырмақпен әртүрлі қимылдар жасауды үйрету. | Закреплять дефференциацию согласных звуков *к-г-х.* Воспитывать бережное отношение детей к птицам<br>**Д/и: «У кого кто?»**<br>Цель: подобрать правильно существительное подходящее по смыслу.<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>Қыс қызығы<br>**Мақсаты:**Балаларды сурет бойынша әңгіме құруға үйретуді жалғастыру,балаларды анықтауыш синонимдерін жинатуға жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту. Ұйымшылдыққа, достыққа тәрбиелеу.<br>**«Қыс тақырыбына әңгіме құрастырайық»ойыны**<br>Мақсаты: тәрбиеші қыс мезгілі, оның ерекшеліктері туралы бір сөйлем әңгіме айтуды бастайды,ал балалар әңгімені әрі қарай жалғастыруға баулу.Байланыстырып сөйлей білу дағдыларын дамыту. | иелеріне ізгі қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>«Не қалай дауыстайды?» ойыны<br>Мақсаты: Жануарлардың дыбысын тауып жүрісін салуға үйрету. Ой-өрісін,есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>**ҚМ**<br>5 саны.<br>Мақсаты: 5 санымен таныстыру; нүктелерді қосу арқылы 5 санын салып үйрету;заттың орналасқан орнын сөзбен айтып үйрету. (сол жақта, оң жақта, алдында, артында);жыл мезгілдері туралы өткенді пысықтау.<br>**Д/О:«Сиқырлы қалта»**<br>Мақсаты: Заттарды қолмен ұстап, 5 -ке дейін санауға үйрету.<br>**Құрастыру**<br>Қар және аққала<br>**Мақсаты:**қағазды умаждау арқылы қар кесегін және аққаланы жасай білуге үйрету, қоршаған ортамен таныстыру, кеңістікте бейнені дұрыс орналастыра білуге үйрету, ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.<br>**Қ/О:«Кім жылдам»**<br>Мақсаты:қағаздан | отырып аққала бейнесін табуға үйрету.<br>**Музыка**<br>Ән тыңдау «Қошақан» халық әні<br>Ән салу «Төлдер» сөзі Ж.Өмірбеков муз.Б.Ғизатов<br>Би «Ұлпа қарлар биі»<br>Мақсаты : табиғаттуралы ұғымдарын кеңейту,табиғаттың сұлулығын сезінуге,оған саналы көзқарасты қалыптастыру,қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу.Ән салуға билеуге,ойынға қызығушылығын дамыту,Бұрын меңгерген дағдыларын бекіту.<br>Ойын «Анасын тап»<br>Мақсаты: әнді тыңдап,жануарлар мен төлдердің жүрісін,қимыл-қозғалысын көрсете білуге,олардың дауыс ырғақтарын ажыратып,есте сақтауға үйрету<br><br>**Мүсіндеу.**<br>Балық<br>**Мақсаты :** Балық туралы мағлұмат беру,балықтың дене құрылысы туралы білімдерін кеңейту, ермексаз кесектерінен үзу,жаншу, созу тәсілдерін қолдана | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **Драма**<br>«Түлкі мен қоян» ертегісі<br>Мақсаты: ертегі барысын, мазмұнын ұғынуға, рөлдерді түсініп ойнауға үйрету; балалардың тілін дамыту, байланыстырып сөйлеуін қалыптастыру; кейіпкерлердің іс-әрекеттері мен дауыс ырғақтарын сәйкестендіре дұрыс сөйлеуге баулу; достыққа, бірлікке баулу, адамгершілікке, мейірімділікке тәрбиелеу.<br>**Ойын: «Жануарлардың дауысын сал».**<br>Мақсаты:Жануарларды ң дауысын ұқсастырып, бір деммен айтуды үйрету. | жасалған қарларды екі топқа бөлініп жылдам жинауға үйрету. | отырып балықты мүсіндеу.Тілдерін дамыту.Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру.Табиғатты аялауға тәрбиелеу<br>«Сипаттамасына қарап таны» ойыны. Шарты: Таратылған карточканы көрсетпей онда бейнеленген нысанды сипаттап беру. Басқалар соған қарап оның не екенін табуы тиіс. Оның орнына жұмбақтарды пайдалануға да болады | |
| **II апта** | **1.Дене шынықтыру**<br>200-300 қашықтыққа зырғанау<br>**Мақсаты:**Таяқпен зырғанауды қайталау, бір қатар сапқа тұруға үйрету. Негізгі қасиеттерді – шапшаңдық, ептілікті дамыту.Қысқы | **Көркем әдебиет**<br>Жабайы аңдар<br>Мақсаты:Әңгіменің мазмұнын сурет бойынша әңгімелеуге үйрету. Жабайы аңдар туралы білімдерін кеңейту, олардың тіршілігін сипаттап, аттарын айтып, сөздік | **ҚМ**<br>«Артық», «кем», «тең» ұғымдары.<br>**Мақсаты:** 5 көлеміндегі заттарды санау қабілетін нығайту; санды заттың санымен сәйкестендіруді үйрету;бір-бірінен әртүрлі арақашықтықта орналасқан заттар тобын | **Сурет салу.**<br>Теңіздегі кит<br>Мақсаты: бояуды дұрыс таңдауға, суық және жылы түстерді ажырата білуге, ұқыпты жұмыс істеуге үйрету. Губканы дұрыс ұстау дағдысын меңгерту. Әсемдікке, әдемілікке тәрбиелеу. | **Қоршаған ортамен танысу.**<br>Қыстық киімдер<br>**Мақсаты**:<br>Қыстық киім түрлерімен (баскиім, аяққкиім,сырт киім) таныстыра отырып,ұл бала мен қыз баланың қыстық киімдерін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойындарға қызығушылығын арттыру. Суыққа төзімділікке тәрбиелеу.<br>**Қ/О:«Торғайлар мен автомобиль»**<br>Мақсаты; Ұшу және жүгіру қозғалыстарын шапшаң орындауға баулу.<br>2.**Дене шынықтыру**<br>Шаңғымен зырғанап адымдауды үйрету<br>**Мақсаты:** Оңға және солға адымдап жүрумен таныстыру; Бір орында тұрып, аяқты аустырып басып бұрылуды қайталау**.** Негізгі қасиеттерді – шапшаңдық, ептілікті дамыту.Қысқы ойындарға қызығушылығын арттыру. Суыққа төзімділікке тәрбиелеу.<br>**Қ/О:« Ит пен қоян “**<br>**Мақсаты:** Шапшаңдыққа, ептілікке баулу. Ойын ережесін бұзбауға үйрету.<br>3.**Дене шынықтыру**<br>Шаңғымен адымдап жүру.<br>**Мақсаты**:Бір қатар сапқа тұруға үйрету. Негізгі қасиеттерді – шапшаңдық, ептілікті дамыту.Шаңғымен нық | қорын байыту. Оларды қорғауға, қамқор болуға тәрбиелеу.<br>**Ойын: «Жануарлардың дауысын сал».**<br>Мақсаты:Жануарлар дың дауысын ұқсастырып, бір деммен айтуды үйрету.<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>«Екі сараң қонжық» венгр халық ауыз ертегісін сахналау.<br>**Мақсаты:** Ертегі желісін өз сөзімен жеткізу біліктілігін жетілдіру. Бауырмалдыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.<br>Балаларды таныс әдеби шығармаларды сахналауға атсалысуға ұмтылдыру, ондағы кейіпкерлер бейнесін еркін түрде көркем шеберлікпен сомдай білу білігін дамыту.<br>**«Бұл ненің ізі?» ойыны**<br>Мақсаты: Жабайы аңдардың ізін шатастырмай табуға баулу. Бір-біріне жұмбақ жасыруға үйрету. | теңестіруді үйрету; айналадағы заттардың сұлбасынан геометриялық пішіндерді көре білуге үйрету; «алдында», «үстінде», «астында», «артында» түсініктерін бекіту.<br>**Д/О: «Кім тапқыр»**<br>Мақсаты:Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету. Оң,сол,алдында,артында ұғымдарын бекіту.<br>**Жаратылыстану**<br>«Жабайы жануарлардың қысқы тіршілігі»<br>Мақсаты:Жабайы жануарлардың сыртқы түрі мен тіршілік қалпы туралы түсініктерін кеңейту. Жанды табиғатқа қызығушылықтарын, бастамаларын, жауапкершіліктерін қалыптастыру. Көзбен қабылдау,фонематикалық есту қабілетін, есте сақтау қабілетін, зейінін дамыту.<br>Құрдастарының жауаптарын тыңдай білуге және жануарларға қамқорлық көрсете білуге тәрбиелеу.<br>**Қ/О: «Көлеңке»**<br>Мақсаты:Шеңбер бойымен өлең жолдарын айта жүріп, жабайы | **«Кім епті?»ойыны.**<br>Мақсаты:Магнитті қармақпен біртіндеп балықтарды аулауға үйрету.<br>**Музыка**<br>Ән тыңдау «Қоңыр аю қорбаңбай» муз.Б.Дәлденбаев<br>Ән салу «Сұр қоян» муз.Қ.Қуатбаев<br>Музыкалық ырғақты қимыл «Аю» Т.Ломова<br>Мақсаты : Музыканы тыңдап жуан-жіңішке дыбыстарды ажыратуға баулу,інді мінерлеп айтуға үйрету,музыкалық шығармаларға қызығушылығын тудыру.<br>Ойын «Қарағайлы ормандағы аю» Мақсаты: жануарлар дыбысын салуға үйрету,жылдамдыққа баулу<br>**Музыка**<br>Ән тыңдау «Қоңыр аю қорбаңбай» муз.Б.Дәлденбаев<br>Ән салу «Сұр қоян» муз.Қ.Қуатбаев<br>Музыкалық ырғақты қимыл :«Аю» Т.Ломова<br>**Мақсаты :** Музыканы тыңдап жуан-жіңішке дыбыстарды ажыратуға баулу,інді мінерлеп айтуға үйрету,музыкалық | ажырата білуге үйрету. Өз-өзіне қызмет етудің қарапайым дағдыларын меңгерту. Ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br>**«Тігінші» ойыны.**<br>Шарты:Бірнеше матаның қиықтарын алып, қайсысынан қандай киім тігуге болатындығын тауып,суретте бейнеленген киімнің тұсына қою.Мысалы: қалың жемпірдің суретінің тұсына тоқыма жіпті қояды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | адымдап жүруге үйрету.Суыққа төзімділікке тәрбиелеу.<br>**Қ/О:« Аңшылар мен қояндар »**<br>**Мақсаты:** Балаларды қоян болып секіруге, аңшыдан қорғануға үйрету. | | жануарлардың қимыл-қозғалысын салуға үйрету. Шатасқан балаларға құрметпен карауға тәрбиелеу. | шығармаларға қызығушылығын тудыру.<br>**Ойын «Қарағайлы ормандағы аю»** Мақсаты: жануарлар дыбысын салуға үйрету,жылдамдыққа баулу<br>**Аппликация**<br>Ақшақар<br>Мақсаты:Қоршаған орта мен қыс туралы түсініктерін кеңейту; шаршыдан дөңгелектерді қиюды үйрету;қайшымен және желіммен жұмыс істеу дағдыларын меңгерту және бекіту. Тілдерін дамыту. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру.Табиғатты аялауға тәрбиелеу.<br>«Ақшақар құрастыр» ойыны.<br>Мақсаты:Қиынды суреттерді құрастыра отырып ақшақар бейнесін табуға үйрету. | |
| **ІІІ апта** | 1.**Дене шынықтыру**<br>«Жыланша» ирелеңдеп жүру<br>**Мақсаты:** Қозғалыс бағытын өзгертіп жүру және «жыланша» ирелеңдеп жүруге үйрету.<br>Аңғарымпаздыққа тәрбиелеу. | **Сөйлеуді дамыту.**<br>Электротехникалық тұрмыстық заттар<br>**Мақсаты:**Тұрмыста кеңінен қолданатын электротехникалық заттар тоңазытқыш және шаңсорғыш туралы<br>білімін кеңейту. | **ҚМ**<br>1-ден 5-ке дейінгі реттік санау.<br>Мақсаты:5 саны көлемінде реттік санау,сандық және реттік санауды айыра білу, «қанша?» «нешінші?» сұрақтарына дұрыс жауап беру;қағаз бетінде | **Сурет салу**<br>Қысқы көрініс<br>Мақсаты:көрініс, көкжиек, кеңістік туралы түсініктерін бекту, суретке байланысты жағымды көңіл күй туындату,<br>мазмұнын нақты жасауды, қылқаламның толық | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **« Қаздар »**<br>**Мақсаты:** Балалардың музыкалық есту қабілетін дамыту және қаздардың тіршілігімен таныстыру.<br>2.**Дене шынықтыру**<br>Ішімен еңбектеу<br>**Мақсаты:**<br>Гимнастикалық орындықта қолдарымен тартылу арқылы ішімен еңбектеуге үйрету. Қимылды ойындарға қызығушылықтарын арттыру.Шапшаң қимылдауға тәрбиелеу.<br>« Күн мен түн » №8<br>Мақсаты: Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, ажыратуға баулу.<br>3.**Дене шынықтыру**<br>Шанамен бір-бірін сырғанату<br>**Мақсаты:**Шанамен бір-бірін кезектесіп сырғанауға үйрету. ЖДЖ жасау барысында бірге қимылдауға дағдыландыру.Бір-біріне көмектесуге тәрбиелеу.<br>**Қ/О: «Кім жылдам»**<br>Мақсаты:<br>Кішкентайларды шанағы отырғызып, кедергілер арасымен жүруге үйрету.Кішілерге қамқор болуға тәрбиелеу. | Балалардың мінез-құлқында қарапайым әдеп ережелерін бекіту. Сыпайлық дағдыларын қалыптастыру.Заттарға ұқыпты, адамдар еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу.<br>**«Менің үйімдегі заттар» ойыны**<br>Мақсаты: Тәрбиеші сиқырлы таяқшаны бір балаға беру арқылы, таяқшаны алған бала үйіндегі тұрмысқа қажетті тұрмыстық заттарды, оның қызметі мен қажеттілігі туралы айтып беруге үйрету. Сөздік қорын дамыту.<br>**Орыс тілі**<br>В мире животных<br>Цель занятия: Учить говорить слова и фразы по новой теме, правильно использовать обобщающие слова, упражнять в подборе прилагательных. Закреплять правильное произношение согласных звуков *м,г,х.* Воспитывать наблюдательность, любознательность, трудолюбие и бережное отношение к животное.<br>**Д/и: «Один-много»** | бағдарлауға үйрету;заттардың арасынан геометриялық пішіндерді таба білуге үйрету;5 затты ұзындығына қарай сәйкестендіру,заттарды ұзындығының кемуіне және өсуіне қарай бір қатарға орналастыру.(заттың ішінен ең ұзынын (қысқасын) алу керек деген ережені ұстану керек.<br>**Д\О «Сипап сезу арқылы санау»**<br>Мақсаты: сипап сезу арқылы санауға,заттар тобын салыстыруға үйрету,санау дағдыларын бекіту.<br>**Жаратылыстану**<br>«Төрт түлік»<br>**Мақсаты:** Қазақстанда қолда өсірілетін түлік түрлері, үй жануарларына күтім жасау, олардың тіршілік қалпы туралы түсініктерін кеңейту. Құрдастарымен және ересектермен еркін қарымқатынас барысында танымдық-зерттеушілік іс-әрекет дағдыларын дамыту. Жануарларға қамқор көзқарас, өзгелерге көмектесуге әзірлік, | ұшымен, жеңіл сүйкей жағу тәсілімен оңнан солға қарай бояуға дағдыландыру. Сурет салуда қылқаламмен жұмыс жүргізудің әдіс-тәсіліне көңіл бөлу, жыл мезгілінің ерекшелігін сезіне білуге тәрбиелеу.<br>**Қ/О:«Қысқы ауа-райы»**<br>Мақсаты: Тәрбиеші ауа-райының құбылыстарын айтады, балалар тауып қимылмен көрсетуге үйрету.Асықпай ойланып жауап беруге тәрбиелеу.<br>.<br>**Музыка**<br>Ән тыңдау «Құстар жем шоқиды» Т.Ломова<br>Ән салу «Бозторғай» сөзі А.Асылбеков муз.Е.Құсайынов<br>Музыкалық ырғақты қимыл : «Шөжелерім»<br>**Мақсаты :** Әуеннің ырғақ екпінін сезіне білуге,салыстыруға,әуенге сай қозғалуға дағдыландыру,әнді көңілді ашық дауыспен орындауға үйрету<br>**Ойын** «Не қалай дыбыстайды?»<br>**Мақсаты**: құстардың дыбысын ажыратуға салуға үйрету. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Цель: назвать во множественном числе именем существительным.<br>**Драма**<br>Біз достықты сүйеміз.<br>Мақсаты: Театрлық іс-әрекетте ертегілерді пайдалана отырып баланың ойөрісін дамыту, сөйлеу қабілеттерін жан-жақты жетілдіру, өзінің қимылын музыка ырғағына қарай сәйкестендіре білуге үйрету; балаларға театр, әртістік өнер, сахналау, қойылым, сахна туралы түсінік беріп, қызығушылығын ояту, бірлікке, достыққа тәрбиелеу.<br>**Ойын: «Досыма сыйлық»**<br>Мақсаты: балаларды шеңбер бойына жинап, бір баланы ортаға шығарып, қимыл мен ым-ишара арқылы досына сыйлық сыйлауға үйрету. | туған өлкенің табиғатына сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу.<br>**«Кім қалай әндетеді?» саусақ ойыны**<br>Мақсаты: Саусақтарын қимылдата отырып жануарлардың дыбысын салуға үйрету. Есте сақтау қабілетін дамыту.<br>**Құрастыру**<br>Аққала<br>Мақсаты: Жіппен жұмыс жасай білуге үйрету, қиылған жіптерден аққаланың бейнесін жасауда саусақ қимыл-қозғалыстарын дамыту, ұқыпты жұмыс істей білуге тәрбиелеу.<br>**«Қайсысы артық?» Д/О.** Мақсаты: Ойын барысында қай бала зерек болғанын анықтау. Суреттерден артық суретті тауып есте сақтау қабілеттерін дамыту. Бір-бірін тыңдауға тәрбиелеу. | **Мүсіндеу**<br>Аққала<br>Мақсаты:Ермексазды алақанға салып айналдырып, әртүрлі көлемдегі домалақтар жасау және оларды өзара біріктіруді үйрету;аққала жасауда әр түрлі материалдарды қолдана білуге баулу, табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру, табиғатты аялауға тәрбиелеу.<br>**Д/О: «Аққала»**<br>Мақсаты:қиылған түрлі дөңгелектерден үстел бетінде ойланып аққала құрастыруға үйрету. | |
| **IV апта** | 1.**Дене шынықтыру**<br>Мұзды жолдармен өздігінен сырғанау<br>**Мақсаты:**Мұзды жолдармен өздігінен сырғанауға үйрету. Қауіпсіздік ережелерін | **Көркем әдебиет**<br>«Бұл қай кезде болады?»<br>Мақсаты:Жылдың төрт мезгіліндегі құбылысты салыстыру және айыра | **ҚМ**<br>Сан мен санды сәйкестендіру<br>**Мақсаты:**Реттік санауды үйрету, «қанша?», | **Сурет салу**<br>Ақ қоян<br>Мақсаты:Үздіксіз сызықтарды қосу арқылы қоян бейнесін жасауға үйрету. Балалардың үлгі бойынша | **Экология негіздері**<br>Шырша мен балқарағай<br>**Мақсаты**:Қылқанжапырақты өсімдік шырша туралы түсінігін бекіту. Балқарағаймен таныстыра |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сақтауға дағдыландыру. Бір-біріне көмектесуге тәрбиелеу.<br>**«Торғайлар мен автомобиль» Қ/О**<br>Мақсаты: жылдамдыққа үйрету, қыс мезгіліндегі құстар өмірі туралы түсіндіру.<br>2.**Дене шынықтыру**<br>Жүзу<br>**Мақсаты:** Балалардың суда жүзіп жүрген суреттерін көрсете отырып, жүзу туралы түсінік беру.Есте сақтау қабілеттерін дамыту.Бір-бірінің ойын тыңдауға тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын «Көңілді маймылдар»**<br>Мақсаты: балаларға еркіндік бере отырып тыңдауға,тәртіпке шақыру арқылы шыдамдылыққа, бірлесе қимылдауға үйрету.<br>3.**Дене шынықтыру**<br>Құрсауларды домалату<br>**Мақсаты:** Бір-біріне құрсауларды домалатуға үйрету.Мергендік қабілеттерін дамыту. Кезектесіп құрсауды домалатуға тәрбиелеу.<br>**Қ/О: «Пингвиндер»**<br>Мақсаты: Пингвиндер секілді секіріп кедергілер арасымен жүруге үйрету. | білу;Қоршаған ортаға деген сүйіспеншіліктерін арттыру; Табиғатты қорғауға тәрбиелеу.<br>**«Тез көрсет» ойыны**<br>Мақсаты:балалардың жыл мезгілі туралы білімдерін арттыру,оларды суреттен тани білуге үйрету.<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>Үй жануарлары<br>**Мақсаты:** Балалардың үй жануары мен олардың төлдерін білдіретін сөздерді қолдана отырып, жануарлар туралы айту білігін бекіту.Сөйлем құрату арқылы ауызекі сөйлеу тілдерін дамыту. Жануарларға қамқорлық сезімдерін ояту.<br>**Ойын: «Төлдерімізді табамыз».**<br>Мақсаты: Үй жануарларының төлдерін ажыратуды және жекеше, көпше түрде айтуды үйрету. | «нешінші?» сұрақтарына дұрыс жауап беруге үйрету;математикалық жұмбақтарды шешуді үйрету;санның заттардың кеңістікте орналасуына қатысы жоқтығын түсіну;заттың саны сандармен сәйкестендіруді үйрету;заттардың сұлбасынан геометриялық фигураларды табу.<br>**Д/О: «Ойланамыз»**<br>Мақсаты: Бір, екі,үш,төрт сандар туралы жұмбақ жасыру арқылы ойланып жауап беруге үйрету.<br>**Жаратылыстану**<br>Жанды табиғат бұрышын мекендеушілер<br>**Мақсаты:** Жанды табиғат бұрышын мекендеушілердің тіршілігін бақылай білуді, оларға қамқорлық көрсетуді үйрету. Ой белсенділігін, бақылау, талдау, ой-тұжырымдар жасау дағдыла рын дамыту. Қоршаған ортаға ізгі көзқарасты тәрбиелеу.<br>**Д/О: «Жақсы-жаман».**<br>Шарты: 1.Қоянды байлап қойдық. Жақсы ма әлде жаман ба? 2. Мысықпен | бейнелік сипатты әңгіме құруға үйрету.Балалардың тілдік қорын дамыту,байыту.<br>Тіс пастасымен ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу.<br>**«Сөйлемді аяқта» ойыны**<br>Мақсаты: Тәрбиеші жабайы аңдардың бейнесі бейнеленген суреттерді көрсетіп, сөздерді аяқтап, қайталауды ұсынуға үйрету.<br>(Кірпі тікенекті, қоян мамықтай..)<br>**Музыка**<br>Ән тыңдау «Зырлайды шанамыз» муз.Д.Мацуцин сөзіҚ.Ыдырысов<br>Ән салу «Ақша қар» муз.Қ.Қуатбаев сөзіҚ.Ыдырысов<br>Музыкалық ырғақты қимыл : «Шана тебеміз»<br>**Мақсаты :** музыканы тыңдап,ырғақты сезіне білуге баулу,Әнді мәнерлеп айтуға үйрету,дауыс ырғақтарын дамыту.Қыс мезгілі туралы түсініктерін жетілдіру.<br>Ойын «Бұл қай кезде болады?»<br>Мақсаты: жыл мезгілдері туралы әндерді тыңдап ерекшеліктерін сиипаттауға | отырып, оның шыршадан және басқа ағаштардан айырмашылы ғын байқап, сипаттап бере білуге үйрету.<br>Қазақстанның табиғи байлығын сақтау үшін адамдардың мінез-құлық ережелерін түсінуге үйрету. табиғатқа қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.<br>**Қарағай бүрлерімен саусақтарға массаж жасау.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Байқағыштық қабілетін дамыту. | | ол бізді тырналағанша ойнаймыз. Жақсы ма әлде жаман ба? | үйрету,шығармадан алған әсерлерін әңгімелеуге дағдыландыру.<br>**Музыка**<br>Ән тыңдау «Зырлайды шанамыз» муз.Д.Мацуцин сөзіҚ.Ыдырысов<br>Ән салу «Ақша қар» муз.Қ.Қуатбаев сөзіҚ.Ыдырысов<br>Музыкалық ырғақты қимыл «Шана тебеміз»<br>Мақсаты: музыканы тыңдап,ырғақты сезіне білуге баулу,Әнді мәнерлеп айтуға үйрету,дауыс ырғақтарын дамыту.Қыс мезгілі туралы түсініктерін жетілдіру.<br>**Ойын «Бұл қай кезде болады?»**<br>Мақсаты: жыл мезгілдері туралы әндерді тыңдап ерекшеліктерін сиипаттауға үйрету,шығармадан алған әсерлерін әңгімелеу.<br>**Аппликация.**<br>Қар жауды<br>**Мақсаты:** Қыс туралы түсініктерін кеңейту; ақ түсті қағаздан дөңгелектерді қиюды үйрету;қайшымен және желіммен жұмыс істеу дағдыларын меңгерту және бекіту. | |

**Ақпан айы**

**Өтпелі тақырып «Біз және қоршаған орта»**

**Мақсаты:** Табиғатпен таныстыру, экологиялық тәрбие, тіршілік әрекетінің қауіпсіздік негіздерін қалыптастыру, адамдар және олардың мамандықтарымен таныстыру. Үлкендердің еңбегін құрметтей білуге тәрбиелеу.

**Міндеттері:**

1. Көлік түрлерінің адамға қажеттілігіне назар аударту.
2. Танымдық қабілеттерін, байқағыштығын дамыту.
3. Жалпылауыш сөзді қолдана білуге баулу.

| Апта | Денсаулық-3<br>Дене шынықтыру-3 | Коммуникация-2,5<br>Сөйлеуді дамыту-1<br>Көркем әдебиет-0,5<br>Драма-0,5<br>Орыс тілі-0,5 | Таным-2,5<br>Қарапайым математикалық -1<br>Құрастыру- 0,5<br>Жаратылыстану - 1 | Шығармашылық-3,5<br>Музыка-1,5<br>Сурет-1<br>Мүсіндеу-0,5<br>Аппликация-0,5 | Әлеумет-0,5<br>Қоршаған ортамен танысу-0,25<br>Экология негіздері-0,25 |
|---|---|---|---|---|---|
| І апта | **1.Дене шынықтыру**<br>Жоғары секіру<br>**Мақсаты:**Затты жанау арқылы орнынан жоғары секіруге үйрету.Шапшаңдық, ептілік қабілеттерін дамыту.<br>**Ойын: «Кім мерген»**<br>Шарты: Екі шығыршық қойылады. Балалар екіге бөлініп 8-10м қашықтықта тұрады.Тәрбиешінің белгісі бойынша шығыршық ішіне қағаздан жасалған қар кесектерін шеңбер ішіне лақтырады, көп қар есектерін лақтырған топ жеңіске жетеді.<br>2.**Дене шынықтыру** | **Сөйлеуді дамыту**<br>Тәулік бөліктері<br>**Мақсаты:** Тәулік бөліктерін атауға үйрету(таңертең, күндіз, кеш, түн). Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру, зейінін дамыту.Уақытты үнемдеуге тәрбиелеу.<br>**Д/О №18: Зейінді бол!**<br>Мақсаты: Тәулік бөліктерін айыруға үйрету, зейінді дамыту.<br>**Орыс тілі**<br>Транспорт<br>**Цель занятия:**<br>Учить отвечать на вопросы полным предложением,согласовывать существительные | **Жаратылыстану**<br>Аквариумдағы балықтар<br>Мақсаты: Жанды табиғат бұрышын мекендеушілер туралы түсініктерін кеңейту. Қарапайым дербес тәжірибе іс-әрекеттерін ұйымдастыру арқылы балалардың түсініктерін дамыту. Табиғатқа, тіршілік иелеріне қамқорлықпен карауға тәрбиелеу.<br>**«Балық аулау» ойыны**<br>Мақсаты: саусақ қимылдарын дамыту, балықтар өміріне қызығушылығын тудыру.<br>**ҚМ**<br>Тәулік бөліктері:таңертең, күндіз, кеш,түн | **Сурет салу**<br>Шана<br>**Мақсаты:** Үлгі бойынша заттық сурет салуда, шананың суретін салуда балалардың сызықтарды үйлестіре отырып бейнелеу дағдыларын қалыптастыру; түзу сызықтар сыза білуге, іскерлікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Ойын:** «Дұрыс ата»<br>**Шарты:** Тәрбиеші қысқы ойындар суретін көрсетеді, балалар нақты және дұрыс жауап беруін | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Шаналармен төбешікке көтерілу.<br>**Мақсаты:** Шаналарын итеріп төбешікке көтерілуге үйрету. Жылдамдық қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын: «Кім бірінші»**<br>Шарты: 15-20 м қашықтыққа жалауша тігіледі.Бір бала шанаға отырады, екіншісі оны жалаушаға дейін сүйрейді.Жалаушаға жеткен соң орындарын ауыстырады.<br>3.**Дене шынықтыру**<br>Шанамен төбешіктен түскенде тежеу.<br>**Мақсаты:** Шанамен төбешіктен түскенде тежеуге үйрету. Байқампаздық қабілеттерін арттыру.<br>**Қимылдық ойын**: «Аққала жасау»<br>**Мақсаты:** Балаларға қардың жабысқақтығын айтып қарды домалақтау әдісін көрсете түсіндіру. | с прилагательными в роде,числе,падеже.Упражнять в усвоении глагола «ехать» с различными приставками. Совершенствовать звукопроизношение. Воспитывать коммуникативные навыки, уважение к труду взрослых.<br>**Д/и: «Поставь у гаража транспорт такого же цвета»**<br>Цель: ребенок при помощи цветног трафарета должен найти ему нужное место.<br>**Драма**<br>Театр әлемі (театрландырылған ойын)<br>Мақсаты:балалардың театр және оның ерекшелігі туралы түсініктерін қалыптастыру; өз сезімін ым-ишара, тағы басқа көріністер арқылы бере білуге үйрету; театрландырылған ойындар арқылы балалардың ой-өрісін кеңейту; баланың қиялын, есте сақтауын, шығармашылық қабілетін дамыту, театрлық іс-әрекетті, | Мақсаты: Заттарды санымен сәйкестендіру; санның заттың көлеміне бағынбайтынын түсіндіру; 5 саны көлемінде санау қабілетін арттыру,сандық және реттік санауды бір-бірінен ажырату, «қанша?», «нешінші?» сұрақтарына дұрыс жауап беру; заттардың айырмашылығы мен ұқсастығын таба отырып,ені бойынша салыстыру және сол белгілері арқылы біріктіру;<br>**«Сөйлемді аяқта» ойыны.**<br>Мақсаты:Тәулік бөліктерін ажыратуға үйрету.<br>**Құрастыру**<br>Құс<br>Мақсаты:Балаларға қағазды умаждау арқылы құстың бейнесін жасай білуге, умажданған қағазды белгіленген жерге дұрыс орналастыра алуға үйрету.Ұқыпты жұмыс жасай білуге дағдыландыру. Құстарға қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.<br>**Ойын: «Мекенін тап»**<br>Мақсаты: құстардың мекенін тауып орналастыруға үйрету | қадағалайды.<br>**Музыка**<br>Ән тыңдау «Біз шадыман баламыз» муз.Ә.Бейсеуов сөзі С.Қалиев<br>Ән салу «Қар жауып тұр далада» муз.Ә.Қонысбеков сөзіҰ.Қонысбеков<br>Музыкалық ырғақты қимыл : «Қар жауады»<br>Мақсаты : әуенді соңына дейін тыңдауға,таныс әуендерді ажырата білуге,әнді жеңіл әндете айтуға үйрету,жыл мезгілдері туралы түсініктерін жетілдіру.<br>Ойын «Бұл қай кезде болады?»<br>Мақсаты: жыл мезгілдері туралы әндерді тыңдап ерекшеліктерін сипаттауға үйрету,шығармадан алған әсерлерін әңгімелеуге дағдыландыру.<br>**Мүсіндеу**<br>Әдемі торғай<br>Мақсаты : Құстың бөлшектерін дайындап, бөлшектерді бір бірімен біріктіре алуды үйрету: құстар туралы | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ертегілерді пайдалана отырып ойын дамыту; мейірімді, адал, шыншыл болуға тәрбиелеу<br>**«Көрермендер қандай ережелерді білуі керек?» ойыны**<br>Мақсаты: Тәрбиеші қойған сұраққа ойланып жауап беруге үйрету.Сөздік қорларын дамыту. | | білімдерін дамыту, саусақ икемділіктерін арттыру, тілдерін дамыту. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Балаларды құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br>**Д/О: «Не қалай** дыбыстайды?»<br>Мақсаты:Құстардың дауысын салуға үйрету.Бір-біріне көмектесуге тәрбиелеу | |
| **II апта** | **1.Дене шынықтыру**<br>Бірінің артынан бірі<br>**Мақсаты:** Шаңғымен бірінің артынан бірі сырғымалы қадаммен жүруді үйрету. Жылдамдық қабілеттерін арттыру.<br>***Қ/о: «Алақан соқпақ»***<br>**Мақсаты**: балаларды ұйымшылдыққа, татулыққа тәрбиелеу және сөздік қорларын молайту.<br>2.**Дене шынықтыру**<br>Төбешікке қосалқы қадаммен, қырымен көтерілу<br>**Мақсаты:** Шаңғымен төбешікке қосалқы қадаммен, қырымен көтерілуге үйрету. Жылдамдық қабілеттерін арттыру.<br>**Қ/О:** «Сырғанақ тебу». | **Көркем әдебиет**<br>«Құмырсқа мен көгершін»<br>**Мақсаты:**Әңгіменің мазмұнын түсіну; Сұрақтарға жауап беру арқылы өз ойларын жеткізе білу; Жақсылық жасауға тәрбиелеу<br>**Д/О:«Пайдасымен зияны»**<br>Мақсаты:Балаларға жәндіктердің пайдасы мен зиянын үйрету.<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>Киим<br>**Мақсаты:**«Киім» деген жалпылауыш сөзді қолдана білуге үйрету. Киімдердің бөлшектерін атап және ажырата білуге үйрету. Логикалық ойлауын дамыту. | **ҚМ**<br>Шар,текше, цилиндр<br>Мақсаты:үлгі бойынша санауды және сонша зат шығаруды үйрету; екі топтағы заттарды салыстырып үйрену, санды заттың санымен сәйкестендіруді үйрету; «алдымен», «кейін» ұғымдарын айыра білуге,оларды дұрыс қолдана білуге үйрету, шеңбер,сопақша, тіктөртбұрыш шаршы сынды геометриялық фигуралар туралы өткенді пысықтау;Шар,текше, цилиндр сынды пішіндермен таныстыру.<br>**Д/О: «бірінші,кейін»**<br>Мақсаты:бірінші және кейін болатын жағдайды айыруға үйрету. | **Сурет салу**<br>Қысқы табиғаттағы шыршалар.<br>Мақсаты: Қырау жапқан әртүрлі ағаштардың суретін салуға үйрету, аралас техникамен жұмыс істеуге баулу, түрлі бейнелеу құралдарымен жұмыс істеу. Алыс және жақын орналасқан шыршалардың бейнесін салуды үйрету. Табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімдерге тәрбиелеу.<br>**«Ақшақар» ойыны**<br>Мақсаты: Сөйлеу ты-нысын дамыту, бірқа-лыпты және ұзақ дем шығара білуді (ауаны ауызға тол-тырмай) | **Қоршаған ортамен танысу**<br>Көлік түрлері<br>**Мақсаты:**Өздеріне таныс көлік түрлерін салыстырып, ажыратып айтып беруге үйрету. Әртүрлі көлік құралдарының түрлі мамандық иелері туралы білімін кеңейту. Олардың еңбегін бағалауға, құрметпен карауға тәрбиелеу.<br>«Доп» ойыны<br>Шарты:Балалар шеңберге тұрады,тәрбиеші «жер» (су,аспан)деп |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Мақсаты:**<br>Балаларды ұйымшыл тату ойнауға, шанамен ойнауға шақыру, таудан төмен сырғанау әдісін үйрету.<br>3.**Дене шынықтыру**<br>Секіру<br>**Мақсаты:** Бір орында тұрып оңға, солға бұрылып секіруді үйрету.<br>Жылдамдық қабілеттерін арттыру.<br>***Қ/о:«Тышқан мен мысық»***<br>**Мақсаты:**балаларды шапшаң әрі шыдамды, ұйымшылдыққа үйрету. | Коммммуникативті дағдыларын дамыту.<br>Ойын – тапсырмалар арқылы балаларды өз бетінше жұмыс істеуге тәрбиелеу.<br>**«Шкафта не жасырылған?» ойыны.**<br>Мақсаты:Киімдерді ажырата білуге үйрету. | **Жаратылыстану**<br>Жануарларға күтімді қалай жасау қажет?<br>Мақсаты: Балаларды жанды табиғат бұрышындағы жануарларға күтім жасауға қатыстыру. Қолынан келгенше еңбек ету дағдыларын қалыптастыру. Қарапайым жаратылыстану ғылымдық түсініктерін дамыту. Құрдастарының жауаптарын тыңдай білуге және жануарларға қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.<br>**«Жақсы-жаман» Д/О**<br>Мақсаты: Сурет көрсету арқылы жақсы және жаман әдеттерді айыруға үйрету.<br>. | қалыптастыру.<br>**Музыка**<br>Ән тыңдау «Көліктер дауысы»<br>Ән салу «Ойыншықтар» муз.И.Нүсіпбаев сөзі Н.Әлімқұлов<br>Музыкалық ырғақты қимыл «Қуыршақпен билейміз»<br>Мақсаты : әуенді соңына дейін тыңдауға дағдыландыру,музыкалық қабілеттерін жетілдіру, әуенге сай қимылдауға үйрету.<br>Ойын «Пойыз»<br>Мақсаты: әуенге сай жылдам және ақырын қозғалуға үйрету.<br>**Музыка**<br>Ән тыңдау «Көліктер дауысы»<br>Ән салу «Ойыншықтар» муз.И.Нүсіпбаев сөзі Н.Әлімқұлов<br>Музыкалық ырғақты қимыл : «Қуыршақпен билейміз»<br>Мақсаты : әуенді соңына дейін тыңдауға дағдыландыру,музыкалық қабілеттерін жетілдіру, әуенге сай қимылдауға үйрету.<br>Ойын «Пойыз»<br>Мақсаты: әуенге сай | балаға доп лақтырады,бала жерде т.б (суда, аспанда) жүретін көлік түрін атайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | жылдам және ақырын қозғалуға үйрету.<br>**Аппликация**<br>Аққала балаларда қонақта<br>Мақсаты:Балалардың қыс мезгілі және оның ерекшеліктері туралы түсініктерін бекіте отырып, ойлау және есте сақтау қабілеттерін арттыру.Аққаланы құрастыруға, оны ұжыммен бірге желімдеуге үйрету. Адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынас арқылы еңбек сүйгіштікке, татулыққа, бірлікке тәрбиелеу.<br>**Д/О: «Бұл не?»** | |
| **III апта** | **1.Дене шынықтыру**<br>Хоккей<br>**Мақсаты:** Хоккей ойнап жатқан балалардың суреттерін көрсетіп хоккей туралы түсінік беру. Ойын барысында бір-бірін итермей, ойын шартын бұзбауға үйрету.<br>**Ойын: «Хоккей»**<br>Шарты: Балалар екі командаға бөлінеді, дәлізде хоккей ойынын ойнайды.<br>2.**Дене шынықтыру** | **Сөйлеуді дамыту.**<br>Өмір қауіпсіздігі.<br>**Мақсаты:** Өмір қауіпсіздігі ережелерін сақтауға ,қауіпті жағдайға кез бола қалған жағдайда өзін ұстай білуге үйрету.Қауіпті жағдайда өзін ұстай білуге үйрету.Қауіпті жағдайға туғызу мүмкін заттар мен құбылыстар туралы түсініктерін кеңейту. | **ҚМ**<br>Қанша? Реті бойынша нешінші?<br>Мақсаты: реттік санауды жалғастыру (5 саны көлемінде), сандық және реттік санауды ажырата алу, «қанша?» және «нешінші?» сұрақтарына дұрыс жауап беруді үйрету. Дөңгелек, шаршы, үшбұрыш, сопақша, тіктөртбұрыш сияқты геометриялық пішіндер | **Сурет салу**<br>Аквариумдағы балықтар<br>**Мақсаты:** аквариумдағы балықтардың ерекшеліктерін білуге, сурет салғанда бір бояудың үстіне екінші бояуды жағуға үйрету; композиция құра білу дағдыларын қалыптастыру, қиялын дамыту; бейнелерді | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жүгіріп келіп ұзындықа секіру<br>Мақсаты: Жүгіріп келіп ұзындыққа секіруге үйрету.Ойын барысында бір-бірін итермей, ойын шартын бұзбауға үйрету.<br>**Қ/о: «Аю»**<br>Мақсаты:Балаларды ұйымшылдыққа, алғырлыққа баулу.<br>3.**Дене шынықтыру**<br>Жүгіру<br>Мақсаты: Түрлі бағытта бытырап жүгіру, бір-бірден, жұппен жүгіру қабілеттерін қалыптастыру. Ойын барысында бір-бірін итермей, ойын шартын бұзбауға үйрету.<br>***Қ/О: «Аңшылар мен қояндар»***<br>**Мақсаты:** балаларды шапшаңдыққа, жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу. | Ұқыптылыққа, ептілікке, қырағылыққа тәрбиелеу.<br>**«Сиқырлы қорап» ойыны**<br>Мақсаты:Қораптың ішіндегі суретте бейнеленген қауіпті және қауіпсіз жағдайларды екіге бөліп жинауға үйрету. Ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>**Орыс тілі**<br>Профессии<br>**Цель занятия:** Совершенствовать звукопроизношение; развивать фонематическое восприятие, память, словесно-логическое мышление; воспитывать коммуникативные навыки, уважение к труду взрослых<br>**Д/И «Говори правильно»**<br>Цель:учись правильно называть профессии на русском языке.<br>**Драма**<br>Қолғап театры<br>Мақсаты: қолғап театрының түрлерімен таныстыру, ертегі қойылымы арқылы сөздік қорын, ойлау қабілетін дамыту, | туралы өткенді пысықтау.<br>**«Қандай пішін шықты?" ойыны**<br>Мақсаты: Таяқшалардан таныс геометриялық пішіндер құрастыра білу.<br>**Жаратылыстану**<br>Қазақстанның Қызыл кітабы<br>**Мақсаты:** табиғаттың: өсімдіктер мен жануарлар әлемінің баға жетпес құндылық екені туралы түсініктерін қалыптастыру. Балалардың есте сақтау қабілетін, логикалық пайымдауларын, шығармашылық қиялын дамыту. ҰОҚ барысында эстетикалық тәрбие беру, табиғатқа қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.<br>**Д/О: «Жануар құрастыр»**<br>Мақсаты:: Кесілген суреттерден жануарлардың суреттерін құрастыруға, құрастырған жануардың атын атауға, оны сипаттауға үйрету.<br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы:** қыс<br>**Мақсаты**:балаларға қағазды умаждау арқылы қыстың бейнесін жасай білуге,умажданған | қағаз бетіне түсірудің түрлі техникасын пайдалануға машықтандыру; іскерлікке, еңбек етуге тәрбиелеу.<br>**«Судан өт» ойыны**<br>Мақсаты: Көлденең жатқан көгілдір жіп үстінен еңкейіп, аяғының ұшын тигізбей ырғып өтуге үйрету.<br>**Музыка**<br>Ән тыңдау «Комбайншы боламын» муз.Д.Ботбаев сөзі Б.Ғанибаев<br>Ән салу «Мен дәрігер бламын» муз. Ә. Бейсеуов сөзі С.Асанов<br>Музыкалық ырғақты қимыл «Қалпақтар биі»<br>**Мақсаты :** Әнді дұрыс айтуға,өлеңді бір мезгілде бастап,бірге аяқтауға үйрету,әнді орындағанда дұрыс дем алуға дағдыландыру. Мамандықтар туралы түсініктерін толықтыру.<br>**Ойын «Бұл кімге керек?»**<br>Мақсаты: мамандықтарға керек | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | сахналау барысында кейіпкердің бейнесіне еніп, олардың мінез-құлқын келтіру, түрлі эмоцияларды білдіру үшін интонация мен дыбыстауды қалыптастыру; балаларды жанашырлық, мейірімділік, адами қасиеттерге тәрбиелеу.<br>Ойын: «Тапқырлық»<br>Мақсаты: Киілмелі қуыршақтармен екі баладан бөлініп, сәлемдесу, сөйлесу т.б түрлі екпінде анық және дұрыс айтуға үйрету.<br>Кейіпкердің бейнесіне енуге көмектесу. | қағазды белгіленген жерге дұрыс орналастыра алуға үйрету.ұқыпты жұмыс жасай білуге дағдыландыру | құралдарды ажыратуға әуенге сай қозғалуға үйрету<br>**Мүсіндеу**<br>Кірпі<br>Мақсаты:балаларға кірпі туралы мағлұмат беру; ермексаз бен шырша қылқандарын пайдаланып, кірпі пішінін жасауды меңгерту;ермексазды алақан арасына салып домалақтай алу тәсілін үйретуді жалғастыру. Тілдерін дамыту. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Жануарларды қорғауға тәрбиелеу.<br>Төмендегі кірпі туралы жұмбақты түрлі екпінде айту.<br>Бір мақұлық бар екен төрт аяқты,<br>Доп-жомалақ,арқасы мың тікенді.<br>Ашуланса аяғын көрсетпейді.<br>Көресің көз салсаң бір ғажайыпты.<br>е үйрету. | |
| | 1. **Дене шынықтыру**<br>Велосипед тебу.<br>**Мақсаты:** Велосипедке отырып оңға, солға бұрылып тебуге үйрету.<br>Ойын барысында бір-бірін | **Көркем әдебиет**<br>«Айна» халық ертегісі<br>Мақсаты: а)Ертегінің мазмұнын түсіндіру; ә) Сөйлеуге,әңгімелей білуге үйрету; б) | **ҚМ**<br>«Қанша?», «Сонша?» ұғымдары.<br>Мақсаты: санды заттың санымен сәйкестендіруге үйрету; заттың орналасу | **Сурет салу**геометриялық пішіндер арқылы және «жапырақ» тәрізді бейнеге келтіру әдіс-тәсілін пайдаланып, | **Экология негіздері**<br>Тиін<br>Мақсаты:<br>Тиіннің қоректенуі, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **IV апта** | итермей, ойын шартын бұзбауға үйрету.<br>**Қ/О №2: «Өз үйіңді тап»**<br>Мақсаты: Балаларды ептіліке.шапшаңдыққа үйрету. Кеңістікті бағдарлау қасиетін дамыту.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>Еңбектеу<br>Мақсаты: 50 см жоғары көтерілген арқанның астынан тіземен алақанға сүйеніп, төрттағандап еңбектеуге үйрету. Ойын барысында бір-бірін итермей, ойын шартын бұзбауға үйрету.<br>**«Ақсерек,көксерек» ұлттық ойыны** Мақсаты: жүгіру техникасын жетілдіру.<br>**3.Дене шынықтыру26.02**<br>Музыкалық-ырғақтық жаттығулар<br>**Мақсаты:** Музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі қарқында әртүрлі таныс дене жаттығуларын орындауғ үйрету. Қимыл-қозғалыс үйлесімділігін қалыптастыру.<br>**«Түрлі-түсті машиналар» ойыны** Мақсаты: белгі бойынша қозғалуға, түстерді ажыратуға баулу. | Балаларды ертегі желісі арқылы адамгершілікке тәрбиелеу.<br>**Д/О:«Ретімен орналастыр»**<br>(фланеллеграф театры)<br>Мақсаты: ертегі мазмұнын меңгерту, ертегі мазмұнының жүйелілігін сақтауға үйрету.<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>Кім қайда істейді?<br>Мақсаты: Мамандық туралы түсінік беру. Тілдерін, ойлау қабілеттерін дамыту. Үлкендердің еңбегін бақылауға үйрету.<br>**Ойын: «Кім жоқ»**<br>Шарты:Маман-ң суретін мұқият қарап, көздерін жұмуды сұрап, бір суретті жасырады. Белгіден соң балалар көздерін ашып қандай мамандық жоқ екенін тауып айтады. | ретіне қарай сөзбен баяндау қабілетін арттыру; жыл мезгілдерін (көктем, жаз, күз, қыс) айыра білу және атап көрсету қабілетін дамыту.<br>**«Сипаттамасы бойынша тап» ойыны**<br>Мақсаты: Ұзын-қысқа, кең-тар, биік-аласа, үлкен-кіші ұғымдарын бекіту.<br>**Жаратылыстану**<br>Табиғаттағы қауіпсіздік<br>Мақсаты: Табиғаттағы мінез-құлық ережелерімен таныстыру. Қарапайым дербес тәжірибе ісәрекеттерін ұйымдастыру арқылы балалардың түсініктерін дамыту. Ізгілік, мейірімділік, қызығушылық пен білімге құштарлықты тәрбиелеу.<br>**«Қарама – қарсы сөздер» ойыны**<br>**Мақсаты:** Балалар ойынды ойнай отырып, қарама-қарсы сөздерді дұрыс тауып айтуды үйрету. Тілдерін және ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Құрастыру<br>Жүк машинасы<br>Мақсаты: көлік және оның түрлері туралы түсініктерін бекіту; құрылыс материалдарын | қойдың суретін сала білуге үйрету; қол қимылдарын, ойлануға, қиялын дамытуға тәрбиелеу.<br>**Ойын: «Кім тапқыр»**<br>Шарты: музыка әуенімен далада үй жануарлары төлдерімен жайылып жүреді, әуен тоқтағанда төлдер өз аналарын тауып алу керек.<br>**Музыка**<br>Ән тыңдау «Комбайншы боламын» муз.Д.Ботбаев сөзі Б.Ғанибаев<br>Ән салу «Мен дәрігер бламын» муз. Ә. Бейсеуов сөзі С.Асанов<br>Музыкалық ырғақты қимыл «Қалпақтар биі»<br>Мақсаты : Әнді дұрыс айтуға,өлеңді бір мезгілде бастап,бірге аяқтауға үйрету,әнді орындағанда дұрыс дем алуға дағдыландыру. Мамандықтар туралы түсініктерін толықтыру.<br>**Ойын «Бұл кімге керек?»**<br>Мақсаты: мамандықтарға керек | тіршілігі туралы түсіндіру. Жануарлар әлеміне танымдық қызығушылы ғын, тілектестік, қамқорлық сезімін ояту.<br>Қ/О:«Жануар лар келе жатыр»<br>Мақсаты: Жабайы жануарларың жүрісін салуға үйрету. Актерлік қабілеттерін дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | пайдаланып, жүк машинасын құрастыра білуге үйрету, өз беттерінше құрастырудың жеке жолдарын ойлап табу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Д/О: «Ұшады, жүреді»**<br>Шарты: Тәрбиеші көлік туралы айтады, балалар қимыл-қозғалыспен көрсетуге баулу<br><br>. | құралдарды ажыратуға әуенге сай қозғалуға үйрету<br>**Музыка.**<br>Ән тыңдау «Мамандығым-мақтаным» муз.Д.Ботбаев сөзі А.Асылбеков<br>Ән салу «Батыр ұшқыш» муз. Б.Қыдырбекова сөзі А.Асылбеков<br>Музыкалық ырғақты қимыл : «Жұптасу биі»<br>**Мақсаты :** ғарыш туралы түсініктерін толықтыру,әуенді тыңдап,сипатын ажырата білуге, әннің мәтінін бұзбай дұрыс айтуға үйрету.<br>**Ойын «Ұшақтар»**<br>**Мақсаты**: жылдамдыққа баулу әуенге сай қозғалуға үйрету.<br>**Аппликация.**<br>«Аквариумдағы балықтар»<br>Мақсаты: Аквариумда балықтар,ұлулар,өсімдіктер болатыны туралы түсіндіру;балалардың елестете білу қабілетін дамыту.Тілдерін дамыту.Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | жетілдіру.Табиғатты аялауға тәрбиелеу. «Балықтар»ойыны Мақсаты:Балық бетперделерін киіп, баяу әуенмен бөлме ішінде балыққа ұқсап қозғалып су ішінде жүргендей жүзуг | |

**Наурыз айы**

**Өтпелі тақырып «Көктем-жаршысы -құстар»**

**Мақсаты**: Отбасы, ана, әке, әже, ата, аға, әпкенің рөлі; отбасы мүшелерінің міндеттері туралы; отбасындағы жағымды өзара қарым-қатынасқа тәрбиелеу, өзара көмек, отбасының барлық мүшелеріне сүйіспеншілік туралы түсініктерін кеңейтуге мүмкіндік беру.

Отбасы мүшелерін сыйлай білуге тәрбиелеу.

**Міндеттері:**

1. Желілі суреттерді қарастырып, жай сөйлемдер құрастыруды үйрету.
2. Ою – өрнектерді жапсыру дағдыларын дамыту.
3. Ойын, тапсырмалар арқылы өз бетінше жұмыс істеуге тәрбиелеу.

| Апта | **Денсаулық-3**<br>Дене шынықтыру-3 | **Коммуникация-2,5**<br>Сөйлеуді дамыту-1<br>Көркем әдебиет-0,5<br>Драма-0,5<br>Орыс тілі-0,5 | **Таным-2,5**<br>Қарапайым математикалық -1<br>Құрастыру- 0,5<br>Жаратылыстану - 1 | **Шығармашылық-3,5**<br>Музыка-1,5<br>Сурет-1<br>Мүсіндеу-0,5<br>Аппликация-0,5 | **Әлеумет-0,5**<br>Қоршаған ортамен танысу-0,25<br>Экология негіздері-0,25 |
|---|---|---|---|---|---|
| **І апта** | **1.Дене шынықтыру**<br>Самокат тебу<br>**Мақсаты:** Самокатты ұқыпты ұстап оңға, солға бұрылып тебуге үйрету. Ойын барысында бір-бірін итермей, ойын шартын бұзбауға үйрету.<br>**Ұлттық ойын «Арқан тарту».**<br>Мақсаты: топ болып ойнауға үйрету, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>Алға домалау.<br>**Мақсаты:** Баспен алға домалауға үйрету. Негізгі қасиеттерді – шапшаңдық,ептілікті дамыту.<br>**Қимылды ойын №37**<br>«Допты кәрзеңкеге түсір»<br>Мақсаты: допты | **Сөйлеуді дамыту.**<br>Әйгерім дастарқанды әзірлеп жатыр<br>**Мақсаты:** Өз тәжірибесіне сүйене отырып, әңгімелеуге үйрету.Балалардың айтылған ойды тыңдауға және ұғынуға,әңгімеге араласып,сұрауға және сұраққа жауап беру білігін дамыту.Бір-біріне жақсылық тілеуге тәрбиелеу.<br>**Мазмұнды-рөлді ойыны.**<br>**«Дүкенші»**<br>Мақсаты:Баланы мамандыққа үйрету | **ҚМ**<br>Кеңістікте бағдарлау. Солға, оңға.<br>**Мақсаты:**<br>Реттік санау қабілетін нығайту(5 саны көлемінде); сандық және реттік санауды ажырата бөлуге үйрету; «қанша?», «нешінші?» сұрақтарына дұрыс жауап беруге үйрету; затың санын цифрмен сәйкестендіруге үйрету; «солға», «оңға» ұғымдарын ажырата білуді үйрету, оқиғаның ретін анықтауға үйрету.<br>**«Сипаттамасы бойынша тап»**<br>**Мақсаты:** Ұзын–қысқа, жуан-жіңішке, үлкен–кіші, оң-сол, ұғымдарын қайталау. | **Сурет салу**<br>Атамның тақиясы<br>**Мақсаты:** қазақтың ұлттық бас киімі-тақияны ою-өрнектермен әшекейлей білуге үйрету. Ұлттық сәндік қолданбалы өнерге деген қызығушылықтарын дамыту, ою-өрнектегі түс үйлесімділігі мен ырғақты сезінуге, әсемділікті көріп, қабылдай білугетәрбиелеу.<br>**«Тақия тастамақ»** ойыны<br>Мақсаты: Ойын туралы мәлімет беру. Бірлікке баулу. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | лақтыруды үйрету.<br>**3.Дене шынықтыру**<br>Жүгіріп өту<br>**Мақсаты:** Секіртпенің астымен жүгіріп өтуге үйрету.Негізгі қасиеттерді – шапшаңдық, ептілікті дамыту.<br>**Ұлттық ойын №4**<br>Ақшамшық (Сақина салу)<br>Мақсаты:жылдамдыққа шапшандыққа үйрету | **Орыс тілі**<br>Моя семья<br>Цель занятия:Учить называть членов семьи, использовать обобщающее слово, образовывать множественное число существительных в именительном и родительном падежа, использовать притяжательные прилагательные;развивать словесно-логическое мышление, объем памяти и устойчивость внимания. Совершенствовать произношение согласных звуков *к,м,д,т.* Воспитывать уважение к старшим и заботливое отношение к членам семьи.<br>**Д/и: «Четвертый лишний»**<br>Цель: найти и объяснить почему он является лишним.<br>**Драма**<br>Ойын ойнап,ән салмай<br>**Мақсаты:** ұжыммен бірігіп жұмыс жасай білуде, өзін-өзі көрсете білуде жеке шығармашылық қабілеттерін таныту, өзіне деген сенімділікті | **Жаратылыстану.**<br>Кішкентай достарымыз<br>Мақсаты: адамдардың қамқорлығында өмір сүріп жатқан жануарлар туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру. Үй жануарларына күтім жасай білу дағдыларын; тәжірибе жұмыстарына қызығушылықтарын, нысандарды салыстыра білуін дамыту. «Жануарларға қамқор болу керек» деген көзқарастарын қалыптастыру.<br>«Мысықты сал» ойыны.<br>Мақсаты:Ым-ишарамен мысықтың қимыл қозғалысын салуды, мияулап дауысын салуды үйрету.<br><br>**Құрастыру**<br>Анама арналған кітапша<br>Мақсаты:Кітап туралы білімдерін кеңейту. Кітаптың пайдасы туралы айту.Кітапша құрастыруда пішінді дұрыс таңдауға үйрету.Қағазды қос бүктеу арқылы кітапша жасай білуге үйрету.Ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.<br>**«Еркелету» ойыны**<br>Мақсаты: Ортаға екі бала шығып, аналардың рөліне | **Музыка.**<br>Ән тыңдау «Мамандығым-мақтаным»<br>муз.Д.Ботбаев сөзі А.Асылбеков<br>Ән салу «Батыр ұшқыш» муз. Б.Қыдырбекова сөзі А.Асылбеков<br>Музыкалық ырғақты қимыл : «Жұптасу биі»<br>**Мақсаты :** ғарыш туралы түсініктерін толықтыру,әуенді тыңдап,сипатын ажырата білуге, әннің мәтінін бұзбай дұрыс айтуға үйрету.<br>**Ойын «Ұшақтар»**<br>**Мақсаты**: жылдамдыққа баулу әуенге сай қозғалуға үйрету<br>. **Мүсіндеу**<br>Күннің шуағы<br>**Мақсаты:**Көктем мезгілі туралы білімдерін кеңейту. Мүсіндеу іскерлігін дамыту. Табиғаттың сұлулығын көре білуге тәрбиелеу.<br>**«Күн шұғыласы» ойыны**<br>**Шарты:** Айнаны пайдаланып, қабырғаға күн шұғыласын түсіреді. Балаларды шұғыланы ұстауға шақырады | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | нығайту, мәселені талдап, ортақ шешім қабылдай білуге үйрету, ішкі көңіл күйін ым-ишарат арқылы бере білу дағдыларын қалыптастыру; қиялдай білуге, шығармашылыққа тәрбиелеу.<br>**Ойын: «Тәтті кәмпиттер»**<br>Мақсаты: іс-қимылдарды ым-ишара арқылы көрсетуге үйрету. | еніп, өздерін қалай еркелетіндігі жайында айтып, бір-біріне мейірімді сөздер айтуға үйрету. Актерлік қабілетін дамыту | | |
| **II апта** | **1.Дене шынықтыру**<br>Акробатика<br>**Мақсаты:** Балаларды дұрыс тыныс алу туралы әңгімелесу.Негізгі қасиеттерді – шапшаңдық, ептілікті дамыту.Таңертеңгі гимнастика кешеңін орындау білігін тексеру; артқа алға домалауды қайталау.<br>**Қ/О: «Өз жалаушама қарай»**<br>Мақсаты: Ойнап жүріп тәрбиеші белгісі бойынша жалауша түстеріне қарай сапқа тұруға үйрету. Түстерді айыру қабілетін дамыту.<br>2.**Дене шынықтыру**<br>Секіртпемен секіру<br>**Мақсаты:** Дене | **Көркем әдебиет**<br>Әжемнің әшекей бұйымдары<br>**Мақсаты:**Ұлттық зергерлік жайлы білім беру.Қазақ халқының қолөнері туралы ұғымдарын кеңейту. Әшекей бұйымдарға деген қызығушылықтарын арттыру.<br>**«Кім тапқыр» ойыны**<br>Мақсаты:Әшекей бұйымдары туралы бір-біріне жұмбақ жасыруға үйрету. Сөздік қорларын дамыту.<br>**Сөйлеуді дамыту.**<br>Ақпараттық құралдар.<br>**Мақсаты:**Теледидар, радио,телефон,компьютердің ақпараттық | **ҚМ**<br>Заттардың көлемі бойынша салыстыру.<br>Мақсаты: Санды заттың санымен сәйкестендіруді үйрету; заттар тобының теңдігін кеңістікте орналасуына қатыссыз қоюды үйрену; математикалық теңдеулерді шешу жолдарын үйрету; көлемі әртүрлі заттарды салыстыруды үйрету; әртүрлі заттардың ұқсас белгілерін табу және оларды сол белгілері арқылы біріктіруге үйрету; заңдылықтарды анықтауға берілген логикалық есептерді шешуді үйрету.<br>Д/О: №4<br>«Айырмашылығын тап»<br>Мақсаты: Балаларға екі | **Сурет салу**<br>Әжемнің камзолы.<br>**Мақсаты:** Балаларды қазақтың ұлтты киімі – камзолмен таныстыру және оны ою-өрнектермен әшекейлей білуге үйрету. Ұлттық сәндік қолданбалы өнерге деген қызығушылықтарын арттыру және көркемдік талғамын дамыту. Балаларды өрнектерді дұрыс орналатыра білуге жаттықтыру, оның суретін салу жолдарын меңгерту, әсемдікті сезіне білуге тәрбиелеу.<br>**«Кім жоқ» ойыны**<br>Мақсаты:Көздерін жұмуды, сабырлық | **Қоршаған ортамен танысу**<br>Мамандық иелері<br>**Мақсаты:**<br>Тәрбиеші, дәрігер, сатушы, аспаз мамандық иелерімен және олардың еңбегімен таныстыру.Олардың қызметтері мен міндеттерін және бір-бірімен байланысы туралы түсініктерін кеңейте, оларға құрметпен қарауға тәрбиелеу.<br>**«Егер де ... » ойыны**<br>Мақсаты: Егерде деп бастаған сөйлемді, әрі қарай |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сымбатының дұрыс түзілуіне арналған жаттығуларын қайталау. Негізгі қасиеттерді - шапшаңдық, ептілікті дамыту. Секіртпе арқылы секірулерді қайталау, алға домалауды қайталау.<br>**Қ/О:** «Торғайлар».<br>**Мақсаты:** Шапшаңдыққа, ептілікке баулу. Тез шешім қабылдауға үйрету.<br>3.**Дене шынықтыру**<br>Еңбектеп жүру<br>**Мақсаты:** Гимнастикалық орындықтың үстімен жүруге үйрету.Негізгі қасиеттерді – шапшаңдық, ептілікті дамыту. Еңбектеп жүруге жаттықтыру.<br>**Қ/О «Айдаһардың құйрығы»**<br>Мақсаты: балалардың дене қимылдарын жетілдіре отырып бірлесе қимылдауға, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. | құралдар түріне жататындығы туралы түсініктерін кеңейту.<br>**Ойын: «Сипатта»**<br>Балаларға ақпараттық құралдарды көрсетіп, оларды сипаттауды үйрету. Сөзді дұрыс,анық айтуға дағдыландыру. | суреттің немесе заттың айырмашылығын таба білуге; өз ойын айта білуге үйрету; ақыл-ойларын дамыту; шыдамдылыққа, досының жауабын тыңдай білуге дағдыландыру.<br>**Жаратылыстану**<br>Ағаштардың гүлдеуі<br>Мақсаты: көктемдегі маусымдық өзгерістермен таныстыру; ағаштардың гүлдеу ерекшеліктері туралы түсініктерін қалыптастыру. Қарапайым дербес тәжірибе іс-әрекеттерін ұйымдастыру арқылы балалардың түсініктерін дамыту. Құрдастарымен достық қарым-қатынастарын, бірлесіп еңбек етуге тәрбиелеу.<br>«Салыстыр және ата» ойыны<br>Мақсаты:Тәрбиеші бастаған сөйлемді, әрі қ арай жалғастыруға дағдыландыру.Көктем мезгіліне деген сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу.<br>. | сақтауды, жоғалған отбасы мүшелерінің суретін табуды үйрету.<br>**Музыка**<br>Ән тыңдау «Саржайлау» муз.Ш.Қалдаяқов сөзі М.Мақатаев<br>Ән салу «Домбыра сазы» муз. И.Нүсіпбаев сөзі Х.Талғаров<br>Музыкалық ырғақты қимыл : «Домбыра биі»<br>**Мақсаты :** домбыра аспабы туралы түсінік беру,әуенді соңына дейін тыңдауға,таныс әуендерді ажырата білуге әнді жеңіл әндете айтуға үйрету.<br>**Ойын «Қай аспапта ойнаймын?»**<br>Мақсаты: қазақ ұлттық аспаптарының дыбысталу ерекшеліктерін ажыратуға үйрету.<br>**Музыка**<br>Ән тыңдау «Қамажай» халық әні<br>Ән салу «Наурыз біздің жаңа жыл» муз.сөзі Ж.Қалжанова<br>Музыкалық ырғақты қимыл : «Қамажай»<br>**Мақсаты :** Балаларға Наурыз мерекесі туралы түсінік беру,салт-дәстүрлермен таныстыру,мерекені | жалғастыруға дағдыландыру.<br>(Егер де дәрігер болмас<br>-Сырқат адамдар көбейеді) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | музыкамен байланыстыру.<br>**Ұлттық ойын «Арқан тартысу»**<br>Мақсаты: қазақ ұлттық ойынымен таныстыру.<br>**Аппликация**<br>«Пойыз»<br>**Мақсаты:** балалардың пойыз туралы білімдерін,теміржолда жүретін көлік екенін түсіндіру;ұсақ бөлшектерді қосу;шаршыдан дөңгелектерді қию;шығармашылық ойды дамыту.Тілдерін дамыту.Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу<br>**« Паравоз » №1.**<br>**Мақсаты:** Балалардың бірінің артына бірі тіркеліп тұрып паравоз сияқты жүруге, өлең жолдарын қайталап айтуға үйрету. | |
| **ІІІ апта** | **1.Дене шынықтыру**<br>«Ертегіде қонақта» атты спорттық мереке<br>**Мақсаты:** Балалардың жылдамдық қасиеттерін дамыту.Сенімді қатынаастарды нығайтуға бағыттау. Баланың спортқа ұмтылысын, | **Сөйлеуді дамыту**<br>Анама сыйлық<br>**Мақсаты:** Әңгіме құрастыруға үйретуді жалғастыру. Әңгіме құрастыра білу, сөздерге тиісті қосымшаларды жалғай білу білігін дамыту, | **Жаратылыстану**<br>Жылы-жылы жел соқты<br>Мақсаты: Табиғат құбылыстарының бірі – жел туралы түсінік қалыптастыру.<br>Есте сақтау қабілетін, логикалық пайымдауы мен шығармашылық қиялын | **Сурет салу**<br>Анама арналған сәукеле<br>**Мақсаты:** ұлттық баскиімдерді ажырата білуге: ою-өрнек элементтерін үшбұрышқа орналастыра білуге үйрету: көз мөлшерін | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қызығушылығын қолдау.<br>**«Секіру» ойыны.**<br>Мақсаты: секіртпеге мініп кедергілер арасымен өтуге үйрету.Жылдамдыққа баулу.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>Бір орында тұрып ұзындыққа секіру.<br>**Мақсаты:** Бір орында тұрып  ұзындыққа секіруді үйрету.<br> Тепе-теңдікті сақтау қабілетін дамыту және қимылдарын реттеу.<br>**Қ/О: «**Шымшық доп».<br> **Мақсаты:** Топтасып, тату ойнауға шақыру.   Ойынға қызығушылығын арттыру.<br>**3.Дене шынықтыру**<br>Допты домалату<br>**Мақсаты:** Допты домалатуды үйрету.<br>Белгіге қарай жылдам жауап беру дағдысын қалыптастыру.Допты екі қолмен бастан асыра лақтыру арқылы қимыл-қозғалыс үйлесімін дамыту<br> **Қ/О:** «Аттамақ».<br>**Мақсаты:** Денені шынықтыру, шапшандыққа<br>,<br>ептілікке баулу. | балалардың айтылған ойды тыңдауға және ұғынуға, әңгімеге араласып, сұрауға және сұраққа жауап беру білігін дамыту.Аналарды ренжітпеуге, оларды сыйлауға тәрбиелеу.<br>Д/О: «Гүл».<br>Мақсаты: балаларға гүл күлтелерінің түстерін атату.Бір күлтеге аналарына мейірімді сөз айту. Әр бала өз күлтелерін аналарына сыйлауға ұсыну.<br>**Орыс тілі**<br>Мамин праздник<br>**Цель занятия:**<br>Совершенствовать звукопроизношение; развивать словесно-логическое мышление, воображение, связную речь,упражнять в выразительность речи,общую и тонкую моторику;воспитывать уважение к женщине.<br>**Д/И: «Наши мамы»**<br>Цель: развивать речь, разминать пальчики, вырабатывать правильную интонацию. | дамыту. Білімге құштарлықты, танымдық белсенділікті тәрбиелеу.<br>**Д/о: «Жел мен кеме»**<br>Шарты:Балалар қолдарын екі жаққа созып, желкенді кемелер сияқты «жүзеді». Педагог «жел» болады. «Жел» қатты соқса, балалар-кемелер жылдам жүгіреді, «жел» ақырын соқса, баяу жүреді. «Жел» тоқтаған кезде бір орындарында тұрады.<br>**ҚМ**<br>Жоғары, төмен, ортасында<br>**Мақсаты:** сандық және реттік санауды бір-бірінен ажырата білуге, «қанша?», «нешінші?» сұрақтарына жауап беруді үйретеді, заттың орналасқан ретін сөзбен баяндау(жоғары, төмен, арасында), балаларды ұзындығы бойынша 5 заттың арасындағы сәйкестікті қоюды үйрету, ұзындығының артуына немесе кемуіне байланысты заттарды қатарға қоя білу, цифрды заттың санымен сәйкестендіруді үйрету.<br>**«Жоғары- төмен, биік – аласа, ұзын қысқа» ойыны**<br>Мақсаты:«Жоғары- төмен, биік – аласа, ұзын қысқа» ұғымдарын ажыратуға үйру | дамыту; бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге тәрбиелеу.<br>**«Даусынан таны» ойыны**<br>Мақсаты: аудиокассетаға анасы, әжесі дауысы жазылады, әр бала өз жақынының дауысын тануға үйрету.<br>**Музыка**<br>Ән тыңдау «Қамажай» халық әні<br>Ән салу «Наурыз біздің жаңа жыл» муз.сөзі Ж.Қалжанова<br>Музыкалық ырғақты қимыл : «Қамажай»<br>Мақсаты : Балаларға Наурыз мерекесі туралы түсінік беру,салт-дәстүрлермен таныстыру,мерекені музыкамен байланыстыру.<br>**Ұлттық ойын «Арқан тартысу»**<br>Мақсаты: қазақ ұлттық ойынымен таныстыру.<br>**Мүсіндеу**<br>Әжеме арналған тәрелкемен саптаяқ<br>**Мақсаты**: ыдыс түрлер,оның қызметі туралы түсінік беру, мүсіндеуге деген қызығушылықтарын арттырып,эстетикалық талғамдарын | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **Драма**<br>«Шалқан» (ертегіні сахна-у)<br>Мақсаты: түрлі мәтіндерді дыбыстағанда дұрыс тыныс алу дағдыларын қалыптастыру; сахналау барысында кейіпкерлердің бейнесіне еніп, олардың мінез-құлқын келтіру, командаға немесе музыкалық белгіге қарай әрекет ету дағдыларын қалыптастыру; адамгершілікке, еңбексүйгіштікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>«Кім білмейді шалқанды» ойыны<br>Мақсаты:Жаңылтпашты әртүрлі екпінде айтуға үйрету. | **Құрастыру**<br>Атама арналған теледидар<br>Мақсаты: Тұрмыстық заттарды қайталай отырып, теледидар жайлы білімдерін толықтыру, сіріңке қораптарын қолданып, теледидарға керекті пішіндерді дұры таңдап алуға үйрету.<br>**«Заттарды сипатта»**<br>Шарты: тәрбиеші балаларға бір жиһазды көрсетіп, оларды сипаттауды ұсынады. | қалыптастыру, ермексаз кесетерінен үзу,жаншу,созу тәсілдерін қолдана отырып мүсіндеуге үйретуді жалғастыру. Тілдерін дамыту. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Ұқыпты жұмыс істеуге тәрбиелеу.<br>**«Ыдыстарды сипатта»** ойыны.<br>Мақсаты:Тәрбиеші көрсеткен ыдысты сипаттауға үйрету. | |
| **IV апта** | **1.Дене шынықтыру.**<br>Қайталамалы жүгіру<br>**Мақсаты:**<br>Қайталамалы жүгіруге үйрету.Шапшаңдық пен ептіліктерін дамыту.<br>**Қ/О:** «Мені қуып жет».<br>**Мақсаты:**<br>Шапшаңдыққа үйрету.<br>Денені ширату арқылы денсаулықты нығайту.<br>**2.Дене шынықтыру.27.03** | **Сөйлеуді дамыту**<br>Менің отбасым<br>Мақсаты: Отбасы туралы түсініктерін кеңейту. Жанұя ортасына қарап шағын әңгіме құрауға үйрету. Отбасы мүшелерін сыйлай білуге тәрбиелеу.<br>**«Кім жоқ» ойыны.**<br>Шарты:Тәрбиеші тақтаға отбасы | **ҚМ**<br>Сан мен санды сәйкестендіру<br>Мақсаты:Санмен заттың санын сәйкестендіруді жалғастыру, математикалық жұмбақарды шешу, баланың зейінін дамыту.<br>**«Тыңда, сана, көрсет» ойын-жаттығуы.**<br>Шарты:Балалар үстелде сандар жатыр. Мен қол | **Сурет салу**<br>Сырмақты әшекейлейміз<br>**Мақсаты:** қазақтың сәндік-қолданбалы өнер бұйымдарымен таныстыру, түстік үйлесімділікті сезінуге, ою-өрнек элементтерінің жазықтықта дұрыс орналасуын аңғаруды, әртүрлі әдіспен сурет салуды үйрету, көркемдік | **Экология негіздері**<br>Су туралы не білеміз?<br>**Мақсаты:**<br>Балаларды судың қасиетімен,құрамы мен таныстыру. Судың тіршілік иесі үшін мәні қажеттілігі туралы түсінігін кеңейту. Суды үнемдей |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | «Наурыз» атты спорттық іс шара<br>**Мақсаты:** Қазақ халқының дәстүрлерімен балаларды таныстыру.Спортқа деген қызығушылығын ояту.<br>**Ұлттық ойын**: «Тақия тастамақ».<br>**Мақсаты**: Топтасып, тату ойнауға шақыру.<br>Ептілікке баулу.<br>3.**Дене шынықтыру**<br>Секіртпемен орындалатын жаттығулар<br>**Мақсаты:** Секіртпемен орындалатын жаттығуларды үйрету.<br>**Қ/О:«Түйілген орамал»**<br>**Мақсаты:**Балалардың ойын әрекетіне<br>деген қызығушылық-тарын дамытып, ептілікке, қырағылыққа, шапшаңдыққа баулу. | мүшелерінің суреттерін іледі,балалар көздерін жұмады, тәрбиеші бір суретті жасырып қояды, көздерін ашқан балалар қандай сурет жоқ екенін тауып айтады.<br>Көркем әдебиет<br>Атамның ақылы<br>**Мақсаты:** Әңгімені тыңдай білуге үйрету, үлкен адамның айтқан нақыл сөздеріне көңіл бөлуге баулу; Қазақтың мақал-мәтелдеріндегі ұлағатты сөздерді меңгерту; Үлкенді сыйлауға тәрбиелеу.<br>**Саусақ ойыны «Бір үйде біз нешеуміз?»**<br>Мақсаты: отбасы мүшелерін дұрыс атауға үйрету.<br>**Көркем әдебиет**:<br>**Тақырыбы:**<br>Қарлдығаш пен дәуіт<br>**Мақсаты:**ертегінің мазмұнын айтужүйлілігін сақтауға үйрету;құстарға қамқорлықпен қарау: | шапалақтаймын, ал сендер мұқият мұқият тыңдап, соған сәйкес санды көрсетіңдер.<br>**Жаратылыстану14.03**<br>Жау, жау, жаңбыр<br>**Мақсаты:** жансыз табиғат құбылыстары туралы түсініктерін кеңейту. Есте сақтау қабілетін, логикалық пайымдауы мен шығармашылық қиялын дамыту. Білімге құштарлықты, танымдық белсенділікті тәрбиелеу.<br>« Не істей алады...?» ойыны<br>Мақсаты: белгілі бір нысанды атайды (иллюстрацияларды, жұмбақтарды пайдалануға болады) балаларды дұрыс жауап табуға дағдыландыру.<br>П: Жаңбыр не істей алады?<br>Б: Тамшылайды, құйып жауады, су қылады, шулайды… | талғампаздыққа тәрбиелеу.<br>**«Кім келді?» саусақ ойыны**<br>Мақсаты: отбасы мүшелері дұрыс атауға үйрету.<br>**Аппликация**<br>Менің қошақаным<br>Мақсаты:Үй жануары қой туралы білімдерін кеңейту.<br>Аппликацияның жаңа техникасымен таныстыру; сулықты домалату арқылы қойдың жүндерін жасау техникасын үйрету; ПВА желіммен жабыстыруды үйрету. Қиялы мен шығармашылық ойын дамыту.Тілдерін дамыту. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру.<br>***Д/О: «Қайтала, қозғал»***<br>Мақсаты: Тәрбиеші бір жануарды атайды, балалар сол жануардың қимылын,дауысын салуға үйрету. Асықпай мұқият болуға дағдыландыру.<br>.<br>**Музыка.**<br>Ән тыңдау «Көктем» сөзі Т.Исабеков муз.Д.Гусинцев | білуге тәрбиелеу.<br>**«Жер, от, су» ойыны**<br>**Мақсаты:**Жердеот та,суда өмір сүретін жәндіктер мен құстарды ажыратуға үйрету.Ақыл-ой дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Ән салу «Көктем» муз. Б.Ерзакович сөзі Ш.Ахметов<br>Музыкалық ырғақты қимыл «Гүлдер биі»<br>**Мақсаты :** Балаларға көктем мезгілінің ерекшеліктері туралы түсінік беру, бұрын меңгерген дағдыларын жетілдіру,музыкалық есту қабілеттерін дамыту<br>Қ/О: «Гүлдер жинау»<br>Мақсаты: әуенге сай қимылдауға үйрету.<br>**Музыка.**<br>Ән тыңдау «Көктем» сөзі Т.Исабеков муз.Д.Гусинцев<br>Ән салу «Көктем» муз. Б.Ерзакович сөзі Ш.Ахметов<br>Музыкалық ырғақты қимыл «Гүлдер биі»<br>Мақсаты : Балаларға көктем мезгілінің ерекшеліктері туралы түсінік беру, бұрын меңгерген дағдыларын жетілдіру,музыкалық есту қабілеттерін дамыту.<br>**Қ/О: «Гүлдер жинау»**<br>Мақсаты: әуенге сай қимылдауға үйрету. | |

**Сәуір айы**

**Өтпелі тақырып «Табиғаттың гүлденуі»**

**Мақсаты:** Көктем мезгілінің ерекшіліктерімен таныстыру. Көктемде табиғаттың біртіндеп оянатынын айту. Көктемгі еңбекке арналған құрал-жабдықтарды ажыратып атай білу, ересектердің еңбегіне қызығушылығын дамыту, ұжымдық жұмысты орындауда өзара татулыққа тәрбиелеу.

**Міндеттері:**

1. Жәндіктер әлемімен таныстыру.

2. Салыстыру арқылы ойларын қорытындылай білу қабілеттерін дамыту.

3. Табиғаттың сұлулығын көре білуге тәрбиелеу.

| Апта | **Денсаулық-3**<br>Дене шынықтыру-3 | **Коммуникация-2,5**<br>Сөйлеуді дамыту-1<br>Көркем әдебиет-0,5<br>Драма-0,5<br>Орыс тілі-0,5 | **Таным-2,5**<br>Қарапайым математикалық -1<br>Құрастыру- 0,5<br>Жаратылыстану – 1 | **Шығармашылық-3,5**<br>Музыка-1,5<br>Сурет-1<br>Мүсіндеу-0,5<br>Аппликация-0,5 | **Әлеумет-0,5**<br>Қоршаған ортамен танысу-0,25<br>Экология негіздері-0,25 |
|---|---|---|---|---|---|
| **І апта** | 1.**Дене шынықтыру**<br>Тігінен тұрған нысанаға лақтыру<br>**Мақсаты:** Тігінен тұрған нысанаға оң және сол қолмен лақтыруды жетілдіру.Ептілік қасиетін дамыту.<br>**Қ/О: «Ұядағы құстар»**<br>Шарты: Балалар ұядағы құстар сияқты отырады.Тәрбиешінің белгісі бойынша орындарынан тұрып «ұшады», жерге «қонады», «секектеп жүреді»<br>**2.Дене шынықтыру**<br>Еңбектеу | **Сөйлеуді дамыту**<br>Менің әжем<br>Мақсаты:Өлеңнің мазмұнын түсініп,оны жаттай білуге үйрету. Есте сақтау,ойлау қабілеттерін жетілдіру. Кішіпейілділікке,қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>**«Білімді балалар» ойыны**<br>Мақсаты: Отбасы мүшелері туралы жұмбақ, тақпақтар айтуға баулу.<br>**Драма**<br>Саусақ театры.<br>**Мақсаты:** саусақ театры арқылы балалардың | **Жаратылыстану**<br>Табиғаттың көктемде оянуы<br>Мақсаты: Көктемдегі табиғат құбылыстарын бақылау дағдыларын кеңейту. Ой белсенділігін,бақылау, талдау, тұжырымдар жасау дағдыларын дамыту. Табиғатқа достық қарым-қатынасты және позитивті көзқарасты тәрбиелеу.<br>**«Аяқта» дидактикалық ойынын** ойнатады. Педагог сын есім сөздерді айтады, балалар ойланып, зат есім сөзді тауып | **Сурет салу**<br>Алма ағашы<br>**Мақсаты**:Алма ағашының суретін сала білуді үйрету. Алма ағашының құрылысына, ерекшелігіне сәйкес оның бөліктерін, бір-біріне қатынасын дұрыс бере білуге үйрету.. Жоғарыдан төмен қарай қылқаламмен сызықтар жүргізе отырып толық, тегіс бояуға үйрету. Ұқыпты жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру.<br>Көріністі қабылдауын дамыту, түстер мен ырғақты сезіне білуге тәрбиелеу. | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **Мақсаты:** Гимнастикалық орындық үстімен еңбектей алу дағдыларын үйрету. Негізгі қасиеттерді – шапшаңдық, ептілікті дамыту. Тепе-теңдікті сақтауды жетілдіру **Қ/О: Ит пен қоян** Мақсаты: Шапшаңдыққа, ептілікке баулу. **3.Дене шынықтыру** Кедергілер Мақсаты: Қол мен аяқтармен қимыл – қозғалысын үйлесімді ету.Түрлі- кедергілер арқылы жаттығулар орындау дағдыларын дамыту. **Қ/О:**«Белбеу соқ». **Мақсаты**: Топ болып ойнауға үйрету. Денені ширатып, сауықтыру. | саусақтары мен қол буынының ұсақ қол моторикасын жақсарту, жалпы қозғалыстық белсенділікті арттыру; қолдың, саусақтың қимылдарының үйлесімділігін дамыту; қиялын, логикалық ойлауын, көру және есту қабылдауларын, шығармашылық белсенділіктерін арттыру; ұғымталдыққа, икемділікке тәрбиелеу. **Ойын-жаттығу: «Саусақтар сөйлейді».** **Шарты:**Тақпақтың сөзін айта отырып саусақтарын бір-бірлеп ашып отыруларын ескертеді (тақпақтың сөзіне сәйкес аша береді). **Орыс тілі** Весна. **Цель занятия:** Совершенствование навыков развития голосового и артикулярного аппарата, четкой дикции. Составление словосочетаний, предложений из 2-3 предложений. Формировать умение рассказывать о весне. Воспитывать бережливое | айтады. Мысалы: Көгілдір, ашық, бұлтсыз, таза ... (ауа) Шуақты, сары, сәулелі, алтын … (күн) **ҚМ** Кеңістікті бағдарлау, оң жақта, сол жақта, жоғарыда, төменде. **Мақсаты:** 1-ден 5-ке дейінгі сандар туралы өткенді пысықтау; 5-ке дейінгі реттік санауды жалғастыру, «қанша?», «нешінші?» сұрақтарына жауап дұрыс беруді үйретеді;Символдық белгілерден геометриялық фигураларды табу қабілетін дамыту; қағаз бетінде бағдарлау қабілетін арттыру. **«Математикалық жұмбақтар» ойыны** Мақсаты:Жұмбақтың сұрақтарына дұрыс, нақты жауап беруге үйрету. **Құрастыру.** Желкенді қайық **Мақсаты:** қалдық материалдардан қайықты құрастыра білуге үйрету, саусақ бұлшық еттерін жетілдіру, ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу. **«Доп» ойыны** | **«Не жоқ тауып көр» ойыны** Мақсаты: Жоғалған жемістерді табуға үйрету. **Музыка** **«**Əн тыңдау «Құстар жем шоқиды» Т.Ломова Əн айту «Шөжелерім» Сөзі: Н. МүтталибовƏні: Г. ГусейнлиАуд: М. Əлімбаев «Құстар» биі Мақсаты: Музыканы тыңдап , жуан-жіңішке дыбыстарды ажыратуға үйрету,құстар қимылыг салуға баулу.Əн салуға, билеуге, ойнауға қызығушылығын дамыту. Меңгерген дағдыларын бекіту.Құстар өміріне қызығушылыққа қалыптастыру. **Д/О «Қандай дауыс?»** Шарты: балапанның суретін көрсеткенде жіңішке дыбыстайды, құстың суретін көрсеткенде жуан дыбыстайды. **Мүсіндеу** Досыма сыйлық **Мақсаты:** 1 мамыр халықтар достығы мерекесі туралы түсіндіру. Ақыл – ойын, ұсақ қол қимылдарын | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | отношение к природе.<br>**Р/у: «Какая?»**<br>Цель: подобрать слова (существительные и прилагательные)к слову весна. | Мақсаты: жер, су, аспанда жүретін көлік түрін ажыратуға дағдыландыру | байқағыштығын дамыту.<br>Ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу.<br>**«Қай ұлт өкілі, тап!» ойыны.**<br>Мақсаты:Шатасқан суреттерді құрастырып, қай ұлттың өкілі, киімі екенін ойланып табуға үйрету. | |
| **II апта** | **1.Дене шынықтыру**<br>Жұптасып орындалатын жаттығулар<br>**Мақсаты:** Тепе-теңдікті дамыту.Жұптасып жұмыс істеуге үйрету.Қимыл-қозғалыс үйлесімдігін қалыптастыру.<br>**«Ұшақтар ұшып жүр» ойыны**<br>Мақсаты: Қағаз ұшақтарды қолдарына алып ұшақтар секілді бірінен соң бірін тізбектей ұшып жүруге үйрету. Тепе-теңдік сақтау қабілеттерін дамыту.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>«Баурсақ» атты спорттық мереке<br>**Мақсаты:** Түрлі физикалық жаттығулармен балаларды таныстыру. | **Сөйлеуді дамыту15.04**<br>«Ж» және «ш» дыбыстары<br>Мақсаты:«Ж» және «Ш» дыбыстарының дұрыс дыбысталуын айтқызу, осы дыбыстар кездесетін сөздерді қатыстырып, сөйлемдер құрастыра білуге үйрету. Сөздегі барлық дауысты және дауыссыз дыбыстардың толық таза айтылуын бекіту. Дыбыстық қабылдауды дамыту (сөздегі берілген дыбысты дұрыс есту және анық айта білу). Балаларды бірлікке тәрбиелеу.<br>**«Тында да айт»**<br>Мақсаты: айналадағы заттардың дыбыстарын бір-бірінен ажырата білуге үйрету, фонематикалық есту қабілетін дамыту.<br>**Көркем әдебиет16.04**<br>«Ағаштар неге | **ҚМ**<br>Не неге ұқсайды?<br>**Мақсаты:** Санды заттың санымен сәйкестендіру қабілетін нығайту; айналадағы заттардың сұлбасынан геометриялық фигураларды көру қабілетін дамыту; заттың орналасқан орнын сөзбен баяндауды үйрету.<br>**«Бес санына шапалақта»**<br>Мақсаты: Беске дейін санап және әрекетті тәрбиешінің ұсынысы бойынша орындап үйрету.<br>**Жаратылыстану**<br>Көктем келді, құс келді<br>**Мақсаты:** құстарды ажыратып, атай білуді үйрету. Көктем келгенде құстардың өмірінде және мінез-құлығында болатын өзгерістерді көрсету. Құрдастарымен және | **Сурет салу**<br>Көктемгі гүл<br>**Мақсаты:** қылқылыммен салуда қарапайым қозғалысты нақты бере білу, түстерді сезіну және араластыра білу дағдысын жетілдіру. Эстетикалық сезімін қалыптастыру, әдемілікке тәрбиелеу.<br>**«Суретті құрастырып жина» ойыны.**<br>Мақсаты:Қиылған суреттерді құрастырып жинауға, сол гүлдердің аттарын аттап сипаттап беруге үйрету.<br>**Музыка**<br>«Ән тыңдау «Құстар жем шоқиды» Т.Ломова<br>Ән айту «Шөжелерім»<br>Сөзі: Н. МүтталибовӘні: Г. ГусейнлиАуд: М. Әлімбаев<br>«Құстар» биі<br>Мақсаты: Музыканы тыңдап , жуан-жіңішке | **Қоршаған ортамен танысу.**<br>Көктемгі еңбек құралдары.<br>**Мақсаты:**Көктемгі еңбекке арналған құрал-жабдықтарды ажыратып атай білуге, олардың қажеттілігі мен қолданылуын түсініп еңбек әрекетінде қолдана білуге үйрету. Ересектердің еңбегіне қызығушылығын дамыту және оның нәтежиелеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу.<br>**«Жартысын тап» ойыны.** Мақсаты: шашырап жатқан суреттерді мағынасына қарай |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жылдамдық сияқты қасиетін дамыту. Балалардың секіру мүмкіншіліктерін дамыту.<br>**«Қапшықпен жүгіру »** ойыны.<br>Шарты:Қапшықты киіп алып жарысады, кім бірінші келсе, сол жеңіске жетеді.<br>3.**Дене шынықтыру**<br>Лақтыруға үйрету<br>**Мақсаты:** Лақтыру тәсілдерін меңгерту. Күш, ептілік, жылдамдық тәрізді қимыл сапаларын дамыту.Көзбен мөлшерлей білу қасиеттерін дамыту.<br>**Ойын: «Мерген»**<br>Шарты: Қабырғада шеңбер салынған, балалар бірінен соң бірі сапқа тізіліп тұрады.<br>Кезекпен допты нысанаға лақтырады. | ашуланды?»<br>**Мақсаты:** Балаларды Б.Соқпақпаевтың «Ағаштар неге ашуланды?» әңгімесімен таныстыра отырып, ағаштар және олардың пайдасы туралы жан-жақты мәлімет беру; Балалардың дүниетанымын кеңейту; Табиғатты қорғай білуге тәрбиелеу.<br>**«Сөзді тез ата»**<br>Мақсаты: фонематикалық есту қабілетін дамыту, бастапқы дыбысты басқа дыбыстардан ажырата білуін және басқа сөздегі осы дыбыстармен сәйкестіруін дамыту. Баланың сөздік қорын молайту. | ересектермен еркін қарымқатынас барысында танымдық-зерттеушілік іс-әрекет дағдыларын дамыту. Құстарға қамқорлық көрсетуге құштарлығын тәрбиелеу; танымдық қызығушылықтарын дамыту.<br>**Мимикалық гимнастика:**<br>«Балапандар»<br>Мақсаты: Бірге қимыл жасауға дағдыландыру.<br>. | дыбыстарды ажыратуға үйрету,құстар қимылыг салуға баулу.Ән салуға, билеуге, ойнауға қызығушылығын дамыту. Меңгерген дағдыларын бекіту.Құстар өміріне қызығушылыққа қалыптастыру.<br>**Д/О «Қандай дауыс?»**<br>Шарты: балапанның суретін көрсеткенде жіңішке дыбыстайды, құстың суретін көрсеткенде жуан дыбыстайды.<br>**Музыка**<br>Ән тыңдау «Нұрлы көктем» Б.Бейсенова<br>Ән айту «Жау-жау жаңбыр» К.Дүйсекеев<br>«Жаңбыр» биі<br>Мақсаты: Әуенге сай би қимылдарын ажырата білуге,әнді жеңіл айтуға үйрету,әуеннің көңілді,көңілсіз сипатын ажыратуға баулу, табиғатты сүюге тәрбиелеу.<br>**«Күн мен жаңбыр» ойыны**<br>Шарты: күн мен бұлт суреті таратылады,балалар шығаралард тыңдап,әуен сипатына сай сурет | сәйкестендіруге үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **Аппликация**<br>Анама арналған сәукеле<br>**Мақсаты:** Қазақтың ұлттық бас киім атауларын ажыратуды үйрету; ұлттық өнер түрлерімен таныстыру; сәукелені өрнектермен әшекелеуді үйрету; эстетикалық талғамды қалыптастыр; қазақтың өнеріне қызығушылықтарын тудыру. Тілдерін дамыту. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Отанға деген сүйіспеншіліктерін тәрбиелеу.<br>**«Сипатта» ойыны**<br>Мақсаты: Ұлттық киімдерді сипаттап беруге үйрету. | |
| **III апта** | 1.**Дене шынықтыру**<br>Кеңістікті бағдарлау<br>**Мақсаты:** Кеңістікте бағдарлай білуді үйрету.<br>Күш, ептілік, жылдамдық тәрізді қимыл қасиеттерін дамыту.Көзді жұмып жүруге жаттықтыру.<br>**«Аралар ұшады» ойын**<br>Шарты:Балалар қолдарын жайып ызыңдап , топта ары- | **Сөйлеуді дамыту.**<br>Жер ана<br>**Мақсаты:** «Ғажайып жеміс ағашы» ертегісін оқып беру арқылы жер туралы түсінік беру.Табиғат туралы тыйым сөздер, бір-біріне жұмбақтар жасыруға үйрету. Мәнерлеп айту, дауыс ырғағын дамыту.Бірлесе ойнауға тәрбиелеу.<br>**«Қамқор боламыз» ойыны** | **Жаратылыстану**<br>Көктем гүлдері<br>**Мақсаты:** көктемдегі маусымдық өзгерістермен таныстыру. Көктемнің алғашқы гүлдері – наурызгүлдер туралы түсініктерін дамыту. Туған өлке табиғатына деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.**«Жартысыну тап»ойыны.**<br>Мақсаты: Гүлдердің | **Сурет салу.**<br>Құстар сайрайды<br>**Мақсаты**:Құстар туралы түсініктерін кеңейту. Құстардың үнін, қимыл қозғалысын бейнелеп, дене бөліктерін ажырата білуге үйрету.<br>Құстардың бейнесін сала білуге үйрету, сурет салуға деген қызығушылықтарын үйрету, құстарға қамқорлық жасау.<br>**Ойын «Құстарды** | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | бері жүгіреді. Аюдан қашып аралар топтың бір бұрышына қарай жүгіреді. Аю қорбаңдап оларды қуалайды.<br>**2.Дене шынықтыру.**<br>Гимнастика<br>**Мақсаты**:Дене тұлғасының дұрыс қалыптасуына арналған гимнастикалық жаттығуларды жасап үйрету.Гимнастикаға деген қызығушылақтарын ояту.Жаттығуларды жасату арқылы қымыл үйлесімдігін дамыту;<br>**Қ/О: «Көжектер мен түлкілер»**<br>Мақсаты: Балаларды аңғарымпаздыққа жүгіруге баулу.<br>3.**Дене шынықтыру.**<br>Өз-өзін уқалау және бір-бірін уқала, сылап-сипау<br>**Мақсаты:**Уқалау, сылап-сипауға жаттықтыру.<br>Балаға уқалау мен сылап-сипаудың жеңіл түрлерін көрсету.Бір-біріне уқалау мен сылап-сипауға жаттықтыру.<br>Ойын: «Болады – | Мақсаты:Үлкен жер шарына мейірімді сөздерін айтып әдемі көбелектерді жабыстыруға баулу. Сөздік қорларын кеңейту.<br>**Драма**<br>Ертегілер еліне саяхат<br>**Мақсаты:** ертегінің мазмұны бойынша өз түсінігін театр барысында іс-әрекеттер арқылы бере білу; балалардың бойында адамның көңіл күйін, бет-пішінін, қимыл-қозғалыстарын дауыс ырғағына қарай тани білу, кейіпкердің бейнесін бере білу қабілеттерін дамыту; достық, адалдық, батылдық,жанашырлық қасиеттерін тәрбиелеу.<br>**Д/О: «Сипаттаймыз»**<br>Мақсаты: Тәрбиеші атталған ертегі кейіпкерінің дауысын түрлі екпінде анық және дұрыс салуға баулу, зейінін және әртістік қабілетін дамыту. Өз достарын сыйлауға, бірлесіп салуға қызығушылығын тудыру.<br>**Орыс тілі**<br>Первые весенние цветы. | жартысын табуға және гүлдерді сипаттап беруге үйрету.<br>**ҚМ**<br>Алыс, жақын, арасында.<br>**Мақсаты:** Санды заттың санымен сәйкестендіруді үйрету;математикалық жұмбақты шешуге үйрету; логикалық тапсырмаларды көрген мәліметтеріне сүйене отырып шешуді үйрету.<br>**«Қалай жүріп, нені тапқың келеді?» ойыны**<br>Мақсаты: Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету. Алыс, жақын, арасында ұғымдарын бекіту.<br>**Құрастыру.**<br>Инеліктер<br>**Мақсаты:** инеліктің дене бөліктерін табиғи материалдардан дұрыс құрастыра білуге үйрету. Жан-жануарлар әлеміне деген қызығушылыққа баулу, ұқыпты жұмыс жасауға дағдыландыру.<br>**«Жауап бер»** ойыны.<br>Мақсаты: Қойылған сұраққа толық жауап беруге үйрету. Жәндіктердің айрмашылығын табуға баулу. | **тамақтандыр»**<br>Мақсаты: Таратылған құстарды тамақтандыру, және не үшін ол тамақта таңдағаны туралы түсінік беру.Қойылған сұрақтарға жауап беруге үйрету. Бірлесіп ойнауға қызығушылығын тудыру.<br>**Мүсіндеу**<br>Қызғалдақ гүлі<br>**Мақсаты:** Көктем гүлдерімен таныстыру. Ұсақ қол қимылдарын дамыту. Гүлдерді күтіп-баптап, қорғай білуге тәрбиелеу.<br>**«Мен көктем гүлдерінің бірімін» ойыны**<br>Мақсаты:Балалар өздері білетін гүлдердің атын атап, өздерін кішкентай гүл ретінде сезініп оны сипаттауға үйрету.<br><br>**Музыка**<br>Ән тыңдау «Нұрлы көктем» Б.Бейсенова<br>Ән айту «Жау-жау жаңбыр» К.Дүйсекеев<br>«Жаңбыр» биі<br>Мақсаты: Әуенге сай би қимылдарын ажырата білуге,әнді жеңіл айтуға үйрету,әуеннің көңілді,көңілсіз сипатын ажыратуға баулу, | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | болмайды»<br>Шарты: Тәрбиеші салауатты өмір сүру үшін қажетті және зиянды әрекеттерді бір сөйлемнен айтады.Балалар болады, болмайды жауап қайтарады. | **Цель занятия:**<br>Учить распознавать первые цветы. Углублять знания детей о названии цветов. Продолжать учить детей работать в парах, малых подгруппах. Продолжать учить детей внимательно дослушивать задание до конца. Продолжать учить давать полные ответы.Развивать речевое внимание, мышление, навыки словоизменения, связную речь.Продолжать обогащать словарь, знакомить с выразительными средствами языка.<br>**Д/и: «Назови часть цветка»**<br>Цель: научить правильно проговаривать части цветка. | | табиғатты сүюге тәрбиелеу.<br>**«Күн мен жаңбыр» ойыны**<br>Шарты: күн мен бұлт суреті таратылады,балалар шығаралард тыңдап,әуен сипатына сай суретті көрсетеді. | |
| **IV апта** | 1.**Дене шынықтыру.**<br>Жұп болып тұрып жаттығулар орындау<br>**Мақсаты:**Жұптасып жаттығулар орындау үйрету.Бірлікке баулу.Затты игеру-жалаушамен орындалатын жаттығуларды жасап меңгерту. | **Сөйлеуді дамыту.**<br>Ертегі «Гүлдердің таласы» Б.Османов<br>Мақсаты: Көктем гүлдері мен олардың түрлерін ажырата білуге үйрету. Ертегінің мазмұнымен, кейіпкерлерімен таныстыру, ертегіні тыңдауға, ертегі бойынша сұрақтарға | **ҚМ**<br>Кең,тар<br>**Мақсаты:З**аттың санын цифрмен сәйкестендіру әрі қарай жалғастыру, математикалық жұмбақтарды шешуді үйрету; сандардың арасындағы байланысты түсіндіру; «тез» , «баяу» ұғымдарын нақты | **Сурет салу.**<br>Шөптегі қоңыздар<br>**Мақсаты:** Жәндіктер әлемімен таныстыру. Ұсақ қол қимылдарын дамыту, сурет салуға қызығушылығын қалыптастыру. Ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу.<br>**«Аралар ұшады»** | **Экология**<br>**Мақсаты**:Үй жануарлары жылқы және есек.<br>Мақсаты: Үй жануарлары түйе, сиыр, ешкі туралы түсініктерін кеңейте отырып, жылқы және есекпен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қ/О: «Аю»**<br>Мақсаты:Балаларды ұйымшылдыққа, алғырлыққа баулу.<br>**2.Дене шынықтыру.**<br>Доп валейбол торына лақтыру<br>**Мақсаты:**Валейбол ойнап жатқан балалардың суретін көрсетіп валейбол туралы түсінік беру.Тәрбиеші ұстап тұрған шығыршық ішіне допты дұрыс түсіруге үйрету**.** Омыртқа бұлшықеттерін қатайту**.**Балалардың икемділігін нығайту. Балаларды еденде жатып созылуға үйрету; допты тордан (шығыршық)асырып беруге жаттықтыру.<br>**Қ/О: Ит пен қоян**<br>Мақсаты: Шапшаңдыққа, ептілікке баулу.<br><br>3.**Дене шынықтыру.**<br>Тыныс алу жаттығулары<br>Мақсаты:Имитациялық жаттығуларды орындауға жаттықтыру.Дұрыс тыныс алуға үйрету.Бір орында | жауап беруге дағдыландыру.Сөздік қорын молайту, тіл байлығын дамыту, есте сақтау қабілетін, ұсақ қол моторикасын, логикалық ойлау қабілетін дамыту. Балаларды достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Д/О: «Гүлдер дүкені»<br>Мақсаты: Өздеріне ұнаған гүлді сатып алуға және не үшін сатып алғаны туралы түсінік беруге үйрету.<br>**Көркем әдебиет**<br>Қамқорлық<br>**Мақсаты:** Шығарманы оқып беру арқылы түсініктерін қалыптастыру. Әңгімелеп беруге, диалог сөздерді мәнеріне келтіре айта білуге дағдыландыру. Үлкендерді құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**«Қамқорлық дегеніміз не?» ойыны**<br>Мақсаты: 2 ситуациялық жағдайлар ұйымдастырылып, олардан шығу жолдарын балаларға тапқызу. Ақыл-ойын, байқағыштығын дамыту. Достарының ойын | мысалдармен түсіндіру; заттарды еніне қарай салыстыруды үйрету; логикалық тапсырмаларды шешуді үйрету.<br>**«Ойлан тап» ойыны**<br>Мақстаы: Тәрбиеші оқыған өлең жолдарна сәйкес санды табуға дағдыландыру.<br>**Жаратылыстану**<br>Терезе алдындағы бақша<br>**Мақсаты:** өсімдіктерді бөлме жағдайында өсіру туралы түсініктерін жүйелеу. Қарапайым дербес тәжірибе іс-әрекеттерін ұйымдастыру арқылы балалардың түсініктерін дамыту. Бақылау үдерісінде экологиялық ой-пайымдауларын тәрбиелеу.<br>**Д/О:«Ол өсе (тыныстайды) алады»**<br>Мақсаты:Заттың қасиеті мен атқарымын ойланып тауып айтуды үйрету. | **ойыны**<br>Шарты: Аралар мен аю қимылын жасауға үйрету. **Аппликация**<br>«Гүлдер»<br>**Мақсаты:**Гүлдер туралы білімдерін кеңейту, түсті айыра білуге эстетикалық тұрғыда қабылдай білуге үйрету. Тілдерін дамыту. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Өздерінің ойларын жеткізе білу, жақындарына қуаныш сыйлау. Анасына деген құрмет пен сүйісеншілікті дамыту.<br>**«Мен – гүлмін» атты психологиялық жаттығу**<br>Мақсаты: Өздерін кішкентай гүл ретінде сезінуге дағдыландыру, өз ойларын толық жеткізуге үйрету.<br><br>**Музыка**<br>Ән тыңдау<br>«Атамекен»муз.<br>Е.Хасанғалиев сөзі<br>Қадыр Мырза Әлі<br>Ән айту «Достар әні»<br>әні А.Асанов сөзі Ф. Оңғарсынова<br>«Асатаяқ» биі<br>Мақсаты: достық мерекесі туралы түсінік | таныстыру. Жылқы мен есектің ұқсастықтары мен айырмашылығы туралы түсініп айтып беруге үйрету. Жануарлардың тіршілігі адамның қамқорлығына, күтіміне зәру екендігі туралы ұғымды қалыптастыра отырып, қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.<br>**«Дұрыс тап» ойыны**<br>Балаларды 2 топқа бөліп,жүннен тоқылған киімдер, сүт тағамдарының суреттерін жинауға ұсыныс жасау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | секіруге үйрету.<br>**«Көңілді жылауықтар» ойыны**<br>Мақсаты: Өтірік жылауға (имитациясы) үйрету.<br>**«Құлыншақ» жаттығуы.**<br>Мақсаты: Тілмен таңдай қағуға үйрету. | тыңдауға тәрбиелеу. | | беру,би қимылдарын ауыстыра білуге, аспаптарда ырғақты сезіне ойнауға үйрету.Отанын сүюге тәрбиелеу.<br>**«Музыкалық аспаптар дүкені» ойыны**<br>Шарты: дүкеншіден өздеріне қажетті аспапты алуға және сипаттауға үйрету.<br>**Музыка**<br>Ән тыңдау «Атамекен» муз. Е.Хасанғалиев сөзі Қадыр Мырза Әлі<br>Ән айту «Достар әні» әні А.Асанов сөзі Ф. Оңғарсынова<br>«Асатаяқ» биі<br>Мақсаты: достық мерекесі туралы түсінік беру,би қимылдарын ауыстыра білуге, аспаптарда ырғақты сезіне ойнауға үйрету | |

**Мамыр айы**

**Өтпелі тақырып «Бейбітшілік қорғаны»**

**Мақсаты:** Мамыр айында өтетін мерекелер туралы түсінік беру. Тәуелсіз қазақ елі әскерлерімен таныстыру. Отанды сүюге, қорғауға тәрбиелеу.

**Міндеттері:**

1. Өзге ұлттарға деген сүйіспеншілігін арттыру.
2. Қалдық заттармен жұмыс жасай білу іскерліктерін дамыту.
3. Жазғы табиғат туралы білімдерін қалыптастыру.

| Апта | **Денсаулық-3**<br>Дене шынықтыру-3 | **Коммуникация-2,5**<br>Сөйлеуді дамыту-1<br>Көркем әдебиет-0,5<br>Драма-0,5<br>Орыс тілі-0,5 | **Таным-2,5**<br>Қарапайым математикалық -1<br>Құрастыру- 0,5<br>Жаратылыстану - 1 | **Шығармашылық-3,5**<br>Музыка-1,5<br>Сурет-1<br>Мүсіндеу-0,5<br>Аппликация-0,5 | **Әлеумет-0,5**<br>Қоршаған ортамен танысу-0,25<br>Экология негіздері-0,25 |
|---|---|---|---|---|---|
| **І апта** | 1.**Дене шынықтыру.**<br>Ұзындыққа секіру<br>Мақсаты:Балаларға таяқшамен орындалатын жаттығуларды үйрету.Спортқа деген қызығушылықтарын дамыту.Тепе- теңдікті сақтап жүруге дағдыландыру; бір орыннан биіктікке секіруге жаттықтыру.<br>«Кішкентай және үлкен аяқтар»<br>Мақсаты: Жылдам және баяу топылдатуға үйрету.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>«Әкем, анам және мен – біз спорттық отбасымыз» атты спорттық іс- шара | **Сөйлеуді дамыту.**<br>Серуенде...<br>**Мақсаты:**Еңбек туралы білімдерін кеңейту.<br>Өз тәжірибиесін әңгімелей білу қабілеттерін дамыту (Сурет мазмұнын зерттеу бойынша), баланың зейінін дамыту. Тазалыққа тәрбиелеу.<br>**«Не үшін керек?» ойыны**<br>Мақсаты: құрал-саймандар атауларын бекіту, тілдерін ойлау қабілетін дамыту.<br>**Орыс тілі**<br>Лето. Деревья.<br>**Цель занятия:**<br>Расширение знаний о временах года и явлениях природы. | **ҚМ**<br>Бекіту. Есептік және реттік санау.<br>Мақсаты:5-ке дейін санауды жалғастыру, реттің және есептік санауды ажырата білу, математикалық жұмбақтарды шешуді үйрету,цифрды заттың санымен сәйкестендіруді үйрету; кеңістік байланысы туралы түсінігін нығайту, геометриялық фигуралар – дөңгелек,шаршы, тіктөртбұрыш,сопақша туралы өткенді пысықтау.<br>«Ертегі кейіпкерлерінің жұбын тапМақсаты: Балаларды «жұп» ұғымымен таныстыру. | **Сурет салу**<br>Достық шарлары<br>**Мақсаты:**1 мамыр халықтар достығы мерекесі туралы түсіндіру. Ақыл – ойын, ұсақ қол қимылдарын байқағыштығын дамыту. Ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу.<br>**«Достар алаңы» ойыны.**<br>Мақсаты: Гүлдердің түстеріне сәйкес достар алаңына жиналуға үйрету.<br>**Мүсіндеу**<br>Қаңқыз<br>**Мақсаты:**Қаңқызы және оның өзіндік ерекшеліктерімен | . |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Мақсаты:** Өз күшіне сенімділік сезімін дамыту.Моральдық, ерік, жегерлік қасиеттерін дамыту. Ойын ережесін білу және ойын барысында өзін-өзі басқара білуге үйрету.<br>«Мерген» ойыны.<br>Мақсаты: тігінен қойылған нысанаға допты лақтыруға үйрету.<br>**3.Дене шынықтыру**<br>Жекпе-жектер (спорттық алаңда өткізіледі)<br>**Мақсаты:**Жекпе-жек шарттарын түсіндіру. Балалардың ептілектер мен тапқырлықтарын дамыту.Балаларды қозғалу дағдыларын дамыту.<br>**«Күш сынасу» ойыны.**<br>Шарты: Балалар екі адымнан шеңбер ішінде тұрады.Ысқырық бойынша бір-бірін шеңберден итеріп шығаруға тырысады. | Произносить правильно свистящие, шипящие(ж,щ,с,з) и сонорные (р,л) звуки русского языка.<br>Обучение пониманию и пересказу коротких произведений.<br>**Д/и: «Обведи по контуру»**<br>Цель: выполнить задание самостоятельно.<br>**Драма**<br>Екі әтеш<br>**Мақсаты:** Түрлі мәтіндерді дыбыстағанда дұрыс тыныс алу, кейіпкердің ерекшеліктерін беру үшін мәнерлік құралдарын қолдана білу дағдыларын қалыптастыру, ертегінің мазмұнын түсініп, кейіпкерлерге мінездеме бере білуге үйрету, достық қарым-қатынас және өзара көмек көрсете білуге тәрбиелеу.<br>**«Әтеш» саусақ ойыны.**<br>Мақсаты:Бас бармақ пен балаң үйрек саусақтарын қоса отырып, қалған саусақтан әтештің айдарын бейнелеуге үйрету. | **Жаратылыстану**<br>Кесіртке қайда мекендейді?<br>**Мақсаты:** бауырымен жорғалаушылар класы, олардың сыртқы түрі, қозғалыс ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту. Тіршілік иесін сипаттай білуін; есте сақтау қабілетін, зейінін дамыту. Жануарлар және өсімдіктер әлемінің өкілдеріне мейірімді болуға тәрбиелеу.<br>«Сиқырлы айналу» ойыны<br>Мақсаты:Сиқырлы таяқшаның көмегіменбалаларды «кесіртке» айналдыру арқылы кесіртке секілді секіріп жүруге үйрету.<br>**Құрастыру**<br>Қайықтар<br>**Мақсаты:** Құрылыс материалдарын пайдаланып, қайықты құрастыраа білуге үйрету және оны кеңістікте дұрыс орналастыра білуге дағдыландыру, саусақ бұлшық еттерін дамыту, бастаған ісін соңына дейін аяқтап, еңбек нәтижесіне жете білуге тәрбиелеу.<br>**«Қайық» саусақ ойыны** | таныстыру. Ұсақ қол қимылдарын дамыту. Жәндіктерге деген қызығушылығын дамыту, оларға қамқор болуға тәрбиелеу.<br>**Д/О:«Қиынды суреттер»**<br>Шарты: Жәндіктердің суреттері 2-4 бөлікке қиылған. Балалар қиындыларды құрастырып жәндіктердің суретін шығарады.<br>**Музыка**<br>Ән тыңдау «Жаз» муз.Б.Ерзакович сөзі Ш.Ахметов<br>Ән айту «Балдырған» муз. А.Асанов сөзі Р.Архабаева<br>Музыкалық ырғақты қимыл : «Гүлдер биі»<br>Мақсаты: жаз мезгілі туралы түсініктерін жетілдіру,таныс ән,би қимылдарын қайталауға баулу, әнді көңілді,жеңіл айтуға дағдыландыру.<br>**«Бұл қай кезде болады?» ойыны**<br>Шарты: жыл мезгілі туралы шығарманы тыңдап.суреттен көрсету. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Мақсаты: Алақан қырын бір-біріне жақындатып ожауға ұқсатып жасауға үйрету.Оңға, солға, алдыға созып толқын бейнесін жасауға дағдыландыру. | | |
| **II апта** | **1.Дене шынықтыру**<br>«Жұқпалы аурулар және олармен күрес» тақырыбында әңгіме.<br>**Мақсаты:** Микроб туралы түсінік беру. Салауатты өмір салтын құруға баулу. Аурудың белгілерін білуге үйрету.<br>**«Болады-болмайды» ойыны.**<br>Шарты: Тәрбиеші салауатты өмір сүру үшін қажетті және зиянды әрекеттерді бір сөйлеммен айтады.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>Сумен ойындар<br>**Мақсаты:** Су туралы білімдерін толықтыру, ойын шартын түсініп, шартын бұзбауға баулу. Тазалыққа тәрбиелеу.<br>**«Туннель арқылы өт!»** ойыны.<br>Шарты: туннельден өтіп,1,5-2 метр арақашықтықтан кегльдерді қағып түсіру.<br>**3.Дене шынықтыру** | **Сөйлеуді дамыту**<br>Достық мерекесі.<br>**Мақсаты:** 1-мамыр – халықтар достығы мерекесі туралы түсіндіру. Қазақстанда тұратын ұлттар туралы айту. Өз еліне, туған жеріне деген сүйіспеншілікті арттыру.<br>**«Амандасу» ойыны**<br>**Мақсаты:**Қазақ, орыс, украин т.с.с ұлттардың қалай амандасатынын қимыл-қозғалыспен көрсету. Қиналған балаларға көмектесу.<br>**Көркем әдебиет**<br>Тату доспыз бәріміз<br>**Мақсаты:**Достыққа,тату лыққа,бауырмашыл болып өсуге үйрету.Өзара сезімдерін дамыту. Достықты қадірлей білуге тәрбиелеу.<br>**Д/О: «Қай ұлт екенін ата!».**<br>Шарты: Тәрбиеші балаларға әр ұлт өкілдері бейнеленген суреттер үлестіріп береді. Балалар | **Жаратылыстану**<br>Ғажайып жәндіктер әлемі<br>**Мақсаты:** Жәндіктердің кейбір түрлері(көбелек, шыбын, қоңыз, қаңқыз, құмырсқа, инелік) туралы түсініктерін қалыптастыру. Ой белсенділігін, бақылау, талдау, тұжырымдар жасау дағдыларын дамыту. Жанды табиғатқа қызығушылығын тәрбиелеу.<br>Д/О: « **Пайдасымен зияны»**<br>Балалардың жауаптарын толықтырып отыру, Балалар жәндіктерді пайдасы мен зиянын болжамдап әңгімелеп беруге үйрету.<br>**ҚМ**<br>Заттар тобын салыстыру.<br>**Мақсаты:**1,2,3,4 санын заттың санымен сәйкестендіруді жалғастыру; заттың санын санмен сәйкестендіруді үйрету; | **Сурет салу.**<br>От шашу<br>**Мақсаты:** Жеңіс мерекесі туралы түсінік беру; ойлау қабілеттерін дамыту, өз ойын еркін жеткізе білу; отшашу суретін салу және шығармашылық қабілетін дамыту, үлкендерді сыйлауға, құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**Қ/О: «Қуыршқтар пен солдаттар»**<br>Шарты: Тәрбиеші балаларға «қуыршақ» деп дауыстайды. Балалар қимылдамауы тиіс. Ал, «жауынгер» дегенде балалар қолдарын шекесіне қойып, оңға-солға маршпен әрі-бері топ ішінде жүреді.<br>**Музыка**<br>Ән тыңдау «Біз мектепке барамыз» А.Меңжанова<br>Ән айту«Балабақша» әні Д.Байтлеуов сөзі М.Балмолда | **Қоршаған ортамен танысу**<br>Ел қорғауға әзірміз<br>**Мақсаты:** Еліміздің әскері,батыр,ел қорғайтын, ержүрек жауынгеерлер, танкішілер, ұшқыштар,теңізшілер туралы түсінік беру.<br>Өзіне өз күшіне сенімін нығайтып, өзіне құрметі мен дербестігін дамыту.Патриоттық сезімге тәрбиелеу.<br>**«Кімге не керек?» ойыны**<br>Мақсаты: танкішіге танкі, ұшқышқа ұшақ, теңізшіге кеме т.б. суреттерді топтастыруға үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Футбол<br>**Мақсаты**:Допты бір бағытқа қарай домалатуға үйрету. Допты аяқтарымен қақпаға домалату қабілеттерін дамыту<br>**«Допты ұстап қал!» ойыны.**<br>(жұпта орындалады)<br>Шарты: екі топтың балалары бір-біріне қарама-қарсы тұрады. Бірінші тұрған бала өзіне қарсы тұрған балаға допты лақтырып береді, ол жерге түсірмей қағып алу керек. | суретте бейнеленген әр ұлт өкілдеріне қарап атайды. | екі топтағы заттарды салыстыруға жаттығу, заттың орналасқан орнын анықтау және сөзбен атап көрсету.<br>**Д/о:«Айырмашылығын тап»**<br>Мақсаты: Балаларға екі суреттің немесе заттың айырмашылығын таба білуге; өз ойын айта білуге үйрету; ақыл-ойларын дамыту; шыдамдылыққа, досының жауабын тыңдай білуге дағдыландыру. | Әуенді-ырғақты қимыл «Қосарланып билеу»<br>Мақсаты: ән арқылы қуана білуге,музыканың сиаптына сай қимылдарды ауыстыруға үйрету,әнді көңілді,ынталы жеткізуге баулу, музыкалық қабілеттерін жетілдіру.<br>**«Әуенді сағат» ойыны**<br>Шарты: таныс әуендерді тыңдап,сәйкес суреттікөрсетеді.<br>**Музыка**<br>Ән тыңдау «Біз мектепке барамыз» А. Меңжанова<br>Ән айту«Балабақша» әні Д.Байтлеуов сөзі М.Балмолда<br>Әуенді-ырғақты қимыл «Қосарланып билеу»<br>Мақсаты: ән арқылы қуана білуге,музыканың сиаптына сай қимылдарды ауыстыруға үйрету,әнді көңілді,ынталы жеткізуге баулу, музыкалық қабілеттерін жетілдіру.<br>**Әуенді сағат» ойыны**<br>Шарты: таныс әуендерді тыңда | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **Аппликация**<br>«Ұшақтар самғайды»<br>**Мақсаты:** көлік туралы түсініктерін кеңейту, қайшымен жұмыс істеудегі қауіпсіздік техникасын естеріне салу, тиянақтылыққа, ұқыптылыққа, дербестікке тәрбиелеу. Тілдерін дамыту. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Ойыншықтармен ұқыпты ойнауға тәрбиелеу.<br>**«Ұшақ» ойыны**<br>Мақсаты: Әуенге балалар ұшақтың қимыл-қозғалыстарын келтіруге, ұшақты оталдыруға, топты айналып ұшуға үйрету. | |
| **III апта** | 1.**Дене шынықтыру**<br>Самокат тебу<br>**Мақсаты:** Самокат теуіп келе жатып оңға,солға бұрылыстарды орындауға үйрету.<br>**«Жалауша» эстафеталық ойыны**<br>Мақсаты: ұйымшылдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу<br>2.**Дене шынықтыру** | **Сөйлеуді дамыту.**<br>Солдат болам мен ертең<br>Мақсаты: Ұландар күні мерекесін түсіндіру. Ауызекі сөйлеу тілін дамыту. Отанды сүюге, қорғауға тәрбиелеу.<br>«Кімге не керек?» ойыны.<br>Шарты: Теңізші, Шекарашы, Ұшқыш адамдарға қажетті заттардың суреттері беріледі, балалар кімге | **Жаратылыстану**<br>Шуағын шашқан алтын күн<br>Мақсаты: Жансыз табиғат құбылыстары туралы түсініктерін кеңейту. Жансыз табиғатқа танымдық қызығушылықтарын тәрбиелеу. Қоршаған ортаға қамқор көзқарасты тәрбиелеу.<br>«Күн шұғыласы» ойынын ойнату. | **Сурет салу**<br>Бұл мен!<br>**Мақсаты:** Өзі және өзінің жағдайы,көңіл күйі туралы түсініктерін кеңейту.Өзінің дене мүшелерінің кейбір қызметтерін (бас,құлақ,ауыз,тіл,тіс, қол,аяқ)түсінуге үйрену.Құммен жұмыс жасау және сурет салу қабілеттерін арттыру. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 40–50 метрге жүгіру<br>**Мақсаты:**Бір қалыппен 40–50 метрге жүгіру. Қатарға бір-бірден сапқа тұру. Сапты қайтадан құру.<br>**Қ/О?«Ұйқыдағы түлкі»**<br>Мақсаты: Баяу жүру және қашу, жүгіру қабілеттерін арттыру.<br>**3.Дене шынықтыру**<br>50 см жоғары көтерілген арқанның астынан оң және сол бүйірмен алға еңбектеп кіру.<br>**Мақсаты:** Түрлі тапсырмалармен шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшімен ауыса отырып жүгіру. 50 см жоғары көтерілген арқанның астынан оң және сол бүйірмен алға еңбектеп кіру.<br>**«Пингвиндер» ойын-жаттығуы.**<br>Шарты:Пингвиндер секілді секіріп, кедергілер арасынан өту. | **Драма**<br>Сазды сахналық қойылым<br>Мақсаты: Балалардың бойында адамның көңіл күйін, бет-пішінін, қимыл қозғалыстарын дауыс ырғағына қарай тани білу қабілеттерін дамыту; музыканы тыңдай отырып кейіпкердің бейнесін бере білу; балалардың бойында достық, адалдық, батылдық, жанашырлық қасиеттерін тәрбиелеу.<br>Ойын: «Ән салған кім?» .<br>Шарты:Балалар шеңбер бойымен отырады. Бір бала сыртқа шығып тұрады. Біреуі ән айтады. Сыртқа шыққан бала әнді кім орындағанын табады.<br>**Орыс тілі**<br>Игры на свежем воздухе<br>Цель занятия: Умение отвечать на короткие вопросы простыми предложениями. Закрепление навыков правильного использования русских слов и выражений при ответе на вопросы. Обучение слушанию и пониманию стихотворений. | Шарты:Айналары бар балалар айнаны күнге шағылыстырып, ғимарат қабырғаларына күн шұғыласын түсіреді. Қалған балалар күн шұғыласын ұстамақ болады<br>**ҚМ**<br>Санмен санды сәйкестендіру.<br>**Мақсаты:**5 көлемінде санау қабілетін күшейту; Санды заттың санымен сәйкестендіруді үйрету; әртүрлі арақашықтықта орналасқан екі топтағы заттарды салыстыру, аяқталмаған фигуралардан геометриялық фигураларды көру қабілетін арттыру; «үлкен» , «кіші», «кішкентай» түсініктерін нығайту.<br>**Д/о:№9 «Ненің баласы?»**<br>Мақсаты: Балалардың «үлкен», «кіші» ұғымдары туралы түсініктерін бекіту; жабайы және үй жануарлары туралы білімдерін кеңейту.<br>**Құрастыру**<br>Машиналар<br>Мақсаты: Конструктураларды | Тазалыққа тәрбиелеу.<br>**«Біздің көмекшілеріміз» ойыны**<br>Мақсаты: Өлең жолдарын айта отырып дене мүшелерін көрсетіп қимылдар жасауға үйрету.<br>**Музыка**<br>Ән тыңдау «Астана» Б.Бейсенова<br>Ән айту «Туған жер» Б.Бейсенова<br>«Қамшымен би»<br>Мақсаты: ән айту дағдыларын жетілдіру,музыкаға сай қозғалысты өзгерту, шапшаңдық пен ептілік танытуға үйрету,музыкаға қызығушылыққа ,елін сүюге тәрбиелеу.<br>**«Ән салған кім?» ойыны**<br>Шарты:Балалар шеңбер жасай жүріп әндетеді,сыр жақта теріс қарап отырған бала ән салған баланы атауы қажет.<br>**Мүсіндеу**<br>Кемпірқосақ<br>**Мақсаты:**Жазғы табиғат туралы білімдерін қалыптастыру.Табиғат құбылыстарымен | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **Д/и: «Один-много»**<br>Цель: назвать существительные во множественном числе. | пайдаланып, машиналар құрастыра білуге үйрету және оны кеңістікте дұрыс орналастыра білуге дағдыландыру, саусақ бұлшық еттерін дамыту, бастаған ісін соңына дейін аяқтап, еңбек нәтижесінежете білуге тәрбиелеу.<br>«Жүргізуші, абайла!» ойыны.<br>Мақсаты:Жолда жүру ережелерімен таныстыру. Түстерді айра білу қабілеттерін дамыту. | таныстыру. Мүсіндеуді ретімен орналастыруға үйрету. Табиғатты қорғауға тәрбиелеу.<br>**«Ойлан, тап» ойыны**<br>Шарты: Тәрбиеші табиғат құбылыстары бейнеленген суретті көрсетеді, балалар тақпақ, ән айтып береді немесе жұмбақ жасырады. | |
| **IV апта** | 1.**Дене шынықтыру**<br>Жіп бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру<br>Мақсаты:Жұптасып жүруге үйрету. Жіп бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру. Ойын шартын сақтауға баулу.<br>**Ұлттық ойын «Теңге алу»**<br>Мақсаты: ұлттық ойындарға қызығушылығын қалыптастыру.<br>2.**Дене шынықтыру**<br>Допты аяқтарымен бір біріне домалату<br>Мақсаты:Педагогтің белгісімен сапта жүрудің бағытын өзгерту. Допты | **Сөйлеуді дамыту**<br>Алақай, жаз келді!<br>**Мақсаты:**Жазғы табиғат туралы білімдерін қалыптастыру. Көрнекіліктерге сүйене отырып, өз бетімен сөйлем құрастыруға үйрету.Табиғатты қорғауға тәрбиелу.<br>**«Жазда не істеуге болады?» ойыны**<br>Шарты: Көзге көрінетін көрнекіліктерді бір-бірден қойып жазда не істеуг болады?- деп балалардан сұрайды. Балалар сөйлем құрастырады.<br>**Көркем әдебиет**<br>«Үш жолдас» | **Жаратылыстану**<br>Қош келдің жаз!<br>Мақсаты: Жазғы уақытта болатын маусымдық өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру. Құрдастарымен және ересектермен еркін қарым-қатынас барысында танымдық-зерттеушілік ісәрекет дағдыларын дамыту. Қарапайым жаратылыстану ғылымдық түсініктерін дамыту. Табиғатты аялауға тәрбиелеу.<br>«Киім» ойыны<br>Мақсаты: Киімдер бейнеленген суреттерді | **Сурет салу**<br>Табиғат аясында<br>**Мақсаты**: көрініс, көкжиек, кеңістік туралы түсініктерін бекіту. Жыл бойындағы жұмыстарының нәтижесіне баға беру, өз ойларынан сурет салуда белсенділігін арттыру, қиялын дамыту, табиғаттың келбетін, әр жыл мезгілдерінің ерекшелігіне тән белгілерді ажырата білу, пейзаж, композиция, түс және эстетикалық қабылдау сезімдерін дамыту, іскерлікке тәрбиелеу. | **Экология**<br>**Тақырып**<br>Көбелек және инелік.<br>**Мақсаты:** Көбелек және инелікпен таныстыру. Олардың айырмашылығын байқап айтып беруге үйрету. Көбелектің қалай пайда болатындығын көрсету. Жәндіктердің тіршілігіне қызығушылы<br>ғын тудыру. Оларға қамқорлықпен қарап, қорғауға тәрбиелеу.<br>«Сиқырлы таяқша» ойыны<br>Мақсаты:<br>Сиқырлы таяқшаның көмегімен балаларды «көбелекке» айналдыру |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | аяқтарымен бір-біріне домалатуды үйрету.<br>**Ұлттық ойын «Арқан тартыс»**<br>Мақсаты: ұлттық ойындарға қызығушылығын қалыптастыру, ұйымшылдыққа тәрбиелеу<br>3.**Дене шынықтыру**<br>Кегльдермен ойындар<br>**Мақсаты**:Бастапқы қалыпта дұрыс тұрып,допты лақтыруды үйрету.1,5 – 2 м арақашықтықтан кегльдерді қағып түсіру қабілеттерін дамыту.<br>**«Мерген» ойыны.**<br>Шарты:1,5 м қашықтықта қойылған шығыршық арасынан допты лақтыру. | **Мақсаты:**Әңгімені мәнерлеп оқып мазмұнын түсіндіру; Достық қатынасты бағалай білуге баулу; Достаса білуге,адал достыққа тәрбиелеу.<br>**Ойын: «Досыма сыйлық».** Тәрбиеші балаларды шеңбер бойына жинайды. Бір баланы ортаға шығарып, қимыл мен ым-ишара арқылы досына сыйлық сыйлауды ұсынады.<br>Қалған балалар оның қандай затты меңзеп тұрғанын табады | жыл мезгілдеріне байланысты жіктеу.<br>**ҚМ**<br>Бекіту. Сан мен санды сәйкестендіру.<br>Мақсаты:Санды заттың санымен сәйкестендіруге үйрету; кеңістіктегі қарым-қатынастар туралы түсінік қалыптастыру; заттар әртүрлі арақашықтықта орналасқан жағдайда топтарды теңестіру; балаларды 5 заттың арасындағы сәйкестікті табуға,оларды бес-бестен топтастыруға үйрету.<br>**«Сан және сан» ойыны**<br>Шарты:Тәрбиеші әр балаға 1-ден 5 –ке дейінгі сандарды үлестіреді. Тәрбиеші балаларға 1,2,3,4,5 зат бейнеленген карточкаларды кезек-кезек көрсетеді.Тәрбиеші белгілі бір карточканы көтерген кезде балалар соған сәйкес санды көтеруі тиіс. | **Д/о: «Қай мезгіл?»**<br>**Мақстаты:** Тәрбиеші жыл мезгілдерін сипаттап айтып береді. Балалар ойланып толық жауап береді.<br>**Музыка**<br>Ән тыңдау «Астана» Б.Бейсенова<br>Ән айту «Туған жер» Б.Бейсенова<br>«Қамшымен би»<br>Мақсаты: ән айту дағдыларын жетілдіру,музыкаға сай қозғалысты өзгерту, шапшаңдық пен ептілік танытуға үйрету,музыкаға қызығушылыққа ,елін сүюге тәрбиелеу.<br>**«Ән салған кім?» ойыны**<br>Шарты:Балалар шеңбер жасай жүріп әндетеді,сыр жақта теріс қарап отырған бала ән салған баланы атауы қажет.<br>**Аппликация**<br>Мерекелік жалаушалар<br>**Мақсаты:** 7 мамыр Ұландар мерекесі екенін түсіндіру. Үлгі бойынша жалауша жасауды үйрету. Желіммен,қайшымен тиянақты,таза жұмыс жасауға, тазалыққа, | арқылы көбелек секілді ұшып жүруге үйрету |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | әсемдікке, әрдайым көмектесуге дайын болуға тәрбиелеу.<br>**Қ/О: «Солдаттар»**<br>Мақсаты: Музыка әуенімен солдаттар секілді қимыл-қозғалыс жасауға үйрету.<br><br>**Музыка**<br>Ән тыңдау «Жаз» муз.Б.Ерзакович сөзі Ш.Ахметов<br>Ән айту «Балдырған» муз. А.Асанов сөзі Р.Архабаева<br>Музыкалық ырғақты қимыл : «Гүлдер биі»<br>Мақсаты: жаз мезгілі туралы түсініктерін жетілдіру,таныс ән,би қимылдарын қайталауға баулу, әнді көңілді,жеңіл айтуға дағдыландыру.<br>**«Бұл қай кезде болады?» ойыны**<br>Шарты: жыл мезгілі туралы шығарманы тыңдап.суреттен көрсету. | |